Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**БЕКІТЕМІН**

**Директор** ________ **Н.Ахат**

**2022ж.** ___қантар___ «_16_»

# Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК өзін-өзі бағалау ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**КӨКШЕТАУ - 2022**

# Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1. **Білім беру ұйымының толық атауы:** Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):** Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Боровской м/а, 76.

3. **Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):** 8 (716) 2 32-92-42, 8 (716) 2 72-13-45, kazped@mail.ru, http://pt0004.kokshetau.aqmoedu.kz/

4. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):** Ахат Нұртас Ахатұлы – білімі: жоғары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, заңгер, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан ПҒА академигі

*Қосымша 1. Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмес)*

5. **Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):**
*Қосымша 2. Жарғы;*
*Қосымша 3. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы;*
*Қосымша 4. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт;*
*Қосымша 5. МКҚК атауын өзгерту туралы Қаулы;*
*Қосымша 6. Колледждің техникалық паспорты;*
*Қосымша 7.Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама.*

6. **Рұқсат беру құжаттары:**
*Қосымша 8. Білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша*

*Домендік атау: http://kazped.edu.kz/*

# 1. Колледждің жалпы сипаттамасы

Ж.Мусин атындағы қазақ педагогика колледжі 1990 жылы Қазақ ССР-і Халыққа білім беру министрлігінің «Көкшетау қаласында қазақ тілінде оқытылатын педагогикалық училище ашу» туралы № 341 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

Ақмола облысы білім басқармасының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы № 312 бұйрығымен Педагогикалық училище Көкшетау қазақ педагогикалық колледжі деп қайта аталды.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру» қаулысына орай оқу орнына белгілі жазушы, журналист Жанайдар Баймұрзаұлы Мусиннің есімі берілді.

2000 жылдың 1 қаңтарынан колледждің меншік түрі – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бағдарламалар администраторы – Ақмола облысының білім басқармасы.

2008 жылы 16 шілдеде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №1223-1902-МК куәлігі алынды, заңды ұйымның атауы: Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Көкшетау қаласы, (қазақ тілінде оқытылатын) Ж.Мусин атындағы педагогика колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

2017 жылдың 17-мамырында Ақмола облысы әкімінің А-5/208 қаулысымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып атауы өзгертілді.

Бүгінгі таңда Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде 7 мамандық, 15 біліктілік бойынша педагог мамандар даярлауда:

1. 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту:

3W01120101 Тәрбиешінің көмекшісі

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі

5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры

2. 01130100 Логопедия:

5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры

3. 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4. 01140200 Музыкалық білім беру:

4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі

5. 01140500 Дене тәрбиесі және спорт:

4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі

5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры

6. 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі

5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

7. 01140700 Информатика

4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі – бәсекеге қабілетті сапалы педагог кадрларды даярлауда Республикаға белгілі оқу орны. Колледж – Қазақстан Республикасының білім беру нарығындағы педагогикалық кадрларды даярлауда көшбасшылыққа, қарқынды түрде даму үстіндегі материалдық-техникалық базаға, заманауи оқыту түрлерін енгізуде инновацияларды қолданатын алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен белсенді және тең құқылы серіктестікке, оқытушылардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттырудың дамыту жүйесіне ие оқу мекемесі. Колледж ұсынатын кәсіби білім беру қызметтері студенттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады.

Колледждің білім саласындағы қызметінің негізгі **мақсаты** – тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің алға қойған міндеттері мен талаптарына, сұраныстарына және күтетін нәтижелеріне сай келетін жоғары деңгейдегі білікті кәсіби мамандар даярлау, білім беру қызметін көрсету нарығындағы бәсекелестікке сай болу және перспективалық дамуды нығайту.

**Колледж миссиясы** – кәсіби құзыретті, тұлғалық үйлесімді дамыған, қоғамның әлеуметтік, этикалық, мәдени, экологиялық аспектідегі мәселелерін қоя білетін және шеше алатын, жауапкершілігі мол қызметкер бола алатын, ұжымға тез бейімделетін және бәсеке шарттары негізінде жұмыс істейтін азаматты тәрбиелеуді қалыптастыруға барынша мүмкіндік туғызу. Колледж «ашық жүйе» принципінің негізінде белсенді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты, сонымен қатар халықаралық білім беру ұйымдарымен, кәсіби қауымдастықтармен қарым-қатынасты жүзеге асыруды басшылыққа алады.

2021-2022 оқу жылында колледжде күндізгі бөлімде 1119 студент білім алуда, оның ішінде: 1060 күндізгі, 59 сырттай оқу бөлімінде және 931 – бюджеттік негізде, 82 – ақылы негізінде.

**Студенттер контингенті туралы салыстырмалы мәлімет:**




Еліміздің білім саласына кәсіби құзіретті маман дайындау, кәсіптік білім берудің мазмұны мен формасына жаңашыл өзгерістер енгізу, сапалы білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық жағдайы жетілдіріліп, дәрісханалар, зертханалардың оқу-әдістемелік, дидактикалық кешендері заман талабына сай толықтырылды.

Қазіргі кезде колледжде жалпы 24 дәрісхана, 5 компьютерлік дәрісхана, 14 жеке әуез дәрісханалары, би және спорт залы, тир, тренажер залы, релаксация және дауыс жазу студиясы, баспахана, асхана, электрондық-ресурстық кітапхана және көпфункциялы конференц зал жұмыс істеуде. Колледждегі барлық техниканы біріктіруге локальді желіні орнату үшін сервер қойылып, колледждегі барлық компьютерлер локальді желіге қосылған. Локальді желі колледжде көптеген білім саласына арналған маңызды жұмыстарды тиімді іске асыруға көмектеседі. Осы желіні пайдалана отыра колледж дәрісханаларында 34 IP-камералары орнатылды, сонымен қатар оқу процесінің мониторинг жүйесі өте сапалы жұмыс атқаруда.

Конференц-залдың мүмкіншілігі: Конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында тікелей қарым-қатынас орнатылады. Конференц жүйесі көмегімен әрбір қатысушы микрофон арқылы сұхбат жүргізе алады. Үш тілде конференция жүргізілгенде, ілеспе аударылым жасалады. Басқа колледждермен және шетелдегі оқу орындарымен тікелей байланыс жасалады. Бұл желіні ары қарай дамыту мақсатында колледжде кеңжолақты интернет желісі пайдаланылуда және интернет желісі серверлік компьютер арқылы басқарылады. Желі арқылы жүргізілетін бағдарламалар орнатылған.

Олар:

1. «Vypress Chat» чат бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы колледж әкімшілігі құжаттарды желі арқылы жедел алмасады және хабарласа алады;

2. «Кабис» кітапханаға арналған автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі;

3. Оқу процесінің мониторинг жүйесі – бұл жүйе арқылы колледж директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың ғылыми инновация жұмысы бойынша орынбасары, оқу жымысының меңгерушісі, бөлім меңгерушілері колледждің әр дәрісханасын бейне камералар арқылы қадағалайды;

5. Локальді жүйе арқылы тестік бағдарлама бойынша студенттердің кез келген пәннен білім сапасы қадағаланады;

6.Колледж желісі қауіпсіздігін қадағалау үшін сервер арқылы басқарылатын антивирус жүйесі орнатылған.

Оқу үрдісінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар, электрондық оқулықтар, мультимедиалық, лингафондық құралдары кеңінен қолданылуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасының міндеттеріне сай колледжде білім берудегі менеджмент жетілдіріліп, оқу үрдісі автоматтандырылған. Ақпарат дамудың деңгейін анықтайтын ресурсқа айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару - жоғары дамудың қажетті шарты болып табылады. Колледжде жедел басқару, менеджментті жетілдіру, электрондық құжат айналымын іске асыру мақсатында локальдік жүйе (арнайы чат), ішкі радио желілері қосылып, тиімді пайдаланылуда. 2011 жылдан бастап колледжде оқу процесін мониторинглеудің электрондық жүйесі іске қосылған (ОПМЖ), бұл жүйе арқылы колледж директоры, директор орынбасарлары, колледж әдіскері әр дәрісхананы камералар арқылы қадағалауға мүмкіндік алады. Колледжде көп функциялы конференц-залы іске қосылған, конференц-зал мүмкіншілігі: конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында қарым-қатынас орнатылады. Конференц жүйесі көмегімен әрбір қатысушы микрофон арқылы сұхбат жүргізе алады. Үш тілде конференция жүргізілгенде, ілеспе аударма жасалады. Республикамыздың және шетелдік оқу орындарымен тікелей байланыс жасай алынады.

Бәсекеге қабілеттілікті көтеру мақсатында 2019-2020 оқу жылында колледж **ISO 9001:2015/ ҚР СТ ISO 9001-2016** ұлттық стандартының сапа менеджменті жүйесін енгізіп, сәйкестік сертификатына ие болды (*сәйкестік сертификаты қоса беріледі*). Колледждің барлық қызметінің құрылымын сапа стандартына сәйкестендіру барысында ішкі ережелер, лауазымдық нұсқаулар, іс құжаттары толығымен қайта қаралып, жетілдірілді. Сапа менеджмент жүйесін енгізу білім беруді басқарудың отандық, әлемдік тәжірибелердегі озық менеджментін игеруді іске асыруға мүмкіндік береді.

## 2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар:

### 1) Білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі.

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК соңғы жеті жылғы кәсіби білім нарығында өз қызметін төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 205 Жарлығының негізінде 2016 жылдың 28-сәуіріндегі №4 Педагогикалық кеңесінде «Көкшетау қаласы, (қазақ тілінде оқытылатын) Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі» МКҚК-ның 2016-2019 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы талқыланып бекітілді.

2. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді дамыту бағдарламасының негізінде «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК –да білім мен ғылымды дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 988 қаулысына сәйкес колледждің 2020 жылдың 20-қаңтардағы №4 педагогикалық кеңесінің  хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК –да білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді.

4. Биылғы оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасының негізінде 2021 жылдың 19-қарашасындағы №3 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» ұлттық жобасына сай 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді (*стратегиялық бағдарлама қоса беріледі*).

*Қосымша 9. Колледждің стратегиялық даму бағдарламасы*

**Бағдарламаның мақсаты:**

1. Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру;
2. Колледжде отандық және әлемдік білім берудің бәсекелестікке сәйкес келетін жүйесін енгізуді жаңа деңгейге көтеру;
3. Білім мен ғылымды ұштастыруда педагогикалық ұжымның әлеуетін көтеру;
4. Білім алушыға бағытталған әлеуметтендіру жүйесін жаңа сапаға көтеру.

Колледждің стратегиялық даму бағдарламасы негізінде әр оқу жылына кешенді жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, колледж басшысы бекітеді. Әр оқу жылының соңғы педагогикалық кеңес отырысында кешенді білім бағдарламасының орындалуы жөнінде есептер тыңдалады, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, педагогикалық практика, тәрбие жоспарының орындалуы, ғылыми-инновациялық жұмыстардың орындалуы қаралады. Сонымен қатар келесі оқу жылына колледж ұжымының ғылыми-әдістемелік тақырыбы талқыланып, бекітіледі. Биылғы оқу жылының тақырыбы «ҚР техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының академиялық еркіндік негізінде кредиттік-модульдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жолдары».

Кешенді жұмыс жоспарынан бағыттар бойынша айлық жоспарлар жасалып, жүзеге асырылады. Кешенді жылдық жоспар мазмұнына:

- өткен оқу жылдың мақсаттық индикаторлар нәтижесі мен атқарылған жұмыстардың SWOT-талдамасы;
- колледж кеңестерінің жоспарлары;
- білім стандарты мен оқу бағдарламаларын іске асыру;
- кәсіби бағдар беру және әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс;
- ғылыми-әдіснамалық және инновациялық жұмыс;
- білім алушыларға арналған рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;
- «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары:
- ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001:2016 стандарттары бойынша колледждегі жүйелілік менеджменті;
- әр жыл бойынша колледжді бітірушілер туралы статистикалық мәлімет енеді *(жылдық жоспарлардың көшірмелері қоса беріледі).*

*Қосымша 10. 2017-2018 оқу жылының жылдық жоспары;*
*Қосымша 11. 2018-2019 оқу жылының жылдық жоспары;*
*Қосымша 12. 2019-2020 оқу жылының жылдық жоспары;*
*Қосымша 13. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары;*
*Қосымша 14. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары.*

## Тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау

Студенттердің кәсіби білім алу барысында жан-жақты, креативті, құзыретті маман, тәрбиелі, өнегелі, белсенді, толерантты тұлға ретінде қалыптасуы үшін оқу орны тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, тиісті жағдайлар жасалады. Тұлғаны қалыптастыру мақсатында білім алушылардың әлеуметтік құзіреттілігін дамыту арнайы құрылымдық бағыттар арқылы жүзеге асырылады. Колледж табалдырығын алғаш аттаған жеткіншекке құрылым жұмыстары жайлы жан-жақты ақпараттар беріледі. Анықталған құрылым бағыттары арқылы әр студент төмендегідей құндылықтарды бойына сіңіреді: қоғам дамуына бейімделуі, өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын игеруі, коммуникативтік құзіреттілігінің қалыптасуы. Студенттердің әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке интеллектуалды тұлға ретінде қалыптастыру.




Болашақ педагог мамандардың адамгершілік болмысының жоғары дәрежеде қалыптасып, колледж абыройын асқақтатуға үлес қосуына ықпал ету мақсатында колледжде білім алушы ер балалар мен қыз балалардың ар-намыс кодексі қабылданды (2021 жыл 28 маусым, №5 педагогикалық кеңес қаулысы) Кодекс мазмұнында студенттердің қоғамның рухани құндылықтарының сабақтастығы мен экономиканың өркендеуін қамтамасыз ететін өз Отанының патриоты, елінің тарихы мен мәдениетін және ғылымдағы, әдебиеттегі, өнердегі жетістіктерін білетін жоғары білімді зиялы тұлға ретінде қалыптасып, ұлтжандылық, өз мемлекетін сүю және өз халқы үшін аянбай еңбек ету, ұлттық

идеологияны қастерлеу, сонымен қатар, басқа ұлт өкілдеріне құрметпен қарап, толеранттылықтың жоғары үлгісін көрсетуге жауапты екендігі міндеттеледі.

Студенттердің ар-намыс кодексі, оның принциптерін және ережелерін барлық студенттердің білуі, орындауы мақсатында I курсқа қабылданған студенттер арнайы танысып, танысу журналына тіркеледі. Колледж кодекстері 2021 жылдың 28 маусымында өткен №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша жаңартылып бекітілді.

*Қосымша 15. Колледж кодекстерінің көшірмесі.*

Қазақстан Республикасы Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңына және колледждің Жарғысына сәйкес әзірленген Ішкі еңбек тәртібінің талаптарын мүлтіксіз орындау студенттерге міндеттеледі және бұл ережелермен де танысқандығы арнайы танысу журналына тіркеледі. Ішкі еңбек тәртібінде колледж студенттердің міндеттері мен құқықтары, білім алушыларға қатысты жаза қолдану және марапаттау ережелері берілген.

*Қосымша 16. Колледждің ішкі тәртіп Ережесінің көшірмесі.*

Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары жайлы” Заңының 15-тарауының “Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы жатақханалардан тұрғын үй-жай беру тәртібі” атты 112-шы бабына, сонымен қатар, ҚР “Білім туралы” Заңы, Колледждің Жарғысы мен өзге де құқықтық-нормативті құжаттарға сай әр оқу жылының басында «Жатақханада тұру ережесі» бекітіледі, ережеде студенттердің жатақханаға орналасу, тұру және шығару мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері де көрсетілген. Студенттер оқу жылының басында «Жатақханада тұру ережесімен» міндетті түрде таныстырылады.

*Қосымша 17. Студенттердің жатақханада тұру Ережесінің көшірмесі.*

Колледжде білім алушы студенттердің тарапынан түскен ұсыныстарға арналған сенім жәшігі оқу ғимараты мен жатақхананың I қабатында орналастырылған. Студенттер тарапынан түскен ұсыныстар Жастар комитеті мен студенттік кеңес отырысында қаралады да әкімшілікке жеткізіледі.

Колледждің материалдық-техникалық базасы студенттердің барлық сұраныстарын қанағаттандыратындай қызмет атқаруда. Студенттерге арналған жатақхана 360 орынмен қамтылған, медициналық көмек көрсету мақсатында медициналық қызмет көрсету кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, колледж базасында 270 м$^2$ көлемді спорт зал барлық керекті құрал жабдықтармен қамтылған. Атап айтқанда, күрес залы, тренажер залы, тир, шаңғы базасы, туристік құрал жабдықтар, қысқы және жазғы спорт киімдермен толығымен қамтылған.

«Жан сыры» әлеуметтік-психологиялық орталығы, «Таным» релаксациялық кабинеті студент-жастарға психологиялық қолдау көрсетумен қатар, тұлғаның сапалық дамуына бағыт-бағдар береді. I курсқа қабылданған студенттердің психологиялық дамуын зерттеу бағытында арнайы тестілеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік-психологиялық тренингтер жоғары курс студенттерімен де өтілуде. Тест жұмыстарының қорытындысы бойынша әр студентпен жекелеген жұмыстар жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Арнайы құрылған кестеге сәйкес топтарда достық, төзімділік, елжандылық, адами құндылықтарды бағалауға арналған тренингтер, тимбилдинг, арт-терапия жұмыстары өткізіледі. Студенттеріміз кез келген уақытта әлеуметтік психолог тарапынан психологиялық көмекке жүгіне алады.

*Қосымша 18. Психологтың жылдық жоспарларының, өткізілген іс-шараларының әзірлемелері;*

*Қосымша 19. Психологтың психологиялық қолдау мақсатында жеке әңгімелесуге, кеңес беруге арналған журналдары.*

Колледжде студентке бағытталған сапалы кәсіптік білім беруде оқытушылардың өнімді жұмыс атқаруына жағдай жасау мақсатында ұстаздар қауымымен колледж студенттеріне арналған Емдік дене массажы мен «Open room» демалыс аймағы және тренажер залы мен «Energy» фитнес орталығы жұмыс істейді.

Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру барысында салтанат залы (202,5 $м^2$) және хореография залы (120 $м^2$) жұмыс істейді. Студенттердің қызығушылықтарына жауап беретіндей факультатив, элективті клубтар мен секциялар жұмыс атқаруда.

Колледждің жатақхана ғимаратында орналасқан медициналық қызмет көрсету кабинеті бар. Медицина қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы, шұғыл медициналық көмек көрсету сияқты жұмыстарды орындап, студенттердің денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттер денсаулығын нығайту жұмыстарын жүргізеді. Медицина қызметкерлері және қалалық «Панацея» студенттік емханасының дәрігерлерімен жыл сайын бірінші курс студенттеріне медициналық тексеріс (бойын, салмағын, артериалдық қысымын өлшеу, стоматолог, дерматолог, гинеколог және терапевт тексерісі) жүргізеді. Студенттің ауруға шалдығуы анықталған жағдайда қалалық емханада тексерістен өтіп, амбулаторлық не стационарлық жағдайда ем қабылдайды. Студенттер қалалық емхана қабырғасында медициналық тексерістен өтіп, тексеріс нәтижелері медициналық кітапшаға тіркеледі. Колледж қызметкерлерімен студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында физио аппараттары қолданылады (ультразвуковой ингалятор, облучатель ультрафиолетовый стационарный для верхних дыхательных путей и полости уха, алмаг, магнитотерапии, амплипульс). Студенттердің денсаулығына байланысты жіті қадағалау мақсатында медициналық кабинетте арнайы оқшаулау бөлмесі бар және процедуралық кабинеттен ем қабылдауға жағдайлар жасалған.

Колледж жатақханасы оқу ғимаратының жанында орналасқан. Студенттерге арналған орын саны – 360. Жатақханаға келісімшарт бойынша орналастыру жұмыстары жүргізіледі. Жатақхана іші секциялық (отбасылық) типте жасалған. Яғни әр секцияда 2 немесе 3 бөлме, дәретхана, жуынатын бөлме және ас дайындау бөлмесі бар. Жатақханаға 2012 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Әр секция электроплита, тоңазытқыш, асхана жиһазы және бөлмелік жиһаздармен толық қамтамасыз етілген.

Жатақханаға студенттерді орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырындағы № 215 бұйрығының «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары» атты 1-қосымшасы және "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты негізінде жүзеге асырылады. Жатақханада тұратын студенттер колледждің «Жатақхананың ішкі тәртібіне» және «Жатақхана тұрғындарының міндеттері мен құқықтары туралы ережесімен» таныстырылады.

Колледжде білім алатын студенттерге барлық жағынан қолдау жасау көзделген. Соның бірі – әлеуметтік жағынан аз қамтылған студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету. Құрамына колледж оқытушылары мен қызметкерлер, ата-аналар, әлеуметтік серіктестер және студенттер енгізілген Қамқоршылық кеңесінің жұмысының негізгі бағытының бірі – әлеуметтік аз қамтылған ақылы негізде білім алатын студенттерді қолдау. Осыған сәйкес, «Ақылы негізде білім алатын студенттерге жеңілдік беру» туралы ереже қабылданды. Аталған ереже ҚР «Білім туралы» Заңына, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес колледжде білім алатын оқу үлгерімі жоғары, шығармашылық, спорттық жарыстардың жеңімпазы саналатын дарынды жастарды қолдау, әлеуметтік тұрмысы төмен студенттерді әлеуметтік қорғауды ары қарай дамыту мен жетілдіру үшін қолданылады.

*Қосымша 20. Ақылы негізде білім алатын студенттерге жеңілдік беру туралы ереже.*

Колледж студенттеріне әлеуметтік қолдау көрсету механизмін жетілдіру барысында ақылы негізде білім алатын, отбасындағы тұрмыстық деңгейі төмен студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарта отырып, үздік білім нәтижесін көрсеткен, түрлі сайыстардың жеңімпазы атанған ақылы оқу негізінде білім алатын студенттерге жеңілдік жасалады.

Әлеуметтік категорияға жататын, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан, я болмаса ата-анасының екеуі де мүгедек немесе ата-анасы жұмыссыз, көп балалы отбасынан шыққан студенттерге егер оқу үлгерімі жақсы не өте жақсы болған жағдайда оқу төлемақысына жеңілдік беріледі. II, III топтағы мүгедек студенттерге жатақханаға кезексіз орналасуға мүмкіндік беріледі.

Ақылы топтағы студенттерге оқу төлемақысына жеңілдік жасау және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге әлеуметтік көмек көрсету қаражаты колледждің арнайы есеп шотынан құралған қамқоршылық кеңес қаражатынан іске асырылады.

Колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы № 355 бұйрығы негізінде «Қамқоршылық кеңесі» жұмыс істейді. Кеңес мүшелерінің алдында колледж директорының орынбасарлары қаржылық, шаруашылық, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жайлы есеп береді. Ата-аналар, жастар комитеті тарапынан түскен өтініш, тілектер осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып, шешімін табады.

Аталған категорияға жататын студенттерге жеңілдік беру мәселесі қамқоршылық кеңес отырысында қаралады. Кеңес мүшелерінің алдында колледж директоры қаржылық, шаруашылық, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жайлы есеп береді. Ата-аналар, жастар комитеті тарапынан түскен өтініш, тілектер осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып, шешімін табады. 2018-2022 жылдар аралығында қамқоршылық кеңес шешімі бойынша көптеген студенттерге әлеуметтік қолдау көрсетіліп, оқу ақысы бойынша жеңілдіктер бойынша көмек көрсетілді.

Студенттердің қолдау қызметін жыл сайын жақсарту колледждің стратегиялық жоспарында мақсат етілген. Мәселен, жатақханаға 2012 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, әр секцияға электроплита, тоңазытқыш, асхана жиһазы және шифоньер қойылды. Барлық қабаттардағы фойелерде демалыс орны үшін жұмсақ жиһазбен жабдықталып, теледидар орнатылды. Жатақхана тәрбиешілері жылдық жұмыс жоспары негізінде студенттермен жүйелі жұмыс атқарады.

*Қосымша 21. 2017-2022 ж. аралығындағы жатақхана тәрбиешісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралар.*

Жатақхананың I қабатында және әр секцияда жуынуға арналған душ бөлмесі жұмыс істейді және кір жууға арналған бөлмеде студенттердің төсек – орны жабдықтарын жуу қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, жатақханада ыстық сумен қамту жүйесі іске қосылған. Әлеуметтік педагог бөлмесі жайлы орын ретінде жабдықталды, медициналық қызмет көрсету орталығына заманауи медициналық физио аппараттары (ингалятор ультразвуковой, облучатель ультрафиолетовый стационарный для верхних дыхательных путей и полости уха, алмаг, магнитотерапии, амплипульс) орнатылып, іске қосылды *Қосымша 22. 2017-2022 жылдарға арналған медициналық қызмет көрсету пункітінің жұмысы жоспары.*

## Білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету

Талапкерлерге болашақ кәсіпті таңдауда көмек көрсету мақсатында еңбек нарығында сұранысқа ие педагогикалық мамандықтардың мүмкіндіктерін зерделеуге кәсіби бағыт беру жұмыстары ұйымдастырылады. Кәсіптік білім беруде жұмыс берушілердің сұранысын бағдарлай отырып әрекет етуге бейімделуде білім беру мекемелерімен оқу орнымыз үнемі тығыз байланыста.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік

ұсынымдардың негізінде 2017-2022 жылдар аралығында кәсіби бағдар беру жұмыстары атқарылады.

**Кәсіби бағдар беру жұмысының мақсаты:** болашақ мамандардың кәсіптік теориялық оқу кезінде алған білімдерін өндірістік практика барысында инновациялық-педагогикалық технологиялар арқылы жүзеге асыра білу, сонымен қатар әлеуметтік серіктестіктермен қарым-қатынасты нығайту. Кәсіби бағдар беру жұмыстары төмендегідей қызмет атқарады:

1. Ұйымдастыру қызметі;
2. Тәжірибе жинақтаушылармен жұмыс;
3. Практика әдіскерлерімен атқаратын қызмет;
4. Әлеуметтік серіктестіктермен байланыс;
5.WorldSkills чемпионаты бойынша құзіреттілік;
6. Жұмысқа орналастыру және түлектер орталығы нәтижесі;
7.Кәсіби бағдар беру жұмыстары.




Кәсіби бағдарлау – тәрбие беру және білім беру әсерлерінің жиынтығы, оның мақсаты таңдау жасау кезінде және саналықпен қамтамасыз ету болып табылады, тұлғаның бейімділігі мен қабілеттерін максималды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жиынтық.

**Міндеттері:**

1. Жалпы білім беретін мектептер мен колледждің қызметін үйлестіру;
2. Кәсіби бағдар беру жұмысының ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік негіздерін әзірлеу;
3. Кәсіби диагностикалаудың прогрессивтік әдістемелерін бейімдеу/әзірлеу;
4. Кәсіби бағдар беру жұмысына инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізу;
5. Кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Болашақ мамандарды даярлайтын Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі облыстық және қалалық мектептердің түлектерімен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын нәтижелі қамту мақсатында 2019 жылы кәсіптік бағдар тұжырымдамасы жасалды (кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасы қоса беріледі).

*Қосымша 23.Кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасы;*

*Қосымша 24. Колледждің кәсіптік бағдар жұмысы бойынша жоспарлары;*

*Қосымша 25. Кәсіптік бағдар жұмысы бойынша колледж жетістіктері.*




Колледжде өткізілетін «Ашық есік» күндері жастарға болашақ мамандықты таңдауға, сондай-ақ ата-аналарын біздің колледж қабырғасында білім алу жағдайларымен таныстыруға көмектеседі. Колледжде өткізілетін ашық есік күндері туралы мектеп түлектерін бұқаралық ақпарат құралдарымен хабардар етіледі, сонымен қатар білім беру бөлімдерінің ықпал етуімен қаланың жалпы білім беру мектептерінің бітіруші сыныптарына колледж оқытушыларының тарапынан мектептерге ақпарат береді. Колледждегі «Ашық есік» күндеріне үлкен дайындық жұмыстары жүргізіледі. Талапкерлермен студент – еріктілер жұмыс жасайды, оларға колледждің тарихы туралы, оның дәстүрлері, колледжде өткізілетін тәрбие жұмысы мен түрлі шаралар туралы мәлімет беріледі. Бөлім меңгерушілері колледж өз түлектерін дайындайтын мамандықтар туралы айтады. Мектеп түлектері және олардың ата-аналары өздерін қызықтырған сұрақтар қояды, колледжге оқуға қабылдау тәртібі туралы ақпаратты анықтайды, колледждің оқу үдерісі, жатақханаға орналасу жағдайы туралы мәлімет алады.




Оқу орнының «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Дене тәрбиесі және спорт», «Бастауыш білім беру», «Негізгі орта білім беру», «Музыкалық білім беру» мамандықтары бойынша әр бөлімнің жеке кәсіби бағдар жұмысы бекітіліп, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары мектептері бойынша «Ашық есік» күндері өткізілді.

2018 жылдан бастап алғаш рет Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық форумы ұйымдастырылып келеді. Соңғы үш жыл ішінде жоғарыдағы аталымдар бойынша Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтсақ, 2018 жылы Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» I облыстық форумда «Үздік сценарий» номинациясы бойынша Мұқышева Қаракөз Серікқызы, «Үздік эссе» бойынша колледж студенті Егінбаева Жансая, «Үздік өлең» номинациясы бойынша Секел Жанарбек қатысып, жүлделі I, II орындарға ие болды. 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде білім алушылар мен педагогтарды бірлескен қоғамдық-маңызды кәсіби бағдарға



тарту мақсатында Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында қараша айында «Мамандықтар әлемін ашамыз» атты сырттай III облыстық форумында «Үздік кәсіби бағдар беруші» номинациясы бойынша колледжіміздің оқытушысы Қажақпар Әйгерім Ермекқызы I орын, «Үздік кәсіптік бағдарлау жобасы» номинациясы бойынша Мұқышева Қаракөз Серікқызы, Лекер Толғанай Нұрбекқызы, Абдрахманова Салтанат Таубайқызы I орын және Халел Гүлден Тұрлыбекқызы, Әмірова Сағира Абзалқызы «Мамандықтар автобусы» номинациясы бойынша оқу орнымыз жүлделі I орынды иеленді.




2021 жылы Ақмола облысында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында жыл сайынғы «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумы өтті. Кәсіптік бағдар беру мақсатында өткізілген форумда «Үздік кәсіби бағдар беруші», «Үздік кәсіби бағдар беру жобасы», «Мамандықтар автобусы» жобасын іске асырғаны үшін» номинациялары бойынша конкурстар ұйымдастырылды. «Үздік кәсіби бағдар беруші» номинациясы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Ташенова Айжан Қадырбаевна II орынды еншіледі. «Үздік кәсіптік бағдарлау жобасы» номинациясы бойынша Абиева Камила Койшыбаевна, Меңдібаева Айжанар Нұрланқызы және Балдыкова Гүлден Тұрлыбекқызы арнайы мадақтамаға ие болды. Сондай-ақ «Мамандықтар автобусы» жобасының бағыттарын іске асырғаны үшін» номинациясы бойынша II дәрежелі Дипломмен Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі марапатталды.







Кәсіптік бағдар беру жоспарына сәйкес Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде барлық мамандықтар бөлімінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларының мамандықты дұрыс таңдау жасауына бағыт беру мақсатында ZOOM платформасы арқылы онлайн конференциялар ұйымдастырылады. Бейнефильмдер көрсетіліп, колледж мамандықтары мен біліктіліктері бойынша толық ақпарат ұсынылады. Тәрбие жұмысы негізінде ұйымдастырылатын элективті курстар, үйірмелер туралы мағлұматтар беріледі. Кері байланыс орнатылып, оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алады (4s01140701-«Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» - поиск Яндекса по видео (yandex.kz).

2021 жылдан бастап алғаш рет Ақмола облысында коллледж студенттері арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының облыстық кезеңі ұйымдастырылды. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен

экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру. Форумның міндеті: өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру. Форумның «Осындай мамандық бар», «Мамандықты таңдайтын уақыт», «Мен - мамандықтар әлемінде» номинациялары бойынша 1 курс студенттері қатысып, диплом, грамоталарға ие болды. «Мамандықты таңдайтын уақыт» номициясы бойынша филология бөлімінің 1 курс студенті Жұмабекқызы Гүлнұр республикалық кезеңге өтіп, арнайы сертификатқа ие болды.

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде 2021 жылдың 27, 28 мамыр күндері қабылдау комиссиясының ұйымдастыруымен «Мамандық таңдау – маңызды қадам» атты онлайн ашық есік күні өткізілді. Онлайн ашық есік күнін өткізудің мақсаты – талапкерлер мен ата-аналарға қашықтықтан колледждің тарихы, үйірме жұмыстары, мамандықтар бойынша толық ақпарат беру және қабылдау тәртібі мен ережесін түсіндіру болды. Ашық есік күніне қатысу үшін талапкерлер инстаграм желісіндегі @VKPK_OFFICIAL парақшасына тіркеліп, тікелей байланысқа шықты. Ақмола облысы бойынша және Көкшетау қаласының мектеп оқушылары қатысып, белсенділік танытты Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде ағымдағы жылдың 25 маусымында қабылдау комиссиясы ашылды. 2021-2022 оқу жылына 9-сынып негізінде бюджеттік топтарға 01120100 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 01140100 – «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», 01140200 – «Музыкалық білім беру», 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт», 01140600 – «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» яғни 4S01140601 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі», 4S01140605 - «Шетел тілі мұғалімі», 01140700 – «Информатика» мамандықтарына, 11-сыныптан кейін мемлекеттік тапсырыс (бюджет) негізінде 5AB01120101 - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры», 5AB01130101 - «Логопед қолданбалы бакалавры», 5AB01140101 - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры», 5AB01140301 - «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры», 5AB01140303 - «Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры», 5AB01140401 - «Информатика қолданбалы бакалавры» мамандықтарына талапкерлерді оқуға қабылдады.

Кәсіби бағдар беру жоспары бойынша қала мектептеріне бөлінген жауапты кураторлар мектеп оқушылары және ата-аналармен жұмыс атқарды. Музыка бөлімі тарапынан Көкшетау қаласының, 9-11-сынып оқушылары арасында «Өнерлі өрендер» атты облыстық көркемөнерпаздар байқауы, филология бөлімі «Халқын сүйген қаламгер» қалалық көөркемсөз оқу шеберлерінің байқауы, информатика бөлімінен «Инфо-бинго» қалалық қашықтықтан интернет байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сәуір

айында колледжде «Бұл – біздің таңдау» ашық күні өткізіліп, қала мектептерінен 130 оқушы қатысты.

2017-2021 оқу жылдар аралығында Ақмола облысы бойынша аудандық білім бөлім, мектептермен бекітілген бөлімдердің тізбесі төменде көрсетілген (кесте 1):

**Кесте 1. Ақмола облысы бойынша аудандық білім бөлімі, мектептермен бекітілген бөлімдер (2017-2021 оқу жылы)**

| Р/с | Аудандық білім бөлімі | Телефон | Электрондық поштасы | Жауапты бөлім |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | **"Аққөл аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8(716) 38 2-09-54 | akkoloo@aqmoedu.kz | **Музыка бөлімі** |
| **2.** | **"Атбасар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8-71643-2-42-72 | Atbasar_roo@mail.ru ooatb@mail.ru | **Музыка бөлімі** |
| **3.** | **«Аршалы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі** | 8/7164451182 8764422489 | arshalyoo@aqmoedu.kz | **Музыка бөлімі** |
| **4.** | **"Астрахан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8-716-41-2-36-35 (ф) | roo_plan2006@mail.ru | **Бастауыш мектеп** |
| **5.** | **"Бұланды ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8 (71646)2-12-52 2-25-44 | bulandyroo@aqmoedu.gov.kz | Мектепке дейінгі бөлім |
| **6.** | **«Бурабай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі** | 8(716)3621444 (79044 | schmetod@mail.ru | Информатика бөлімі |
| **7.** | **"Біржансал аудандық білім бөлімі"мемлекеттік мекемесі** | 87163321664, 87163324411 | birzhansaloo@aqmoedu.kz | Ағылшын |
| **8.** | **"Ерейментау ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 87163321779, 87163321664 | ereimentauoo@aqmoedu.kz | Ағылшын |
| **9.** | **"Есіл аудандық білім беру бөлімі"мемлекеттік мекемесі** | 87 (716) 472-1486 87164721569 | Esil_oo1@mail.ru | Бастауыш мектеп |
| **10.** | **«Егіндікөл аудандық білім бөлімі» мемелекеттік мекемесі** | 8(71642)21351 | egyndykoloo@akmoedu.kz | Информатика бөлімі |
| **11.** | **Жарқайын ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 87164891591 | jark4-obr@mail.ru zharkainoo@akmoedu.kz | Дене мәдениеті бөлімі |
| **12.** | **"Жақсы ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8(716)35-21-1-03 21-7-04(факс) 79077 | zhaksioo@akmoedu.kz zhaksyoo@aqmoedu.kz | Ағылшын бөлімі |
| **13.** | **Зеренді ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | +7(71632)22-3-50, +7(71632)22-5-37 20097 | roo_zer@mail.ru | Мектепке дейінгі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **14.** | **Қорғалжын аудандық "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | (8716)37 22289 | korgalzhinoo@akmoedu.kz | Дене мәдениеті бөлімі |
| **15.** | **"Сандықтау ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8 (716) 40 9-17-01 92938 | sanroo_94@mail.ru sanroo94@mail.ru | Дене мәдениеті бөлімі |
| **16.** | **"Целиноград ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8 716 51 30 393 | zelinograd@mail.ru | Информатика бөлімі |
| **17.** | **Шортанды аудандық "Білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі** | 8(71631) 35170 | shortandy_roo@mail.ru shortandioo@akmoedu.kz | Филология бөлімі |
| **18.** | **«Степногор қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі** | 8(71645)61129 | stepnogorskoo@aqmoedu.kz | Филология бөлімі |
| **19** | **Көкшетау қалалық білім бөлімі** | +77162 253802 | kokshegoo@mail.ru | Бастауыш мектеп |

Шағын жинақталған мектептің беделін көтеру, педагог мамандарды бүгінгі өмірге бейімді және жаңа талапқа сай деңгейде даярлау, мектептің жұмысын жақсарту, оқу-тәрбие сапасын көтеру әлеуметтік-экономикалық әрі педагогикалық мәселе болып табылады. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның кешенді білім бағдарламасына шағын жинақталған мектептерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары енгізілген болатын.

Колледж директоры Ахат Нұртас Ахатұлының қолдауымен әр оқу жылына кешенді білім бағдарламасына шағын жинақталған мектептерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары енгізілген болатын. Меморандум бойынша өткізілген барлық семинарлар барысында шағын жинақталған мектептерге компьютер, әдістемелік дидактикалық материалдар, спорттық құрал-жабдықтар сыйға тартылды. Әдістемелік көмек беру мақсатында колледж тарапынан қаржы бөлінді. Колледж типографиясынан мектеп оқытушыларының дидактикалық материалдары жинақталып, шығарылды. Осы мақсатта 2017 жылдың 20 қазан күні Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты Айдарлы негізгі мектебі, Қошқарбай негізгі мектептерімен байланыс орнатуда ынтымақтастық меморандумы және арнайы жоспарына қол қойылды. Іс сапар кезінде аталмыш мектептердің материалдық-техникалық базасын аралап, мамандық таңдауға ықпал ету мақсатында мектептердің оқушыларына кәсіптік бағдар беру мәселелері таныстырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Бір апта қалада» жобасы негізінде «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» атты ауыл мектептерімен кездесу өткізілді, колледждің материалдық базасымен, әр мамандық бойынша таныстырылып, практикалық жұмыс жүргізілді (03.11.2017 ж.).

0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Айдарлы орта мектебінде бастауыш мектеп студенттері «Бастауыш сыныптар онкүндігіне» қатысып, 1-2 сыныптарға (10 оқушы) сыныптан тыс

жұмыс, 9-сыныпқа (6 оқушы) «Мамандық әлемінде» атты диспут жүргізілді, проспектілер таратылды.




Көкшетау қаласы №18 орта мектепте информатика бөлімінің оқытушылары мен студенттері «Робот техникасы: бүгіні мен болашағы» атты семинар өткізілді. Семинарға 8 сынып оқушылары (25 оқушы) қатысты. Осы іс-шара бойынша «Бұқпа» газетіне (№3, 18 қаңтар, 2018ж.) информатика бөлімінің оқытушысы А.Камалиден «Ұстаз – білім мен тәрбиенің негізі» атты мақаласы «Бұқпа» газетіне жарияланды.

2017 жылдың 16-25 қараша-желтоқсан аралығында Көкшетау қаласындағы № 1, № 2, М.Ғабдуллин атындағы №3 көптілде оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясы, № 4, № 5, № 10, №19, № 21 орта мектептерінде 2018-2019 оқу жылына кәсіптік бағдар беру, мектеп түлектерінің мамандықты дұрыс таңдау жасауына бағыт бағдар беру мақсатында «Ашық есік» күні ұйымдастырылды.



Туризм бойынша дене мәдениеті бөлімінің оқытушысы Е.Хамзин №16 орта мектепте оқушылармен үлгі сабақ жүргізді. Көкшетау қаласындағы ОСДЮШОР №2 кәсіптік бағдар бойынша 9-сынып оқушыларымен кездесу жүргізілді. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Д.Чебуранова дене мәдениеті бойынша жетістіктері аталып, проспектілер таратылды.

Мектепке дейінгі бөлім студенттері 06.02.2018 «Ертегілер әлеміне саяхат» атты «Арай» балабақшасындағы тәрбиеленушілерге қойылым қойды.

Кәсіби бағдар бойынша Көкшетау қаласындағы «№ 2 облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер



мектебі», Ақмола облысы, Бұланды ауданы, «Мамандандырылған Бұланды БЖСМ», Зеренді ауданы «Мамандандырылған Зеренді БЖСМ», Сандықтау ауданы «Мамандандырылған Сандықтау БЖСМ», Степногорск қаласындағы «Мамандандырылған Степногорск БЖСМ», Бурабай ауданы «Мамандандырылған Щучинск БЖСМ« және «Окжетпес» футбол клубы

мектеп әкімшілігіне, 9-сынып негізінде оқитын талантты оқушылар туралы мәлімет алу мақсатында хаттар жолданып, сараптама жүргізіліп отырды.

Колледжімізде музыка бөлімі «Өнерлі өрендер - 2018» облыстық көркемөнерпаздар байқауы өткізілді. Байқау 2 номинация бойынша 9-11 сыныптың мектеп оқушылары қатысты.

Колледжімізде филология бөлімі Көкшетау қаласындағы қала мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында журналист, қоғам қайраткері Жанайдар Баймырзаұлы Мусин атындағы қалалық көркемсөз оқу шебері дәстүрлі түрде өткізіледі.

2018 жылдың сәуір және мамыр аралығында информатика бөлімінің ұйымдастырылуымен оқу орнымызда жылдық жоспарға сәйкес кәсіби бағдар бойынша «Info - bingo» атты қашықтықтан интернет байқау өткізіледі. Қала мектептерінен келіп түскен жобалар саны – 11. Байқау кезеңдері: «Бағдарламалау», «Презентация», «Web-дизайн» номинациясы. Барлық атқарылған жұмыстар колледж сайтында жарияланып отырады.




Жыл сайын Көкшетау қаласының мектеп, балабақша, спорт мектептері, жазғы сауықтыру орталықтары жасалған келісімшарт аясында білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысы қамтамасыз етіледі.

Кешенді білім бағдарламасында көрсетілген кәсіптік бағдар жұмысының жоспары бойынша үнемі барлық мамандықтар өз жұмыстарын жалғастырып келеді.

## Теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін жүйелерді оқыту

Колледжде теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практика жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар» атты 2-тарауына сәйкес келесі кәсіптік тәжірибе түрлері қарастырылған: оқу (кәсіптік дағдыларды игеру бойынша), өндірістік және дипломалды.

Болашақ педагог мамандардың педагогикалық қызметті меңгеруі тек теориялық оқу мен практикалық тәжірибе өзара байланыста болғанда жүзеге асады.

Кәсіптік практиканың мақсаттары:

1. WorldSkills стандартына сай барлық мамандықтардың білім мазмұнын кәсіби біліктілік дағдыларын игеру бағытына бейімдеу жұмыстарын іске асыру;

2. Білім алушылардың кәсіптік құзіреттілігін арттыру, заманауи ақпараттық-технологияларды қолдану арқылы, білікті маман болып қалыптасуына қолдау жасау.

Кәсіптік практиканың міндеттері:

1. ҚР МЖББС талаптарына сәйкес арнайы, кәсіптік, базалық құзіреттіліктерді қалыптастыру;

2. Білім алушылардың мектеп өміріне бейімделуіне жағдайларды жасау, жеке әдістеме, психология және педагогика бойынша тәжірибеде білімдерін қолдану.



Әр тәжірибенің түріне білім алушыларды жіберу туралы бұйрықтар, тәжірибеден өту туралы әдіскерлердің есептері, сабақ кестелері жасалады. Кәсіптік дағдыларды игеру мақсатында педагогикалық және дипломалды практика кезінде білім алушылар тарапынан үлгі сабақтар ұйымдастырылады. Арнайы үлгі сабақтар кестесі бекітіліп, әдіскерлер қатысады. Барлық мамандықтар бойынша оқушыларды даярлау облыс және қаланың оқу мекемелеріне жаппай бағытталған. Әлеуметтік серіктестер шеңберінде педагогикалық практиканы ұйымдастырудың тиімді әдістері анықталады, практиканы өткен жерлері бойынша колледж оқушыларын жұмысқа орналастыру да жүзеге асырылады. Мектеп мұғалімдері әдіскерлер ретінде жұмысқа жұмылдырылады, бөлімнің оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу және әдістемелік семинарлардың өткізілуіне қатысады.




Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледждегі ұзақ мерзімді және үздіксіз практика болашақ мамандардың кәсіби педагогикалық іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Педагогикалық практиканы сапалы түрде ұйымдастыруға және мазмұнды өткізуге оқу орнында барлық жағдайлар жасалған. Атап айтсақ, заманауи әдістемелік дәрісханалар, көп жолақты интернет желіс, колледж типографиясы, Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасы. Оқу орнымызда мектепке дейінгі бөлім студенттеріне арналып жабдықталған заманауи BILIM ALU JÄNE QŪZIRETTILIK

KAMPUSY – Білім алу және құзіреттілік кампусы ашылды. Студенттердің теориялық алған білімдерін практикамен ұштастыруға бағытталған кәсіптік құзіреттілік алаңы 5 модуль бойынша жұмыс жасайды. Кәсіптік құзіреттілік алаңы - балаларды күту және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, мектеп жасына дейінгі балалармен білім беру-тәрбиелеу қызметін ұйымдастыруға және бос уақытты тиімді өткізуге қатысу сынды кәсіптік модульдерді меңгертуге арналған. Практикаға жетекшілік жасауға тәжірибелі оқытушылар тағайындалып, олар педагогикалық практиканың алдында барлық машықтану түрлерінен студенттерге оқу практикасын ұйымдастырып, оларға байқау сабақтары және тәрбие жұмыстары бойынша әдістемелік кеңестер беріп, басшылық жасайды.



Бала тәрбиесіне болашақ педагог-мамандарды даярлауда «Педагогикалық қызметке кіріспе», «Сыныптан тыс жұмыс технологиясы» атты педагогикалық практикалар маңызды рөл атқарады. Практика кезінде студенттер сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде жұмыс жасап, өздерінің мамандықтары бойынша үйірмелер ұйымдастырады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы барысында білім алушылар тәрбие жұмысының әдістемесінің қыр-сырын меңгеріп, психологиялық-педагогикалық байқау, талдау жасауға үйренеді. Сыныптан тыс жұмыстың негізгі міндеті – пән бойынша сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Практиканың бұл түрі студенттердің ұйымдастыру, коммуникативті қабілеттерін дамытады, кейін байқау сабақтарын тиімді өткізуге әсерін тигізеді. Білім алушыларымыз кәсіптік практика кезінде мектеп, балабақшалардан үнемі алғыс хаттарды, пікірлерге ие болып келеді.




2018

Грамота

2018 жылдың
1-4 сәуір аралығында өткен
Педагогикалық жасақтардың
Республикалық Слеті
бағдарламасы барысында
белсенді қатысып

I ОРЫН
алғаны үшін

«Ақшуақ»
педагогикалық тобы
марапатталады

Бас директор М. Түлепбай

Жазғы практика Ақмола облысының аудандарындағы мектеп жанындағы алаңдарда және балаларды сауықтыру орталықтарында өткізіледі. Бұл – практиканың алғашқы өздік түрі. Мұндай практика студенттердің жазғы еңбек пен демалыс жағдайында өздерінің белсенділік, шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетулерін талап етеді.

Жазғы практикадан сапалы түрде өту үшін ІІІ курстың студенттері «Жайдарлы жаз» атты тәлімгерлерге нұсқау беру орталығында студенттер оқу жылы барысында «Айшуақ» педагогикалық жасағының жетекшілігімен

үздіксіз дайындықтан өтеді. Дайындық барысында студенттер тренингтерді, іскерлік ойындарды жүргізуге, проблемалық жағдайларды шешуге үйренеді, бумалар дайындайды, студенттерде практикаға қажетті біршама дидактикалық материалдар жинағы болады: ойындар, сценарийлер бумасы, нұсқаулық құжаттамалары мен күнделіктердің үлгілері. Студенттердің практикаға нәтижелі дайындықтары алғыс хаттар, үздік мінездемелер, мадақтаулар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар «Айшуақ» педагогикалық отряды үнемі облыстық және республика көлеміндегі өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысып келеді. 2017-2018 оқу жылында 31 наурыз – 4 сәуір аралығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде және Астана қаласының Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің ұйымдастырумен «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында Педагогикалық жасақтардың Республикалық жиыны колледжіміздің студенттерінен жасақталған «І шуақ» педагогикалық жасағы қатысып, І орынға ие болды.

Ақмола облысының «Юность» педагогикалық жасағы бірлестігінің ұйымдастыруымен тәлімгерлерге арналған «Кемеңгер болашақ – 2018» семинар-тренингіне 7 студент қатысып, сертификатқа ие болды.



Оқу жылының басында машықтану кестесіне сай оқу, педагогикалық және өндірістік диплом алдындағы практиканың жауапты әдіскерлері бекітіледі. 2, 3, 4 курс студенттері теориялық білімдерін практикамен ұштастыру мақсатында педагогикалық машықтануды қаланың білім мекемелерінде өтеді. Әр практика аяқталғаннан кейін пікір, алғыс хаттар талданады. Әр практика конференциялары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамызда № 345 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» тарауларында кәсіптік практика бойынша: 35. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар дистанцияны сақтай отырып, толық немесе ішінара шағын топтарда кәсіпорындар базасында немесе ТжКБ ұйымдарында (мамандықтардың ерекшелігіне байланысты) жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, өндірістік оқыту және кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар және практикалық сабақтары басқа мерзімдерге ауыстырылады. Осы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес кәсіптік практика 2019-2020 оқу жылының ІІ семестрі, 2020-2021 оқу жылында қашықтықтықтан практика әдіскерлері ұйымдастырды. Мектеп, балабақшалар да қашықтықтан оқуына байланысты, білім алушылар сабақ кестесіне сай ZOOM бағдарламасы бойынша өтті.



2019-2020 оқу жылы барысында 38 топ стандартта көрсетілген практика түрлерінен өтіп, бағаланды. Наурыздың 16 сынан бастап барлық мамандықтарға қашықтықтан практика ұйымдастырылды. 60-қа жуық студенттердің бейнесабақтары түсірілді. Өндірістік практика бойынша колледж студенттері мектеп бағдарламасындағы пәндерді қазақ тілінде сабақ кестесіне сәйкес «BALAPAN» телеарнасынан телесабақтарға (онлайн-мектеп негізінде) бақылау жасады. Студенттер мүмкіндігіне қарай сабақтарына бейнепрезентация жасап, қысқа мерзімді жоспар жазуда бағдарлама мен әдістемеге сәйкес материалдарды жинақтады.

Бейнесабақтарын «YouTube» каналына және бейнесабақ сілтемелері http pt0004.kokshetau.agmoedu.kz/ сайтына салынды.

Педагогикалық практиканы табысты өткізу үшін оқу жылының басында колледж әлеуметтік серіктестіктермен келісімшартқа отырады. Колледждің әлеуметтік серіктестіктерінің саны жыл сайын артуда. Оқу орнымыз әр жылда Ақмола облысы бойынша 1 мектеп, 1 балабақша мекемелерімен меморандумға отырып, әдістемелік семинарлар ұйымдастырды. Атап айтатын болсақ, 2017-2018 оқу жылында - 32, 2018-2019 оқу жылында - 44 әлеуметтік серіктестік болса, ал 2019-2020 оқу жылында - 39, 2020-2021 оқу жылында - 64, 2021-2022 оқу жылы - 28 әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп жұмыс атқару жоспарланды (әлеуметтік серіктестік жоспарлары және меморандумдар қоса беріледі),

*Қосымша 26. 2017-2022 оқу жылдарына арналған әлеуметтік серіктестік жоспарлары.*

*Қосымша 27. Ынтымақтастық туралы меморандумдары.*

Жыл сайын қамқоршылдық кеңесте студентке бағытталған жұмыстар бойынша жыл сайын әлеуметтік серіктестіктер алғыс хат, арнайы номинацияларға ұсынылады.

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша мектептер мен балабақшаларда шағын педагогикалық кеңестер өткізіліп, студенттердің жұмыстарына қорытынды жасалып, хаттама жазылады. «Баланың мектептегі алғашқы күндері», фольклорлық, байқау және өндірістік диплом алдындағы практика түрлері бойынша бөлімдерде конференциялар ұйымдастырылып, өткізіледі. Конференция барысында студенттер есеп беруімен қатар, практикада кездескен қиындықтарды ортаға салып, бірлесе шешуге тырысады. Бітіруші мамандардың кәсіби сапасын анықтау мақсатында 4 курс студенттер арасында өндірістік диплом алдындағы практикадан кейін портфолио қорғауы ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-ші қосымшасына сәйкес кәсіптік практиканы ұйымдастыруда үш жақты келісім шарт жасалады. Төменде 5 жыл бойы жасалған келісімшарттар саны көрсетілген:

## Кесте 1. Келісімшарттар тізбесі
## 2017-2018 оқу жылы

| Қала мектептері | Балабақшалар | Спорттық мектептер | Жазғы сауықтыру орталықтары |
|---|---|---|---|
| №2, №3, №5, №6, №11, №13, №18, №16, №17, №19, №21 орта мектептері, облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №3 «Дарын» мектеп-интернаты | №1 «Арман», №4 Еркемай», №5 «Қуаныш», №6 «Нұрай», №9 «Қарлығаш», №10 «Алтын бала» №11 «Арай», №12 «Мерей» №14 «Чайка», №15 «Әсел», № 35 «Болашақ» №36 «Аққу», №38 «Сауле» | МБмЖ спорт мектебі, «Оқжетпес» балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі», ,№1, Қажымұқан атындағы облыстық олимпиада резервінің МБмЖ спорт мектептері ұлттық спорт түрлерінен БмЖ мектебі, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» | Ақмола облысы, Айдарлы Қошқарбай негізгі мектебі |
| **12** | **13** | **5** | **2** |

## 2018-2019 оқу жылы

| Қала мектептері | Балабақшалар | Спорттық мектептер | Жазғы сауықтыру орталықтары |
|---|---|---|---|
| №1, №2, №3, №4, №5, №6, №11, №12, №13, №16, №17, №18, №19, №21орта мектептері,облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №3 «Дарын» мектеп-интернаты, IT НИШ | №6 «Нұрай», №7 «Айша», №1 «Арман», №15 «Әсел», Ю.Гагарин атындағы №33, №5 «Қуаныш», №14 «Чайка», №36 «Аққу», №11 «Арай» №9 «Қарлығаш», №21 «Ақбота» №10 «Алтын бала» №35 «Болашақ» №4 «Еркемай» №2 «Жұлдыз» №11 «Көктем» №12 «Мерей» №18 «Мирас» №38 «Сауле» | Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы», МБмЖ спорт мектебі, «Оқжетпес» балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі», №1 облыстық олимпиада резервінің МБмЖ спорт мектептері | М.Ғабдуллин ат. ЖСО, «Әулет» мектептен тыс жұмыс орталығы, «Балдәурен» РОСО |
| **17** | **19** | **5** | **3** |

## 2019-2020 жылы

| Қала мектептері | Балабақшалар | Спорттық мектептер | Жазғы сауықтыру орталықтары |
|---|---|---|---|
| №1, №2, №3, №4, №5 №6, №8, №11, №12, №13, №16, №17, №18, ІТ, №19, №22, облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №3 «Дарын» мектеп-интернаты, НИШ ++++++ | №1 «Арман», №2 «Жұлдыз», №4 «Еркемай, №5 «Қуаныш», №7 «Айша», №10 «Алтын бала», №11 «Арай», №14 «Достық», №17«Көктем», №19 «Нұр-бала», №21«Ақбота», №35 «Болашақ» №38 «Сауле», №18 «Мирас», | Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризі, өлкетану және экология орталығы», МБмЖ спорт мектебі, «Оқжетпес» балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі», №1 облыстық олимпиада резервінің МБмЖ спорт мектептері | Балдаурен М.Ғабдуллин ат. ЖСО, «Әулет» мектептен тыс жұмыс орталығы |
| **17** | **14** | **5** | **3** |

## 2020-2021 оқу жылы

| Қала мектептері | Балабақшалар | Спорттық мектептер | Облыс бойынша |
|---|---|---|---|
| №1, №2, №3, №5 №6, №8, №11, №13, №16, №17, №18, ІТ | №1 «Арман», №2 «Жұлдыз», №4 «Еркемай», №5«Қуаныш», №7 «Айша», № 10 «Алтын бала», №11«Арай», № 20 «Зерек», №21 «Ақбота» | Пандемияға байланысты келісім шарт жасалмады | Ақмола облысы – 23<br>СҚО - 15<br>Алматы - 1<br>Жамбыл – 1<br>Павлодар - 1 |
| **12** | **9** | **-** | **43** |

## 2021-2022 оқу жылы

| Қала мектептері | Балабақшалар | | Жазғы сауықтыру орталықтары |
|---|---|---|---|
| №1, №2, №3,№4 №5 №6, №8, №11, №12, №13, №16, №17, №18, ІТ, №19, облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №3 «Дарын» мектеп-интернаты | №1 «Арман», №4 «Еркемай», №5 «Қуаныш», №6 «Нұрай», №7 «Айша», №10 «Алтын бала», № 17 «Көктем», №19 «Нұр-бала», № 20 «Зерек», «Ю.Гагарин атындағы №33 б/б, | Мейірім орталығы | 2022 жылы мамыр айында келісімшарт жасалады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | № 35 «Болашақ» | | |
| **16** | **11** | **1** | **-** |

Дуалды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Дуальды оқыту бойынша биылғы оқу жылында 0101000 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы негізінде №19 «Нұр-бала» балабақшасы, №21 «Ақбота» бөбекжайымен БжҒМ-нің 2018 жылғы 2 қарашадағы №611 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес үш жақты келісімшартпен 26 студент қамтылды. Оқу бағдарламасының негізінде түзілген оқу үдерісінің кестесіне сәйкес осы мекемелерде іс-тәжірибеден өтеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10-желтоқсанындағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» № 530 бұйрығында «Логопедия» мамандығының «Логопед қолданбалы бакалавры» біліктілігі енгізілді. Кәсіптік білім беру жүйесіне бұл мамандықты енгізу Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру құрылымын арнайы педагогика мамандарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021-2022 оқу жылында алғаш рет оқу орнымызда 01130100 «Логопедия» мамандығының 5AB01130101 «Логопед қолданбалы бакалавры» біліктілігі бойынша 15 білім алушы қабылданды. Көкшетау қаласының №1 «Арман» бала-бақшасымен жасалған келісімшарт негізінде 2022 жылдың II жартыжылдығынан бастап машықтану практикасын өтуде. Еліміздің білім саласына кәсіби құзырлы маман дайындау, кәсіптік білім берудің мазмұны мен формасына жаңашыл өзгерістер енгізу, сапалы білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық жағдайы жетілдіріліп, дәрісханалар, зертханалардың оқу-әдістемелік, дидактикалық кешендері заман талабына сай толықтырылды. 2020 жылы 3 желтоқсан күні тірек балабақшалармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес мектепке дейінгі бөлімінің ұйымдастыруымен «Сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері» атты семинар-практикум өтті. Студенттер мен тәрбиешілерге сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері туралы түсінік беру мақсатында ұйымдастырылған семинар-практикумға Көкшетау қаласы №19 «Нұр-бала» балабақшасының әкімшілігі, тәрбиешілері, колледж оқытушылары МД-41, МД-31, МД-21 топтарының студенттері қатысты. Бағдарламаға сәйкес семинар директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Қ.Мұқышеваның алғы сөзімен басталып, «Әлеуметтік серіктестермен жұмыстың мақсаты мен міндеттері» тақырыбында баяндама жасалды. №19 «Нұр-бала» балабақшасының меңгерушісі А.Ж.Айжарықова «Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңартылған білім мазмұны» тақырыбында сөз сөйлеп, өз тәжірибесімен бөлісті. Семинар барысында мектепке дейінгі

бөлім оқытушысы М.Құрметқызы «Білім алушының таңдау пәні: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопед», №19 «Нұр-бала» балабақшасының әдіскері А.Қ. Рахимжанова «Мектепке дейінгі балалармен логопедтің логопунктегі жұмысының ерекшелігі», №19 «Нұр-бала» балабақшасының тифлопедагогы, республикалық «Үздік педагог-2019» конкурсының жеңімпазы Н.К.Бекимова «Особенности коррекционной работы в группе для детей со сложными нарушениями в развитии» тақырыптарында баяндама жасап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Семинар соңында Мектепке дейінгі бөлімнің меңгерушісі С.Амирова қатысушылармен кері байланыс (рефлексия) жасап, қорытынды сөз сөйледі. Мектепке дейінгі бөлімнің ІІІ курс студенттері қашықтықтан байқау практикасын өтуде, соңғы өзгертілген нормативтік құжаттар бойынша көптеген ақпараттар алды.






Әр оқу жылында мамандықтар бойынша әлеуметтік серіктестіктермен жыл бойына келісімшарт мақсатында арайы жоспар жасалады. Жоспарға сәйкес белгіленген мекемелермен арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады. 2018 оқу жылында Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Айдарлы негізгі мектебінде «Бастауыш білім беру» мамандығының оқу практикасында «Бастауыш мектеп онкүндігіне» студенттер тарапынан шеберлік сабақтар ұйымдастырылды.

Бастауыш мектеп бөлімі «Білім мазмұнын жақсартуды жүзеге асыруға белсенді сабақтастық іс-әрекеті» тақырыбында №16 орта мектеппен диалог алаң өткізілді.

2018 жылы Мектепке дейінгі бөлім «М.Монтессори технологиясын балабақшаларда қолданудың ерекшеліктері» бойынша Бұланды ауданы білім беру бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК семинар-практикум өткізілді.

2020 жылы 10 желтоқсан күні шетел тілі кафедрасы С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейімен тірек мектептермен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспарына сейкес «Modern education system and students' problems in teaching FL for pupils» (Заманауи білім беру жүйесі және мектеп оқушыларына шетел тілін оқытудың мәселелері) тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – қашықтықтан оқытудың ерекшеліктерін баяндау, колледж



студенттерінің мектепте ағылшын тілінен байқау практикасынан өту үдерісіндегі қиыншылықтарын айқындау және оларды түзету жолдарын талқылау. Іс-шараға С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Кеңөткел негізгі мектебінің ағылшын тілі мұғалімі, әрі бөлім түлегі А.С.Мұқашева және шетел тілі кафедрасының оқытушылары қатысты. Дөңгелек үстел бағдарламасы бойынша ағылшын бөлімінің меңгерушісі А.Б.Сабырова кіріспе сөз сөйлеп, директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Қ.С.Мұқышева, С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Ж.Мейрамова, бөлім түлегі А.С.Мұқашева және шетел тілі кафедрасының жетекшісі А.К.Ташенова көтерілген өзекті тақырыпқа сай мазмұнды баяндамаларын ұсынды.

2020 жылы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде тірек мектептермен жұмыс жоспарына сәйкес қазақ тілі пәнінен іс-тәжірибе алмасу сабағы өтті. Сабаққа Филология бөлімінің оқытушылары мен студенттері, Сәкен Жүнісов атындағы №18 орта мектеп-лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Камашева Бағлан Шекешқызы, 7 «а» сыныбы қатысты. Колледжіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің оқытушылары Д.Ілияс, К.Абиева «Қазақ музыкасы» тақырыбында ұйымдастырған сабағында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақтың тиімді әдіс, тәсілдері қолданылып, қашықтықтан оқыту жүйесінде сабақ өткізудің өзіндік ерекшеліктері, ZOOM платформасы арқылы берілетін тапсырма түрлері көрсетілді. Сабақ соңында оқушылармен және колледж студенттерімен кері байланыс орнатылды. Сабақта ақпараттық-коммуникативтік технология элементтері қолданылып, жоғары деңгейде өтті. Студенттер сабаққа қатысу арқылы оқу практикасы барысында алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде көруге мүмкіндік алып, өздерін толғандырған сұрақтар төңірегінде талқылау жұмыстары жүргізілді. «Жаңартылған білім беру негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында облыстық әдістемелік семинар-практикум өткізілді. 2021 жылдың 12 ақпанында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі Бурабай ауданының білім бөлімінің Абылайхан орта мектебінің педагогикалық ұжымымен оқытушылармен педагогикалық байланыс орнату мақсатында бірлескен «Жаңартылған білім беру негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

тақырыбында облыстық әдістемелік семинар-практикум өткізілді. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің математиканы оқыту әдістемесі пәнінің жоғары санатты оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Ы.Алтынсарин», «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгілерінің иегері, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының мүшесі, Абылайхан ауылының тумасы, Абылайхан орта мектебінің түлегі – Төлеген Өмірбек Шаймұратұлына 60 жыл толуына орай аталмыш мектеппен педагогикалық байланыс орната отырып, бірқатар жұмыс түрлері атқарылды. Мектеп ұжымына Төлеген Өмірбек Шаймұратұлының жуырда жарық көрген «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі» еңбегі тарту етілді. Семинар-практикум барысында колледжіміздің оқытушылары тарапынан шеберлік сағаттары өткізіліп, өзара тәжірибе алмасты. Атап айтсақ,



информатиканы оқыту әдістемесі пәнінің оқытушысы С.Сәдуақасова 5-сыныптарда «Роботтың сызық бойымен қозғалысы» тақырыбында, қазақ тілін оқытудың әдістемесі пәнінің оқытушысы Қ.Мұқышева 2-сыныпқа «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» тақырыбында, музыка пәнінің оқытушысы Ә.Заманбекова 4-сыныпта «Музыкадағы табиғат құбылыстары» тақырыбында, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Көке 9-сыныптарда «Футзал. Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер» тақырыбында, мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің оқытушысы С.Әмірова «Балдырған» шағын орталығында «Монтессори технологиясын ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдану мүмкіндіктері» тақырыбында шеберлік сабақтарын өткізді. Семинар-практикум бағдарламасына сәйкес «Білім, ғылым, тәжірибе және заманауи сабақтастық» атты диалог алаңында колледж директоры ф.ғ.к. Н.Ахат, директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Ә.Рақымжан, директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Қ.Мұқышева, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Б.Батанасова мектеп мұғалімдерімен заманауи білім мен ғылым бағытындағы өзекті мәселелер бойынша өзара талқылау жұмыстарын жүргізді. Ақмола облысы, Бурабай ауданы білім бөлімінің «Абылайхан атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесімен және Бурабай білім бөлімімен үшжақты ынтымақтастық меморандумға қол қойылды. Колледж тарапынан мектеп оқушыларына арнап бірнеше дзюдо спорт түріне арналған кимоно киімдері, волейбол доптары, оқытушылардың әзірлеген көмекші құралдары сыйланды. Семинар-практикум жоғары деңгейде ұйымдастырылды (https://youtu.be/PEtPCWDZUI4).

2021 жылдың 12 наурыз күні Көкшетау қаласындағы физика - математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі тәжірибе алмасу мақсатындағы бірлескен онлайн семинары өтті. «Музыка пәні бойынша

жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалау» тақырыбындағы онлайн кездесуге Музыка бөлімінің оқытушылары мен 2-4 курс студенттері қатысты. Семинарда «Музыка пәні бойынша бастауыш сынып және негізгі мектепке арналған оқу бағдарламасының ерекшеліктері», «Музыка мен көркем еңбек пәндерінің байланысы мен кіріктірілген білімнің маңызы» және «Оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданылатын ресурстар» атты өте маңызды және қызықты тақырыптар ұсынылды. Назарбаев Зияткерлік мектебінің музыка пәнінің оқытушылары студенттерге әр түрлі қызықты тапсырмалар бере отырып, семинар тақырыптарының мазмұнын толық аша білді.

2021 жылы 12 наурыз күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде ағымдағы жылдың тірек мектептермен жұмыс жоспарына сәйкес «Кіріктірілген білім беру ұстанымдары STEM-технологиясын қолдану» тақырыбында Көкшетау қаласы №17 мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып, іс-тәжірибе алмасу мақсатында «STEM-мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді» екенін бастауыш сынып мұғалімдеріне түсіндіріп, ақпарат жеткізу. Колледжіміздің педагогика, психология және жеке пәндер әдістемесі кафедрасының оқытушылары Г.Амиржанова, Б.Азбергенова, Т.Лекер, Қ.Мұқышева жетекшілігімен 3-курс студенттері, БМ-31 тобы, № 17 мектеп-гимназиясының мұғалімдерімен бірлесе отырып жұмыс жүргізілді. Колледж оқытушылары Г.Амиржанова STEM технологиясының мазмұны мен сабақтарда қолдану арқылы оқушылардың зейіні мен қызығушылығына бағытталған мазмұнды ақпаратпен ой бөліссе, Б.Азбергенова және БМ-31 тобының студенттері қазақ тілі мен математика және бейнелеу өнерімен өзін-өзі тану кіріктірілген сабақтарда STEM технологиясының тиімділігін көрсетіп, зерттеу бөлімі мен нәтижесіне тоқталып, талдау жұмыстарын жасады. Бастауыш сынып мұғалімдері STEM технологиясының кіріктірілген сабақтарда қолданудың маңызды тұстарымен танысып, толғандырған сұрақтар бойынша жауап алып, пікір алмасты.

2021 жылы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде тірек мектептермен жұмыс жоспарына сәйкес «Білім мазмұнын жаңартудағы SMART қадамдар» тақырыбында Көкшетау қаласы №17 мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып, іс-тәжірибе алмасу мақсатында «Бастауыш сыныптағы оқушыны рухани, тұлғалық тұрғыда әлеуметтендіру мақсатында нәтижеге бағытталған SMART – технологияларының тиімділігін арттыру» атты әдістемелік жәрмеңке өтті. Колледжіміздің педагогика, психология және жеке пәндер әдістемесі кафедрасының оқытушылары Ө.Төлеген, Б.Секенова, Д.Сейтбаттал, Т.Лекер, Қ.Мукушева жетекшілігімен 4-курс студенттері, БМ-41 тобы, № 17 мектеп-гимназиясының мұғалімдерімен бірлесе отырып жұмыс жүргізілді. №17 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Ашимова Салтанат Әбуқызы «Тәрбие сағаттарға SMART мақсатты тиімді қоюдың нәтижелілігі» тақырыбында ұйымдастырған сабағында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақта тиімді әдіс-тәсілдер қолданылып, қашықтықтан оқыту жүйесінде сабақ өткізудің өзіндік ерекшеліктері жайында

ақпарат берді. Колледжіміздің оқытушылары Ө.Төлеген «Бастауыш сынып оқушыларын халық педагогикасы дәстүрлері арқылы ізгілікке тәрбиелеу», Б.Секенова «Бастауыш сыныпта таным мәні, оқыту процесіндегі оқушы белсенділігі мен іс-әрекетін ұлттық құндылықтар арқылы белсендіру» тақырыптарында сөз қозғады. №17 мектеп-гимназиясының мұғалімдері Тасанова Ақерке Оразбайқызы, Хамзина Дана Малгаждарқызы, Ашимова Салтанат Әбуқызы студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып өз пікірлерімен, іс-тәжірибелерімен бөлісті. Әдістемелік жәрмеңкенің соңында оқытушылар және колледж студенттерімен кері байланыс орнатылды.



2021 жылдың 17 қыркүйек күні филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ұстазы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры Ахат Нұртас Ахатұлының 60 жылдық мерейтойына орай өзінің түлеп ұшқан білім ордасына колледж оқытушылары саяхат жасады. Бұл Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы Каратал орта мектебінде өтті. Мұндағы басты мақсат – білім беруді дамытуда ортақ нәтижеге жетудің заманауи мүмкіндіктерімен тәжірибе алмасу. Білім беру мекемесінің оқушыларына «ҰШҚАН ҰЯ» шеберлік мектебі шеберлік сабақтарын өткізді. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің оқытушысы Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы 8-сынып оқушыларына «Қорқыттың нақыл сөздері» атты шеберлік сабағын өткізсе, Серкешбаева Гүлжанат Нұрмағанбетқызы 10-сынып оқушыларына «Мәнерлеп оқудың техникасын» меңгертті. Ал, Здуалиев Рауан Қайыргелдіұлы 4-сынып оқушыларына «Робототехниканың» қыр-сырын түсіндірсе, Заманбекова Әлия Заманбекқызы мен Жүніс Ұлтай Нұраддинқызы 6-сынып оқушыларын музыканың тылсымымен құмартты. Кәрібаев Бахтияр Қобыланұлы дене тәрбиесіне қатысты турнир өткізді. Аталмыш мектепке колледж тарапынан түрлі көмек көрсетіліп келеді. Солардың бірі – мектеп мұғалімдерінің ғылыми жобалары мен шығармашылық жұмыстары біріктірілген «Ұстаз еңбегі» атты жинақ. Бұл еңбек колледж типографиясында басылып шықты. Жинақ мектептің барлық оқытушыларына сый-сияпат ретінде арнайы табысталды. Сондай-ақ спорттық жабдықтар да тарту етілді.

## Кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім алушының тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның қалыптасу мен кәсіптік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қоғам мен еңбек нарығының қажеттілігін уақыт талабына сай бейімдеу басты назарымызда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығуда» деп, білім жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін оқытушылар күнделікті ізденісі арқылы оқу процесіне оқытудың ақпараттық-коммуникациялық, инновациялық технологияларын енгізіп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде шеберлік-сабақтарында қолданып, студентке бағытталған оқу ортасын құрып, озат тәжірибелерімен бөліседі. Атап айтсақ, білім беру үдерісін ізгілендіру технологиясы, STEM технологиясы ынтымақтастық технологиясы, Lesson Study технологиясы, Девид Марштың CLIL технологиясы, Action Research технологиясы, Кейс-технологиялар, сыни ойлау технологиясы, витагенді оқыту технологиясы және т.б. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы№ 374 бұйрығы негізінде педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін колледж оқытушылары онлайн және офлайн форматындағы курстарға қатысып, біліктіліктерін арттырды. Нәтижесінде, педагогтердің бірлесіп оқыту және өзара іс-әрекет жасау негізінде коллаборативті ортаны қалыптастыру және цифрландыру жағдайында оқу процесін басқару бойынша практикалық дағдылары шыңдалды.

Қазіргі уақытта қоғамды цифрландыру жұмысы көптеген мемлекеттік жолдаулардың басты стратегиялық басымдығы болып табылады. Сондықтан барлық салаларда, яғни педагогика саласы білім саласында цифрлық технологияны кеңінен қолдануға студентке бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Осындай сандық технологияның дамыған уақытында болашақ мамандарға заманауи білім беру біздің басты міндетіміз. Себебі әрбір колледж оқытушысының алдына келген білім алушының базалық білім деңгейі, ойлау қабілеті әртүрлі болады. Осы тұста жаңашыл оқытушының іс-тәжірбиесінің ерекше тұсы – практикалық сабақтарда түрлендіріп жүргізілуі. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай цифрлық технологияларды тиімді қолдану. Қазіргі таңда колледж оқытушылары болашақ мамандарға

әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында түрлі білім беру платформалары (smk.edu.kz, cpm.kz, bilimland), интернет ресурстарын тиімді қолданады. Студенттердің білімді тиімді қолдануы және қабылдауы мақсатында «Plickers», «Kahoot», «Wordwall», «ZipGrade» бағдарламаларының мүмкіндіктерін пайдаланады. Абай атындағы электронды-ресурстық кітапхананың сайтында білім алушыларға оқу әдебиеттері QR-код арқылы электрондық форматы қолжетімді. Сабақта оқытушылар оқу әдебиеттерінің тізбесін беріп, тапсырмаларды ZOOM платформасы арқылы кері байланыс жасады.




Қашықтықтан оқыту кезінде оқу процесін ұйымдастыруда екі басты мәселе басшылыққа алынды:

1. Техникалық сүйемелдеу
2. Әдістемелік сүйемелдеу

Оқытушылар қашықтықтан оқыту кезінде ZOOM, Bandicam, Lightworks, Adobe Premiere Elements бағдарламаларының мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, 280-ге жуық бейнесабақ түсірілді. Сонымен қатар колледж тарапынан барлық мамандықтар бойынша оқытушылар пәннің электронды оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеп, «Talap» КЕАҚ сайтына жүктелді.

**GOOGLE дискіде орналастырылған оқу-әдістемелік кешендер:**

| Мамандығы/ біліктілігі | Сілтеме |
|---|---|
| **0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»** | https://drive.google.com/drive/folders/1D7UzqLKMuKxZc-_CCqTaTjVkQjSR9qfs |
| **0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»**<br>**010302 3 «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»** | https://drive.google.com/drive/folders/18RuXmG3FOTqjVrPeA64hJn4lrcRLEaVE |
| **0105000 «Бастауыш білім беру»** | https://drive.google.com/drive/folders/14466XYDs8VPOu4IUuwU8xqWs_14_5p2Y |
| **0108000 «Музыкалық білім беру»** | https://drive.google.com/drive/folders/1ad01midb0INgMiKpAdfPpuMex83m1-rH |
| **0111000 «Негізгі орта білім беру»**<br>**011101 3 «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі»** | https://drive.google.com/drive/u/1/folders/1KEiruyi2D6433t2_SYI21SAIZR-1H1q1 |
| **0111000 «Негізгі орта білім беру»**<br>**011108 3 «Шетел тілі мұғалімі»** | https://drive.google.com/drive/folders/1FFM6PQFcHv-dJVOnaqCeIMGMkegu2xu5 |

| | |
|---|---|
| **0111000 «Негізгі білім беру 011109 3 «Информатика мұғалімі»** | https://drive.google.com/drive/folders/1QLQlt_d13-spPCHLlxOzJnbRD3gQFPlx?usp=sharing |
| **Әлеуметтік-жаратылыстану пәндер кафедрасы** | https://drive.google.com/drive/u/6/my-drive |

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының болуы.**

2019-2020 оқу жылынан бастап оқу орнымызда 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 0103000 Дене тәрбиесі және спорт, 0108000 Музыкалық білім беру, 0111000 Негізгі орта білім беру 011108 3 Шетел тілі пәнінің мұғалімі біліктіліктері бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Бұл топтардағы оқу және кәсіптік практика сағаттары кәсіптік модульдің кемінде 40% - ын құрайды. Оқу орнында мамандықтар «Білім» бейіні бойынша жүзеге асырылатындықтан жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады, сондай-ақ барлық мамандықтар бойынша оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәні таңдалады. Қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге "Физика", "Химия", "Графика және жобалау" жатады. Бұл топтардың жұмыс оқу жоспарлары, оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес орта буын мамандарының деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі негізінде әзірленіп, жүзеге асырылады. Жұмыс оқу бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері мен модульдері бойынша әзірленді (*2019-2022 оқу жылдарындағы оқу-жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары қоса беріледі*).
*Қосымша 28. 2019-2021 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу жоспарлары;*
*Қосымша 29. жұмыс-оқу бағдарламалары;*

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының болуы.**

Колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 0103000 Дене тәрбиесі және спорт, 0105000 Бастауыш білім беру, 0108000 Музыкалық білім беру, 0111000 Негізгі орта білім беру мамандықтарының жұмыс-оқу жоспарлары әзірленген (*Бағаланатын кезеңдегі жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламалары көшірмелері қоса беріледі*).

*Қосымша 30. 2017-2021 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу жоспарлары;*
*Қосымша 31. Сырттай оқу бөлімінің жұмыс-оқу жоспарлары;*
*Қосымша 32. 2017-2021 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу бағдарламалары;*
*Қосымша 33.Сырттай оқу бөлімінің жұмыс-оқу бағдарламалары.*

### 4) оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру.

Колледжде оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңының «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру» 28-бабына, оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Әр жылға оқу үрдісінің графигі құрылып, онда әр топтың апта саны, теориялық оқу аралығы, оқу және өндірістік практика мерзімдері, емтихан апталары, қысқы және жазғы демалыс уақыты көрсетіледі. Сонымен қатар әр жартыжылдық сайын теориялық және практикалық сабақтардың кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сабақтың уақыты, толық түрде жазылған пәннің атауы, оқытушының тегі, өткізілетін дәрісхана нөмері көрсетілген. Сабақ кестесі тұрақты, тұтас семестрге директордың бекітуімен құрылады. Сабақ таңертеңгі уақытта $8^{15}$ басталып, екінші ауысым $19^{10}$–да аяқталады. Сабақ ұзақтығы:

- дәстүрлі білім беру форматындағы білім алушылар үшін: 90 мин.,
- оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы бойынша: 45 минут;
- қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша: 50 минут.

Ауысым аралығы – 30 мин-1 сағат. *(оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестелері, теориялық және практикалық сабақтар кестелерінің көшірмелері, теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдары қоса беріледі)*.

*Қосымша 34. Оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестелері;*
*Қосымша 35. Сырттай оқу бөлімінің оқу үрдісінің кестесі.*

*Қосымша 36. Теориялық және практикалық сабақтар кестелерінің көшірмелері;*
*Қосымша 37. Сырттай оқу бөлімінің сабақ кестесі (2017-2022 о.ж)*
*Қосымша 38. Теориялық оқытуды есепке алу журналдары, 2017-2022 о.ж;*
*Қосымша 39. Өндірістік оқытуды есепке алу журналдары, 2017-2022 о.ж;*
*Қосымша 40. Сырттай оқу бөлімінің теориялық оқытуды есепке алу журналы*
*Қосымша 41. Оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдері.*

**6) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарының (бар болған жағдайда) деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру** (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған*);

**7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖБС-ның 2-қосымшасына және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру**

Оқу орнында 2021-2022 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 152 бұйрығымен бекітілген модульдік-кредиттік технологиясымен 7 біліктілік бойынша білім алушылар қабылданды. Бұл топтардың оқу-тәрбие процесі оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл топтардың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабына сәйкес әзірленген «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагогтің кәсіби стандарты» негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір модульдің көлемі кередиттердің бүтін санын құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен өлшенеді.

**9) орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС қосымшасына сәйкес орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру.**

Оқу орнында 2017-2018 оқу жылынан бастап қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау жұмысы эксперименталды негізде басталды

*Қосымша 42. Ақмола облысының әкімдігі «Ақмола облысының Білім басқармасы» ММ 2017 жылдың 19-мамырындағы «Эксперименттік алаң статусын беру туралы №144 бұйрығы.*

*Қосымша 43. Логопедия мамандығы бойынша Ақмола облысының Білім басқармасының эксперименталды алаң ретінде бекіту бұйрығы.*

Оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары базалық және кәсіптік пәндерді зерделеуді, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді, курстық және дипломдық жұмысты орындауды, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді қамтиды. Оқу-жұмыс жоспары оқытудың барлық кезеңіне әзірленіп, педагогикалық кеңес шешімінің негізінде колледж басшысымен бекітілді. *(Жұмыс оқу жоспарлары мен жеке оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).*

*Қосымша 44. Жұмыс-оқу жоспарларының көшірмелері;*

*Қосымша 45. Жеке оқу жоспарларының көшірмелері;*

*Қосымша 46. Аралық аттестаттау ведомостарының көшірмелері;*

*Қосымша 47.Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша жұмыс-оқу бағдарламалары (силлабустар)*

**10) зерделеудің реттілігін сақтау мен оқу пәндерін және (немесе) модульдерді интеграциялау, оқу уақытын олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша бөлу** (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған*);

**11) жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемін көздейтін бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнының кәсіптік бағдарлануын іске асыру** (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған*);

**12) топты кіші топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 тамызда № 21146 болып тіркелді) топтарда 24 және одан да көп білім алушылар болған жағдайда жалпы білім беру пәндерін өткізуде кіші топтарға бөлуге рұқсат етіледі:

1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда – орыс тілі және әдебиеті;
2) шетел тілінде;
3) информатикада;

4) дене тәрбиесінде.

Сонымен қатар әр мамандықтық үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес арнайы пәндері кіші топтарға бөлінген. Мамандық бойынша әзірленген жұмыс-оқу жоспарының негізінде сабақ кестесі әзірленіп, топшаға бөлінген топтар айқындалып көрсетілген.

### 13) факультативтік сабақтар мен консультацияларды іске асыру.

Колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әр мамандық бойынша білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Консультация білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушыларға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу сабақтарының нысаны ретінде айқындалған. Әр мамандық бойынша консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды және аралық, қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар консультация өткізу мерзімі аралық, қорытынды аттестаттау кестелерінде көрсетіледі.

Колледжде білім алушы студенттердің қызығушылықтарына қарай танымдық қабілетін арттыру мақсатында факультатив пәндері қосымша жүргізіледі. Факультативтерге жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес аптасына 4 сағаттан аспайтын сағаттар бөлінген. Факультативтік пән есебінен үйіре-клуб, секциялық жұмыстар жүзеге асырылуда.

Факультативтік сабақтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 18 қаңтарындағы №24 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі. Колледжде филология бөлімі студенттеріне қосымша білім беретін, әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып жеке тұлға қалыптастыру мақсатында «Ақ қауырсын» поэзия клубы, студенттерді қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, креативтілік, шығармашылыққа баулу, еңбекке деген қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту мақсатында «Алтын оймақ» қолөнер үйірмесі, студенттердің рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық көркемдік, адамгершілік, ауызша сөйлеу мәдениетін оқырмандық көрермендік талғамдарын қалыптастыру, театрлық ойын әрекеті құралдарын жүйелі қолданып балалар шығармаларының әртүрлі жанрларын театрлық көріністерін арқылы іске асыруда «Сиқырлы әлем» қуыршақ театры, студенттердің ақпараттық технологиялары мен қашықтықтан оқыту салсында практикалық дағдыларын қалптастыру және дамыту мақсатында «IT Еріктілер» клубы, студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуіне машықтандыруға бағытталған «Айшуақ» педагогикалық жасағының жұмыстары оқу жылының басында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Студенттерге факультативтік пән таңдау барысында пән

оқытушылары немесе топ жетекшілері тарапынан консультативтік кеңес беріледі. Соған сәйкес, колледж студенттері өздері қалаған факультативтік пәнге жазылып, қатыса алады. Факультативті жүргізу барысында арнайы факультатив мүшелерінің қатысу журналы жүргізіліп, факультатив жетекшілері бекітілген жоспар бойынша жүргізілген сабақтарының тақырыптарын журналға енгізеді.

*Қосымша 48. Үйірме мүшелерінің қатысу есебі журналы;*

*Қосымша 49. Үйірме, клуб журналдары (SmartNation бағдарламасынан жүктемелер.*

Тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында колледжде студенттердің білім алу, жеке және мансаптық сұраныстарын қанағаттандыру үшін жұмыс істейтін студенттерді қолдау қызметтерінің: жатақханалардың, медициналық, орталықтардың, спорт залдар мен студенттердің қызығушылықтарына жауап беретін клубтар бар.

Факультативтік сабаққа қатысушы студенттер қалалық, облыстық, республикалық байқау, конкурстарға қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады.

Болашақ маманның жан-жақты қалыптасуын жетілдіру мақсатында колледжде төмендегідей үйірме, секция және факультативтер жұмыс істейді

*Қосымша 50. Үйірме,секция жұмыстарының жылдық жоспарлары;*

*Қосымша 51. Үйірме, клуб жұмыстарының альбомдары;*

*Қосымша 52. Үйірме,секция жетекшілерінің есептері;*

*Қосымша 53. Үйірме, клубтардың тұғырнамалары.*

| **№** | **Атауы** | **Жетекшісі** |
|---|---|---|
| 1. | «Самғау» студенттердің біріккен хоры | Шайрахметова Ә.Ғ |
| | | Доленко М.А |
| 2. | «Наркескен» ер балалар хоры | Жүніс Ұ.Н |
| | | Белозерова М.И |
| 3. | «Шабыт» домбырашылар ансамблі | Жаншаев Е.Ғ. |
| 4. | «Назерке» камералық хоры | Шайрахметова Ә.Ғ. |
| 5. | «Алтын оймақ» қолөнер үйірмесі | Әмиржанова Г.Қ. |
| 6. | «Сиқырлы әлем» қуыршақ театры | Балдықова Г. |
| 7. | «Мұрагер» тоғызқұмалақ клубы | Бегалин Б.Ж |
| 8. | «Рахат» волейбол клубы | Садвакасов Б.Қ. |
| 9. | «Барыс» баскетбол клубы | Садвакасов А.С. |
| 10. | «Жарқын» футбол клубы | Кәрібай Б.Қ |
| 11. | «Жарқын» футбол клубы (қыздар) | Кәрібай Б.Қ |
| 12. | «Бес асық» ұлттық ойын үйірмесі | Сағидолда О.М |
| 13. | «Пинг-Понг» үстел теннисі | Көке А. |
| 14. | «Пинг-Понг» үстел теннисі (қыздар) | Рахимова З.Ж. |
| 15. | «Құлагер» жеңіл атлетика клубы | Сағидолда О.М |
| 16. | «Ілбіс» шаңғы клубы | Базарбаева А.Р |

| № | Атауы | Жетекшісі |
|---|---|---|
| 17. | «Жұмбақтас» туризм клубы | Хамзин Е.С. |
| 18. | «Айшуақ» педагогикалық жасағы | Секенова Б.Б<br>Азбергенова Б.А |
| 19. | «Парасат» дебат клубы | Қаырбай А.М<br>Мусина Ә.Е |
| 20. | «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебі | Тиншаев Ш.Р |
| 21. | «Ақ қауырсын» поэзия клубы | Серкешбаева Г.Н. |
| 22. | «Айбын» әскери-патриоттық клубы | Жабагин Т.Е |
| 23. | «Жас мерген» атқыштар клубы | Кәрібай Б.Қ |
| 24. | «Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубы | Тайманова А.Т |
| 25. | «Кербез» мәдени-интеллектуалдық қыздар мектебі | Заманбекова А.З.<br>Сарша Ж |
| 26. | «Жас дәурен» трио | Кустангельдинов Д. |
| 27. | «Этюд» баянистер ансамблі | Сұлтан Н.Н. |
| 28. | «Арқа әндері» | Мұхамедияр А.Б |
| 29. | «ЭкоLand» эко клубы | Сатиева М.Т. |
| 30. | Еріктілер клубы | Ғалымжан Е.К<br>Мактаева А.Е. |

Үйірме жұмыстары тәлім-тәрбиелік идеялар мен өмірді, адамды сүюден бастау алып, жастарды ұлтжандылыққа, Отанды қорғау, ерлік пен батырлықты дәріптеуге, еңбексүйгіштік дағдыларын қалыптастыруға, адамгершілік асыл қасиеттерді насихаттауға, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты көтеруге бағытталған. Студенттерден құралған «Самғау» студенттердің біріккен хоры, «Наркескен» ер балалар хоры, «Назерке» камералық-акапеллалық хоры, «Шабыт» домбырашылар ансамблі, «Этюд» баянистер ансамблі, «Жас дәурен» квинтеті болашақ педагогтарды өнерге баулуда. «Алтын оймақ» қол өнер үйірмесі, «ЭкоLand» эко клубы «Кербез» мәдени-интеллектуалдық қыздар мектебі әсемдікті, сұлулықты ерекше сезінуге баулу мақсатында еңбек етеді. Әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, жеке тұлға қалыптастыру мақсатында «Ақ қауырсын» поэзия клубының да жетістіктері аз емес. Жастардың арасында саяси мәселелерді ашық талқылауда «Парасат» дебат клубы, «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебінің жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. Колледж студенттерінің салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалауына барынша мүмкіндік жасалған. Өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта әскери-патриоттық, рухани тәрбиелеу мақсатында оқу ордамызда «Айбын» әскери-патриоттық клубы, «Жас мерген» атқыштар клубы, «Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубы ерекше жұмыстар атқаруда. Оқу ордасында тоғыз спорттық секция жұмыс жасайды: «Жарқын» футбол клубы,

«Барыс» баскетбол клубы, «Рахат» волейбол, «Пинг-Понг» үстел теннисі, «Құлагер» жеңіл атлетика клубы, «Ілбіс» шаңғы клубы, «Жұмбақтас» туризм клубы «Мұрагер» тоғызқұмалақ клубы, «Бес асық» ұлттық ойын үйірмелері колледж абыройының биік асулардан көрінуіне сүбелі үлес қосуда.

*Студенттердің үйірмелерге қатысу көрсеткіші*

*1 курс – 110 студент*

*2 курс – 236 студент*

*3 курс – 118 студент*

*4 курс – 65 студент*




Жастардың құқықтары мен міндеттері төңірегіндегі пікірталастар – жастар комитеті, студенттік парламент, «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебі мен «Парасат» дебат клубтарының біріккен отырысында жиі талқыға салынатын тақырыптардың бірі. Аталмыш тақырып аясында құқық қорғау қызметкерлері колледж студенттерімен жиі әңгімелер жүргізіп, бүгінгі қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерді өскелең буынға жеткізіп тұрады.











2021-2022 оқу жылының I жартыжылдығында үйірме-клубтардың альбомдары жасалды. Арнайы жасалған альбомдарда үйірме-факультативтердің атқарған жұмыстары, жетістіктері көрсетілді.

## Студентке бағытталған білім беру ортасын құруда оқу орнында элективті курстар жүргізіледі.

Элективті курс – студенттердің әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандырып, кәсіби профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс мазмұны оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмін құруда.

### Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде жүргізілетін элективті курстар тізімі:

| № | Атауы | Жетекшісі |
|---|---|---|
| 1 | Инклюзивті білім беру негіздері | Секенова Б.Б.<br>Абилкасимова Ә.Е<br>Құрметқызы М. |
| 2 | «Зерек» студенттердің ғылыми қоғамы | Утебаева Д.З.<br>Китарова Г.С. |
| 3 | М.Монтессори технологиясы | Әмірова С.А.<br>Серікбаева И. |
| 4 | Web-дизайн | Мендыбаева А. |
| 6 | Фото, видео ісі | Сағындық Т.С. |
| 7 | Латын графикасы | Рахимова А.С.<br>Жабагинова М. |
| 8 | WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (мектепке дейінгі бөлім) | И.Серікбай<br>А.Смаилова<br>Г.Амиржанова<br>Атай С.Қ |

| № | Атауы | Жетекшісі |
|---|---|---|
| | | А.Мендыбаева<br>А.Каппас |
| 9 | WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (бастауыш мектеп бөлімі) | Г.Амиржанова<br>Ө.Төлеген<br>Б.Батанасова<br>Б.Азбергенова<br>К.Мукушева<br>Ж.Ехсанова |
| 10 | Кәсіпкерлік негіздері | М.Нұрқан<br>Ұ.Қабдуали<br>И.Серікбай<br>Ж.Шытырымбекова |

Нәтижесінде, сапалы ұйымдастырылған элективті курстардың мазмұны жеке тұлғаның ғылыми кеңістігі мен дүниетанымын жетілдіруге мүмкіндік береді.

*Қосымша 54. 2017-2022 жылдарға арналған элективті курс журналдары*

## Кәсіби білім берудегі инновациялық жобалар мен меморандумдар

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі бірнеше мекемелермен келісімдер мен меморандумдар жасасты. Айталық, Нұр-Сұлтан қаласындағы «BIGDREAM» кітап баспасымен заманауи үлгідегі презентациялық жобалар жасалуда. Студенттердің ғылыми жобаларға деген бейімділігін арттыру мақсатында «КазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника Федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігімен инновациялық бағытта жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда, «Робот техникасы» элективті курсының жетекшілері мен студенттері бірлестікпен тығыз байланыс орнатқан. Колледж оқытушылары Д.Утебаева мен Р.Здуалиев бірлестіктің әділқазылар алқасы мүшелігіне енсе, «Робот техникасы» элективті курсының 25 студенті қазіргі таңда «КазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника Федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігімен робот техникасы бойынша жаңа жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ғылыми зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында **«Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» қоғамдық бірлестігімен** ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында академия қызметкерлерімен бірлесе отырып, білім беру саласының дамуына, оқулық, оқу-әдістемелік кешендер дайындау жұмыстарына қатысу; педагогикалық колледж оқытушыларының ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік потенциалын арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Ғылыми зерттеу және білім берудің теориялық және стратегиялық дамуын жоғары деңгейге көтеру; ғылыми зерттеулердің нәтижесін тарату; жоғары колледж оқытушыларының кәсіби дайындығы мен кәсіби біліктілігін, педагогтардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым белсенділігін арттыру; халықаралық деңгейде ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру мақсатында **«Ресей білім беру академиясының білім беруді дамыту стратегиясы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесімен** ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандумы аясында институт қызметкерлерімен бірлесе отырып, отандық білім беру жүйесіндегі жаңалықтармен бөлісіп, ынтымақтас қарым-қатынас жасауда.

Халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және дамыту мақсатында **Ұлыбритания елінің Кэмбридж аймақтық колледжімен** ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандумы аясында жоғары колледж оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру; оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру; жоғары колледжде Кэмбридж аймақтық колледжінің білім беру бағдарламаларын франчайзингін жүзеге асыру; ELEMENTARY, INTERMEDIATE, UPPET-INTERMEDIATE деңгейіндегі тілді меңгерту бағдарламаларын енгізуде тілдік құзіреттілікті дамыту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда колледждің ағылшын тілі бөлімінің оқытушылары мен студенттері дипломдық жобаларға қатысты Кэмбридж аймақтық колледжімен қарым-қатынасты нығайтуда.

Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша эксперименттік жүйеде даярланған жоғары колледж түлектерінің жоғары оқу орнында білімін жалғастыруын кіріктірілген білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асыру; ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулердің нәтижелерін кәсіби білім беру саласындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу; педагогтардың ғылыми әлеуетін арттыру; педагогикалық қызметкерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым белсенділігін арттыру, педагогикалық іс-тәжірибені заманауи талаптарға сай сапалы жүзеге асыру мақсатында **Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен** 2018 жылы ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында университет қызметкерлерімен бірлесе отырып, білім беру саласының дамуына атсалысу, оқулық, оқу-әдістемелік кешендер (силлабус) әзірлеу жұмыстарына қатысу; жоғары педагогикалық колледж оқытушыларының ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдіснамалық әлеуетін арттыру; жоғары колледж оқытушылары құрамынан ғылыми-академиялық магистрлер, философия (PhD) докторларын даярлауда университет тарапынан қолдау көрсетілуде.

Білім беру, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту саласындағы жалпы саясатты анықтау; педагогикалық мамандықтар

бойынша кәсіптік стандарттар негізінде жасалған модульдік-құзіреттілік тәсілдемесіне негізделген және кіріктірілген білім беру бағдарламалар жобасын және педагогикалық сынақ алаңшасындағы эксперименттер мен апробацияларды әзірлеу бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыру; білім сапасын арттыруға бағытталған инновациялық жобаларды бірлесіп өңдеу мен өткізу; ғылыми-практикалық конференциялар, түрлі деңгейдегі семинарлар ұйымдастырып, тәжірибе алмасу мақсатында 2018 жылғы **«Shymkent» Жоғары педагогикалық колледжімен** ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандум аясында «Shymkent» Жоғары педагогикалық колледжінің педагогикалық ұжымымен бірлесіп, ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс атқаруда.

Ғылыми зерттеу және білім берудің теориялық және стратегиялық дамуын жоғары деңгейге көтеру; ғылыми зерттеулердің нәтижесін тарату; жоғары колледж оқытушыларының кәсіби дайындығы мен кәсіби біліктілігін, педагогтардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым белсенділігін арттыру; халықаралық деңгейде ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру мақсатында 2020 жылы **Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен** ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандумы аясында педагог қызметкерлерімен бірлесе отырып, отандық білім беру жүйесіндегі жаңалықтармен бөлісіп, ынтымақтастық қарым-қатынас жасауда.

Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша эксперименттік жүйеде даярланған жоғары колледж түлектерінің жоғары оқу орнында білімін жалғастыруын кіріктірілген білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асыру; ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық зерттеулердің нәтижелерін кәсіби білім беру саласындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу; педагогтардың ғылыми әлеуетін арттыру; педагогикалық қызметкерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым белсенділігін арттыру, педагогикалық іс-тәжірибені заманауи талаптарға сай сапалы жүзеге асыру мақсатында **«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетімен»** 2021 жылдың 21 сәуірінде ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында университет қызметкерлерімен бірлесе отырып, білім беру саласының дамуына атсалысу, «Логопедия» білім беру бағдарламасы, оқулық, оқу-әдістемелік кешендер (силлабус) әзірлеу жұмыстарына қатысу; жоғары педагогикалық колледж оқытушыларының ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдіснамалық әлеуетін арттыруда университет тарапынан қолдау көрсетілуде.

2021 жылы «Алматыкітап» баспасының «TopIQ» электорндық оқулықтар платформасының тұсаукесері Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде өткізіліп, ынтымақтастық мемарандумына қол қойылды. Білім беру саласының дауына, оқулық, оқу

құралы, оқу-әдістемелік кешен жазу жоспарланып, авторлар құрамын құруда жұмыс жүргізілуде.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс ғылым мен білімді интеграциялау, оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізу және жетілдіру, оқу орнының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалын дамыту, педагогикалық процесстің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

### 14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) МЖМБС талаптарына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына және кәсіпорындарды (ұйымдарды) практика базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту.

Колледжде теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту және кәсіптік практика жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар» атты 2-тарауына сәйкес кәсіптік практика оқу, өндірістік және дипломалды болып бөлінеді. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының негізінде оқу орнымызда білім алушылардың кәсіптік практикадан өту үшін практика базалары ретінде облыстық, қалалық, аудандық білім мекемелерімен келісім шарт жасалып, практикадан өтудің бағдарламасы бекітіледі (*Кәсіптік практика бағдарламалары қоса беріледі)*.

*Қосымша 55. 2017-2022 жылдар аралығындағы кәсіптік практика бағдарламалары*;

*Қосымша 56. Сырттай оқу бөлімінің практика бағдарламалары мен хаттамалары.*

Білім алушыларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша кәсіптік практиканы өту туралы жолдамасы және күнделік-есеп беріледі. Кәсіптік тәжірибеге жолдамалар оқу орнының басшысының бұйрығымен және тәжірибе жетекшісімен уақытты көрсете отырып толтырылады. Күнделік-есепте мектеп тарапынан бекітілген мектеп әдіскерлері білім алушының практиканың мақсат-міндеттеріне сай қорытынды баға, мінездеме жазылады. Практика аяқталғаннан кейін білім алушы тәжірибе нәтижелері бойынша жазбаша есеп жасайды. Күнделік есепте білім алушының практика кезіндегі жазбаша есебі көрсетілген. Білім

алушылардың кәсіптік практикадан өтуі кезінде білім беру ұйымынан жетекшілер тағайындалады (Кәсіптік практиканы өту жолдамасы мен күнделік-есеп үлгілері, әдіскерлер есептерінің үлгілері қоса беріледі).
*Қосымша 57. Кәсіптік практикадан өту жолдамасы мен күнделік-есеп;*
*Қосымша 58. 2017-2022 жылдар аралығындағы практика әдіскерлерінің есебі.*

Кәсіптік практиканың базасы ретінде анықталған білім беру ұйымымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік практикадан өту туралы шарт жасалады *(кәсіптік практикадан өту туралы шарт үлгілері қоса беріледі)*.
*Қосымша 59. 2017-2022 жылдар аралығындағы кәсіптік практикадан өту туралы келісім шартттар.*

## 15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды бақылау, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар» атты 2-тарауына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы №125 бұйрығының 2-қосымшасының негізінде жүзеге асырылады. Ағымдағы бақылау пәндер немесе модульдер бойынша практикалық және семинарлық сабақтар жоқ болған жағдайда, оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмалар, рефераттар, эссе) тексеруі арқылы, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып анықтайды. Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің немесе модульдерінің тізбесі мен нысанын оқу жұмыс жоспарларына сәйкес белгіленеді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пән бойынша емтихандар өткізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар "Жалпы білім беретін пәндер" модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі. Оқу орнында білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен

бағдарламаларына сәйкес курстық жұмыстарды қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жұмыстарды қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарында аталған пән немесе модуль бойынша емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде аралық аттестаттау қарастырылмаса, сынақтар келесі семестрге ауысқан пәндер немесе модульдер бойынша өткізіледі. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің немесе модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды. Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жұмыстар пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі. Аралық аттестаттауға әрбір пән немесе модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, және курстық жұмыстарды, сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшіріледі (*аралық аттестаттау графиктерінің көшірмелері қоса беріледі).*

*Қосымша 60. 2017-2021 ж. аралық аттестаттау кестелері.*

*Қосымша 61.Сырттай оқу бөлімінің ағымдағы емтихан, сынақ, бақылау кестесі 2017-2022 оқу жылдары.*

## 16) білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие компонентін іске асыру.

Қазіргі қоғам адамның тек қана кәсіби білімді болуын талап етіп қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын, сондай-ақ, заман талабына сай тіршілік ете білуді талап етеді. Студенттің тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креа-тивтілік, белсенділік, жеке басының намысы, ой-пікір тәуелсіздігі болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Жоғарыда аталған құндылықтарды болашақ мамандардың бойында қалыптастыру үшін колледж студент-жастарды әлеуметтендіру бағытында төмендегідей мақсат-міндеттерді алға қояды:

- Әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, ізгілікті құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білетін тұлғаны қалыптастыру;
- Ұлттық санасы қалыптасқан, азаматтық, отан сүйгіштік қасиеттерін бойына сіңірген, елінің экономикалық және мәдени тұрғыда дамып, әлемдік қоғамда зиялы мемлекет болып қалыптасуына үлес қосуға талпынысы бар жоғары сапалы студент тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының Заңдарын сыйлайтын және әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысын жоғары бағалайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеу;
- Өзін объективті бағалайтын, өзін-өзі дамытатын, қабілеті қалып-тасқан, өз потенциалын (қабілетін, мүмкіншілігін) біліп, оны іске асыра алатын, өздігінен шешім қабылдап, алдына мақсат қоя білетін және алдын ала болжай алатын еркін тұлғалық қасиеттерге бейімдеу;

Өмірде барлық жағынан жоғары әлеуметтік белсенді, жаңаны іздеуге, өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін таба алатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті маман даярлау.

Жоғарыда аталған мақсаттарды іске асыру бағытында төмендегідей нормативтік-заңнамалық актілер, тұжырымдамалар мен бағдарламалар басшылыққа алынады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз, 1995 жыл;
2. "Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы" Заңы, 8 тамыз 2002 жыл;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 27 желтоқсан, 2019 жыл;
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы заңы. 12 қазан, 2021 жыл;
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы. 9 ақпан 2015 жыл;
6. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі 18 қыркүйек 2009 жыл
7. "ҚР Тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І ҚР Заңы (17.11.2021ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен)
8. "Неке және отбасы туралы" ҚР Заңы (24.12.01№276)1 шілде, 2020 жыл
9. "Құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ ҚР Заңы (19.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен)
10. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV ҚР Заңы (22.12.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен)
11. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» 22 сәуір, 2015 жыл;
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығы 6 сәуір 2020 жыл.
Тұлғаны әлеуметтендіру және мәдени-интеллектуалдық қабілетін, әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатына колледждегі тәрбие жұмысы оқу жылының басында Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы және колледждің әрбір оқу жылына арналған кешенді білім бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.
*Қосымша 62. 2017-2022 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары.*

**2021-2022 оқу жылындағы колледжде білім алушы студенттердің әлеуеті:**

| Жалпы студенттер саны | Оның | | Қала студент-тері | Қаладан тысқары жерден келгендер | Толық емес отбасында тәрбиеленушілер | Ата-анасының қамқорынсыз қалғандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1013 | 265 ер бала | 748 қыз бала | 204 | 818 | 179 | 18 |

| Өзге ұлт өкілдері | Жатақханада тұратындар | Пәтер жалдап тұратындар | Мүгедек студенттер | Отбасын құрған студенттер |
|---|---|---|---|---|
| | 377 | 243 | 4 | 23 |

Білім ошағында ата-анасының қамқорынсыз қалған 18 студент, оның ішінде үш студент Аққөл балалар үйінінен. Ата-анасының қамқорынсыз қалған 18 студенттің барлығы мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алуда. Аталған студенттер бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, жатақханада тегін тұруға жеңілдіктер жасалған.

Колледж студенттерінің курстар мен мамандықтар шегінде студенттер контингенті бойынша соңғы 5 жылдағы 2017-2022 оқу жылы аралығындағы статистикалық көрсеткіші жүргізіле отырып, әр бөлімде анықталған шетелдік студенттер, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, аз қамтылған отбасының балалары, мүгедек балалар, ата-анасы мүгедек балалар, көп балалы отбасынан шыққан балалар категориясы бойынша мәлімет беріліп отыр.

## Курстар мен мамандықтар шегінде студенттер контингенті бойынша соңғы 5 жылдағы статистикалық көрсеткіштер

## 2017-2022 жылдар аралығы

| № р/с | Оқу жылы | Шетелдік студенттер | Жетім балалар | Ата-анасының қамқорлығы нан айырылған студенттер (қамқоршыс ы бар) | Аз қамтылған отбасының балалары (әлеуметтік жағдайы төмен) | Мүгедек балалар | Ата-анасы мүгедек балалар | Көп балалы отбасынан шыққан балалар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 2017-2018 | 12 | 3 | 7 | 12 | 2 | 3 | 119 |
| 2. | 2018-2019 | 27 | 4 | 8 | 16 | 2 | 2 | 124 |
| 3. | 2019-2020 | 34 | 5 | 9 | 18 | 5 | 2 | 184 |
| 4. | 2020-2021 | 35 | 6 | 9 | 27 | 7 | 1 | 204 |
| 5. | 2021-2022 | 11 | 3 | 16 | 25 | 4 | 2 | 215 |




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну» қаулысының орындалуына сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша 2021-2022 оқу жылында жалпы колледжде 261 студент әлеуметтік көмек алады.

*Қосымша 63. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша әлеуметтік жағдайына байланысты студенттерге берілетін әлеуметтік көмек беру бұйрықтары.*

| № р/с | Оқу жылы | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімі | Дене тәрбиесі және спорт бөлімі | Бастауыш мектеп бөлімі | Музыка бөлімі | Филология бөлімі | Ағылшын бөлімі | Информатика бөлімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2020-2021 | 37 | 26 | 39 | 28 | 35 | 46 | 20 |
| 2. | 2021-2022 | 51 | 20 | 33 | 11 | 54 | 67 | 31 |

Білім беру стандартына сәйкес колледж оқытушыларына топ жетекшілік міндеті жүктеледі. Топ жетекшісі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес жасалған қызметтік нұсқаулық негізінде жұмыс жүргізеді.

Қызметтік нұсқаулық топ жетекшісінің міндетін және жауапкершілігін анықтайды. Топ жетекшісі директордың орынбасарлары мен бөлім меңгерушісіне бағынышты және оларға есеп береді. Топ жетекшілік жұмысы 1 курстан бастап, 4 курс аяқталғанша жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылында 50 топ жетекші жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы нормативті құжаттарына және колледждің кешенді білім бағдарламасына сәйкес топ жетекшілері оқу жылына тәрбие жоспарын жасап, соған негізделе студенттермен жұмыс жүргізеді:

1. Ұйымдастыру жұмыстары;
2. Топ ұжымымен жұмыс;
3.Жеке-дара жұмыс;
4. Әлеуметтік статусқа ие студенттермен жұмыс;
5. Белсенділер тобымен жұмыс;
6. Ата-аналармен жұмыс;
7. Топта сабақ беретін оқытушылармен жұмыс;

Топ ұжымы қызметінің негізгі бағыттары мен формалары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;

9. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары;

10. Діни сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстар.

*Қосымша 64. Тәрбие бағыттары бойынша іс-шаралар әзірлемелері мен жоспарлары (2017-2022 о.ж);*
*Қосымша 65. Топ жетекшілерінің жылдық жоспарлары;*
*Қосымша 66. Топ жетекшілерінің есептері (2017-2022 о.ж);*
*Қосымша 67. Топ жиналыстарының хаттамалары, журналы, руханият және әлеуметтік картасы (2017-2022 о.ж).*

Топ жетекшілері топпен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, студенттермен рухани-адамгершілік, өнегелілік, ізгілік, парасат, адами құндылық тақырыптарында әңгіме жүргізіп отырады. Қыз балалар тәрбиесіне аса назар аударып, оларға көркем-эстетикалық тәрбиенің озық үлгілерін насихаттайды, қыз бала бойында парасаттылықпен сұлулықтың гармониялық үйлесіммен қалыптасуына назар аударады. Ер балалардың мінез-құлқының нағыз азаматтық болмыспен үйлесуіне ықпал етіп, тектілік пен мәрттіліктің, рухани құндылық пен парасаттың, елжандылық пен ізгіліктің қатар дамуына көңіл бөледі. Ата-аналармен бала тәрбиесіне қатысты мәселелерде бірлесе жұмыс істейді, ата-аналармен жиі кездесу ұйымдастырып, әрдайым байланыста болып, кез келген жағдайда алдымен ата-ананы хабардар ету міндеттеледі. 2020-2021 оқу жылдары COVID-19 коронавирустық инфекциясына байланысты тәрбие жұмыстары қашықтықтан ұйымдастырылды. Топ жетекшілер жатақханада тұратын топ студенттерінің тұрмыс жағдайымен танысып, жатақхана тәрбиешілерімен, жатақхана кеңесімен тығыз байланыс жасайды.Топтағы тәрбие жұмыстарының өтілгенін айғақтайтын басты құжат – топ жетекшісі журналын толтырады. Топпен жүргізген жұмыстары туралы оқу жылының соңында тәрбие бөліміне жылдық есеп береді. Қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, студенттердің қоғамдық белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын жүргізеді. Топ жетекшілері студенттің әлеуметтенуіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне, болашақ педагог ретінде жан-жақты қалыптасуына жауапты.

Топ жетекшісінің портфолиосында толық құжаттар және өткізілетін іс-шаралардың сценарийлері, фото суреттері, студенттердің жетістіктері туралы мәлімет жинақталады.

Топ жетекшілер отырысы жылына екі рет өткізіледі. Отырыста студенттерді әлеуметтендіру саласында кездесетін өзекті мәселелер көтеріліп, тәжірибе алмасу мәселелері мен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жоспарының орындалуы қарастырылады. 2021-2022 оқу жылында топ жетекшілерімен бірлесе отырып, интеллектуалды тұлға қалыптастыру жолында кездесетін проблемаларды анықтап оның шешу жолдарын қарастыру және студенттің жан дүниесіне үңілу жолындағы кедергілерді жою, интеллектуалды тұлғаның макетін бірлесе жасау мақсатында «Студенттердің интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасу жолдары» әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 18 қаңтарындағы №24 бұйрығының 1-қосымшасы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі.

«Жалын» жастар ісі жөніндегі комитетінің негізгі мақсаты – колледждегі жастар саясатын жүзеге асыру, студенттердің лидерлік қасиеттерін дамыту. Комитет төрайымы Тайманова А.Т. және құрамындағы 22 студенттің басшылығымен студенттер колледж өмірінде, қала деңгейінде жүргізілетін жұмыстарға белсене атсалысып келеді. Сонымен қатар, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамытудың «Мектеп/студенттік парламент» тұжырымдамасы негізінде колледжде 2020-2021 оқу жылынан бастап Студенттік парламент жұмыс істейді. Студенттік парламенттің мақсаты – білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Көкшетау қаласында орналасқан барлық қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, бірлестіктермен жүйелі жұмыс жүргізудің нәтижесінде колледж студенттерінің 55%-ы қала өміріндегі бұқаралық іс-шараларға етене араласа отырып, қала мәдениетінің, өнерінің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосып жүр. Қала, облыс әкімдігі тарапынан колледж студенттерінің еңбектері назардан тыс қалмай, мемлекеттік мерекелерде әкімдіктің арнайы алғыс хаттарымен марапатталуда.

*Қоғамдық жұмыстарға деген студенттердің белсенділігін арттыру көрсеткіші*

*2017-2018 оқу жылы – 50%*
*2018-2019 оқу жылы – 54%*
*2019-2020 оқу жылы – 50%*
*2020-2021 оқу жылы – 60%*
*2021-2022 оқу жылы – 62%*



***2020-2021*** ***2021-2022***

Колледжде өзін-өзі басқару нысаны саналатын жастар комитетінің құрамына жатақхана кеңесі, топ басшылары, ұйымдастырушылар және студенттер активі кіреді.

Жастар комитеті студенттерден түскен өтініштер мен шағымдарды әкімшілікке жеткізе отырып, бірлесе шешім қабылдайды. Студенттердің арасында өткізілетін мәдени іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Жастар комитеті студенттердің қоғамдық жұмыстарда белсенділік таныту мақсатында түрлі бірлестіктермен тығыз жұмыс жүргізуде. Мәселен, Ақмола облысының жастар бойынша мәселелер басқармасымен, Ақмола облысының, Көкшетау қаласының жастар ресурстық орталығымен және қаланың мәдени ошақтарымен тығыз байланыста.

*Қосымша 68. Жастар ісі жөніндегі комитеттің ережесі, студенттік парламент ережесі, жылдық жоспарлары, портфолиосы, өткізілген іс шаралары (2017-2022);*

Колледж студенттері Облыстық және Республикалық ассоциациялар мен бірлестіктер құрамында. Мәселен, Республикалық «Жайдарман» бірлестігі, Көкшетау қаласының студенттер активі, «Юность» педагогикалық жасағы, «Думан» педагогикалық жасағы және т.с.с. бірлестіктер жұмыстарына атсалысады. Студенттердің көшбасшылық қабілетін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытып, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау мақсатында үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс жүргізеді. Студенттер түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқау-конкурстар мен фестивальдарға, спорттық жарыстарға қатысып, жетістіктерге жетуде.

2018-2019 оқу жылында Ақмола облысының білім беру басқармасының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдығына орай IX облыстық Дельфий ойындарының байқауында колледжіміздің информатика және музыка бөлімінің студенттері қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ, информатика бөлімінің студенттері Әлімбай Ержанат, Акаев Мирас, Бекмағанбет Жангелді жүлделі I орынды иеленсе, музыка бөлімінің студенті Ануарбек Жандос ән байқауынан жүлделі III орынның иегері атанды.

Теміртау қаласында жасөспірімдер арасында пауэрлифтингтен өткізілген Қазақстан Республикасының Чемпионатында дене мәдениеті бөлімінің студенті Ерлан Игілік I орынды иеленді. Дене мәдениеті бөлімінің I курс студенті Болд Жангул Түркістан қаласында өткен Қазақстан чемпионатында еркін күрестен жас өспірімдер арасында өткен жарыста бірінші орын алып, Жапонияның Токио қаласында өтетін Азия чемпионатына жолдама алды. Көкшетау қаласында термешілер арасындағы байқауда 2 курс

студенті Нұрдыхан Арыстан бас жүлдені жеңіп алды. Көкшетау қалалық кітапханасында өткен «Қыз сыны» сайысына колледжіміздің студенттері қатысып Силам Мерей бас жүлдеге ие болса, Жоямергенова Дарина «Көрермендер көз айымы» атағына ие болды

6-9 қараша аралығында Ақмола облысының техникалық және кәсіптік білім беру колледждері студенттерінің арасында облыстық «Кезең» спартакиадасы өткізілді. Спартакиада спорттың үш түрінен тұрды: дойбы, шашки, үстел теннисі. «Кезең» спартакиадасының бағдарламасындағы үстел теннисі жарыстары бойынша Рахимова Зарина, Қулынбетов Қуат, Омар Данияр, Мейрамова Мадина жүлделі I орынға ие болды. Дойбы жарыстары бойынша Нұрдыхан Арыстан жүлделі II орын, дойбы жарыстары бойынша Секел Жанарбек жүлделі II орынды иеленді. Жалпы қорытынды бойынша үстел теннисінен колледж командасы I орын, дойбы жарыстары бойынша II орынды иеленді. 2018 жылдың 9-10 қараша күндері аралығында II Республикалық «Дарабоз» өнер байқауы өтті. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің музыка бөлімінің студенттері қатысып, Қабдуали Сұлтан Мұратұлының жетекшілігімен «Аспапта ойнау» жанры бойынша 3 курс студенті Ануарбек Жандос II орын, 1 курс студенті Нұрбол Ылғар III орынды иеленді. Мұстафина Сәуле Галиханқызының жетекшілігімен 3 курс студенті Жүніс Нұрай «Аспапта ойнау» жанры бойынша жүлделі III орынды иеленсе, Такенова Сәуле Қайратқызының жетекшілігімен 1 курс студенті Рамазан Әсемгүл «Вокал» жанры бойынша жүлделі III орынға ие болды.

2019-2020 оқу жылында республикалық, халықаралық байқаулардың бірқатарына тоқталып өтсек, спорттық сайыстар бойынша: Болд Жангүл ДМ-21 тобының студенті ұлдар мен қыздар арасындағы еркін және әйелдер күресінен Халықаралық турнирде II орын, Балташ Шыңғыс Қазақстан Республикалық Чемпионатында (КУМИТЕ) бағдарламасында спорттық каратэден II орын, Ильясов Ислам Қазақстан Республиканың Чемпионатында ауыр атлетикадан II орын, Амантаев Мұхамед Республикалық турнирде ММА бойынша I орын, Аужан Аягөз Қазақстан Республикасының Чемпионатында қоян-қолтық ұрысынан әйелдер арасында II орын, Таутан Рахат Республикалық турнирде киокушинкай-кан каратэден II орын иеленді. Сонымен қатар, облыстық «Айбын» әскери-патриоттық жиынында 1 орын және облыстық «Кезең» спартакиадасынан, қалалық «Сұңқар» универсиадасынан колледждің спорттық командалары жүлделі орындармен оралды. Мәдени-интеллектуалдық шаралар бойынша «КВН» облыстық жастар лигасында колледж командасы II орын, «Игры разума» атты Қазақстан Республикасының Президенті күніне арналған облыстық интеллектуалды ойынында, командалық I орын иеленді. Музыка бөлімінің студенттері Маукен Гүлжан, Идрисова Мадина, Жұмат Айша, Ануарбекова Аружан, Каргина Вероника, Ануарбек Жандос және бөлім оқытушылары «Алтын күз» атты халықаралық фестиваль-байқауынан, «Сәлем Астана» атты республикалық фестиваль-байқауы «Жұлдыздай жарқыра» атты республикалық байқауынан жүлделі орындарға ие болды. Тұрсынбек Сая ФБ-

21 тобының студенті Петропавл қаласында өткен «Ұлы халықтың – Ұлы Абайы" атты аймақтық ақындар айтысының бас жүлде иегері, Мукиев Манас ФБ-43 тобының студенті «Тәуелсіз елімді жырлаймын» аймақтық жас ақындар мүшайрасында және «Көкшетау қаласының 195 жылдығына арналған жас ақындар арасындағы облыстық авторлық өлең-жобалар байқауында Дипломмен марапатталды. Өзге ұлт өкілдері бойынша Матчена Анастасия ФБ-22 ҚБ тобы Ақмола облысы бойынша ұйымдастырылған «Туған жерім – Қазақстаным» атты поэзиялық байқауда үздік өнер көрсеткені үшін және Роот Карина –ФБ-31 тобының студенті «Туған жерім –Қазақстаным» атты поэзиялық байқауға белсене қатысқаны үшін арнайы Сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар информатика бөлімінің студенттері. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Ата заңым - тұғырым» республикалық интернет байқауының жеңімпаздары атанды.

2020-2021 оқу жылы барысында «ҚР колледждерінің ең үздік 100 студенті» жобасына Филология бөлімінің студенті Аманжолова Аққу Қорғанқызы қатысып, еліміздің үздік студенттерінің қатарынан көріне білді. Семей қаласы, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің ұйымдастыруымен өткен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған республикалық «Абай тағылымы – адамзаттық тағылым» атты әдістемелік-шығармашылық фестивалі аясында «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» атты көркемсөз оқулары байқауында Филология бөлімінің студенті Секел Жанарбек өз өнерін ортаға салып, жүлделі І орынды иеленді. «Күн шуақ» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен қашықтықтан өткізілген республикалық «Зимняя сказка в Алматы – 2021» фестиваль-конкурсында «Самғау» хоры «Вокал, хор» номинациясы бойынша Гран при иеленді. 2020 жылдың қараша айында өткен пауэрлифтингтен ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионатында 53 салмақ дәрежесінде Дене мәдениеті бөлімінің студенті Игілік Ерлан І орын иеленді. Ақмола облысындағы техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің білім алушылары арасында өткізілген облыстық XVIII «Жігер» Спартакиадасының қорытындысы бойынша Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің студенттері жалпы командалық есеп бойынша жүлделі І орынды иеленді. Сонымен қатар, облыстық XVI «Кезең» Спартакиадасында колледж жалпы командалық есеп бойынша жүлделі ІІ орынды қанжығасына байлады. «Айбын» әскери-патриоттық клубы 2021 жылдың 13-16 қазан күндері Облыстық «Жігер» бағдарламасы аясында онлайн форматта «Отан қорғаушы» нормативін орындау сайысында «Айбын» әскери-патриоттық клубы жүлделі 3 орынды иеленді. «Кербез» мәдени-интеллектуалды қыздар мектебінің тәрбиеленушісі Қуанышбек Әсел «КӨКТЕМ АРУЫ – 2021» қалалық байқауының І орын жеңімпазы атанды. Ақтөбе қаласында республикалық «КОЛЛЕДЖ АРУЫ – 2021» байқауына Ағылшын бөлімінің 4-курс студенті Силам Мерей Базарбекқызы қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді. Дене мәдениеті бөлімінің 3 курс студенті Болд Жангүл Павлодар қаласында өткен Қазақстан Республикасының V Жастар спорт ойындарында әйелдер күресінен жүлделі І орынға ие болып Қазақстан

Республикасының спорт шебері атағын алды. Щучье қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген облыстық дебаттық турнирде Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің "Парасат" дебат клубы жүлделі ІІ орын иеленді. Көкшетау қаласы тарихи мұражайының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан: жетістік тарихы» байқауынада колледждің 1 курс студенттері 1 орынды иеленді. Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған спорттық WKC каратэден клубты командалар арасында Қазақстан Республикасының ІІІ чемпионатында Балташ Шыңғыс додаға түсіп, І орын иегері атанды. Отан қорғаушылар күніне орай өткізілген сап және әндер байқауының онлайн конкурсында «Айбын» әскери-патриоттық клубы І орынға ие болды. «СӘЛЕМ, АСТАНА» халықаралық фестиваль-байқауы 2021 жылдың мамыр айында «Күншуақ» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «СӘЛЕМ, АСТАНА» халықаралық фестиваль-байқауы өтті. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі Музыка бөлімінің студенттері «Сәлем, Астана» халықаралық фестиваль-байқауына бірнеше номинация бойынша қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Байқаудың вокал номинациясы бойынша 4 курс студенті Мағзұм Айсұлу Гран-при иегері атанды, «Наркескен» ер балалар хоры және Музыка бөлімінің студенттері Едрисова Мадина, Хашқынбай Таңшолпан І орынды қанжығасына байлады. Аспаптық музыка, фортепиано номинациясы бойынша Маукен Гүлназ, Едрисова Мадина І орын иегерлері атанды. Мәнерлеп оқу номинациясы бойынша 2 курс студенттері Акбарова Жұлдыз және Жырғау Айсауле І орынға шықты. Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай, «Жас Сарбаз – Тәуелсіздік тірегі» жобасының аясында өткен онлайн Республикалық әскери-патриоттық әндер байқауында креативті орындау номинациясына ие болғаны үшін «НАРКЕСКЕН» тобы марапатталды. 2021 жылдың 16-23 мамыр күндері Атырау қаласында Қазақстан Республикасының бесінші жастар спорт ойындары өтті. Бокстан әйелдар арасында сынға түскен Дене мәдениеті бөлімінің студенті Әділова Сымбат жүлделі ІІ орын иеленді. 2021 жылдың 28-30 мамыр күндері Түркия елінің Стамбұл қаласында өткен «CHAMPIONS – 2021» халықаралық турнирінде ДМ-31 тобының студенті Қазақстан Республикасының спорт шебері Болд Жангүл күрестен 62 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жүлделі ІІІ орын иегері атанды.

2021-2022 оқу жылы барысында Ақмола облысының туристік көпсайыс пен спорттық туризм федерациясы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Осенний листопад – 2021» ашық қалалық слетінде колледждің ересектер құрамасы жалпыкомандалық есеп бойынша І орынды, жасөспірімдер командасы жалпыкомандалық есеп бойынша ІІ орынды иеленді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Райымбек батырды еске алуға арналған қазақ күресінен жасөспірімдер арасында республикалық турнирде 76 келі салмақ дәрежесінде Төлеухан Алмат ІІІ орын иегері атанып, 70 мың теңгелік сертификатқа ие болды. Колледж студенттері Болат Мөлдір, Қасым Алтынай және Омаров Арыстан «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты Ақмола облыстық филиалының өкілдері

фасилитаторлары ретінде Түркістан облысындағы «Тау Самал» сауықтыру кешені базасында «Jastar Otanga» халықаралық жастар форумына қатысып, Қасым Алтынай "Ең үздік фасилитатор" атағын жеңіп алды. Қарағанды қаласында өткен киокушинкай-кан каратэден Қазақстан Республикасының чемпионатында Тіржан Әділжан I орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. «Jas sarbaz» облыстық әскери-патриоттық лагерінде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының III курс студенті Камархан Жетпіс «IQ Kazakhstan» интеллектуалдық-зияткерлік ойынында жүлделі II орынды иеленіп, әскери-патриоттық лагерінде белсенді қатысқаны үшін сертификат табыс етілді. «Саналы ұрпақ» ерікті студенттік клубтарының слетінде колледж командасы белсене қатысып, байқаулар арасында жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін III дәрежелі дипломды иеленді. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсында информатика бөлімінің III курс студенті Алькенов Данекер Амангельдыұлы мен музыка бөлімінің 3 курс студенті Рамазан Лана еліміздегі ең үздіктердің көшін бастады. «КҮН ШУАҚ kz» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Күншуақ» республикалық фестиваль-конкурсында колледж студенттері Сәлімгерей Ақгүлім мен Хуандаг Гүлжанар «Вокал» номинациясы бойынша гран при иегері атанды. «Ақмола жұлдыздары» қалалық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауының гала-концертінде «Шабыт» домбырашылар ансамблі, «Назерке» камералық хоры және «Жас дәурен» квинтеті қатысып байқауда көрсеткен жоғары орындаушылық шеберлігі мен үздік өнері үшін лауреат атанып, арнайы дипломмен марапатталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік таңы» атты облыстық хореографиялық фестивалінде «Мерей» халықтық би ансамблі үздік өнер көрсеткені үшін арнайы дипломмен марапатталды. Ақмола облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығының ұйымдастыруымен «Ұлттық студенттік лигасы» бағдарламасына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында ұлттық спорт түрлерінен колледж командасы «Тоғызқұмалақтан» I орынды еншілесе, «Бес асықтан» II орынға ие болды. Сондай-ақ жекелей колледж студенттері Төлеген Ерназ, Болатбек Нұрбол, Сүлейменова Дамира «Тоғызқұмалақтан» I орынды иеленіп, жүлде қорын молайтты. Ал «Бес асықтан» Арман Ақжүніс, Орынтай Сандуғаш, Дробилина Диана күміс жүлдені еншіледі. Ибраимов Ермаханның жүлдесіне арналған республикалық турнирде ДМ-31 тобының студенті Әділова Сымбат жастар (әйелдер) арасында 50 кг салмақ дәрежесінде күш сынасып, I орынды иеленді. «Жамбыл Жабаев – ұлы дала Абызы» атты республикалық форумында «Филология» бөлімінің II курс студенті Клепцова Виктория жүлделі I орынды иеленді. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай спорттық WKS каратэден Қазақстан Республикасының чемпионатында ДМ-31 тобының студенті Балташ Шыңғыс КАТА бағдарламасы бойынша жеңімпаз атанды. АБС салмақ дәрежесінде Кумите бағдарламасы бойынша III орынға ие болды. Ақмола облысының Ішкі саясат басқармасы және «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің

ұйымдастырумен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Өркендеген отыз жыл» атты брейн-ринг ойынында колледж студентерінен құралған топ жеңімпаздар қатарынан көрініп, арнайы Дипломмен және ақшалай сертификатпен марапатталды. «Ақмола жұлдыздары» қалалық көркемөнерпаздар байқауының қорытындысы бойынша оқу ордамыз марапатталып, Бас жүлдеге ие болды

*Қосымша 69. Студенттер жетістіктері туралы мәлімет;*
*Қосымша 70. Қалалық деңгейдегі жетістіктер;*
*Қосымша 71. Облыстық деңгейдегі жетістіктер;*
*Қосымша 72. Республикалық деңгейдегі жетістіктер;*
*Қосымша 73. Халықаралық деңгейдегі жетістіктер.*




Колледжде бүгінгі күнге дейін діни ағымдардың ықпалына түсіп, діни үлгідегі киімдер киетін, әр түрлі діни секталардың уағыздарын ұстанып себепсіз сабақ босататын студенттер есепке алынған жоқ. Болашақта аталмыш мәселені жастар арасында белең алдырмау мақсатында юстиция мамандарымен, ішкі саясат қызметкерлерімен, Науан Хазірет атындағы орталық мешіт және Ғалым атындағы мешіт имамдарымен тығыз байланыс орнатты. «Ислам және өркениет», «Діни ағымдар және жастар», «Әлем және ислам» тақырыптарында дәстүрлі лекциялар, бейне қойылымдар ұйымдастырып, дәстүрлі дін және сектанттық экстремистік діни ағымдар арасындағы айырмашылықтар жайлы ақпарат беріп отырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарына белсенді араласа отырып, жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану заңдылығын насихаттау жұмыстары да оңтайлы ұйымдастырылуда. Атап айтатын болсақ, спорттық жарыстар, волейбол, баскетбол, минифутбол ойындарынан жолдастық кездесулер ұйымдастыру, қысқы және жазғы Президенттік

сынақтарға қатысу жүйелі түрде іске асырылады. Жеткіншек буынның өз денсаулығына қалпына келмейтін ресурс ретінде бағалауға дағдыландыру мақсатында колледжде 10 спорттық секция жұмыс істейді. Аталмыш клубтар мен секцияларға 275 студент тартылған. Спорттық секциялардың жетекшілігімен студенттер қала, облыс деңгейінде өткізілетін барлық іс-шараларға белсене атсалысады.

Колледжде өткізілген барлық іс шаралар, студенттер жетістіктері насихатталып әлеуметтік желіге жүйелі салынып отырады.

## Колледждегі әлеуметтік желілер туралы мәлімет:

| № | Әлеуметтік желі парақшаларының атаулары | Жауапты оқытушылардың аты-жөні | Логиндері | Сілтемелері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің **ресми сайты** | Габбасова Аимгуль Болатханвна | kazped@mail.ru | http://kazped.edu.kz/ |
| 2 | Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің **фейсбук желісі** | Габбасова Аимгуль Болатханвна | 87056340814 | https://www.facebook.com/%D0%96%D0%9C%D1%83%D1%81%D0%B8%D0%BD-%D0%B0%D1%82%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D0%9A%D3%A9%D0%BA%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%B0%D1%83-%D0%B6%D0%BE%D2%93%D0%B0%D1%80%D1%8B-%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B-%D0%BF%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BB%D0%B5%D0%B4%D0%B6%D1%96-330877643963341 |
| 3 | «Қайдасыңдар, қасқа құлындар» **фейсбук желісі** | Мұқышева Қарагөз Серікқызы | kazped@mail.ru | https://www.facebook.com/kazped |
| 4 | Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау | Рахимова Зарина Жомартовна | Kpk.library | https://www.instagram.com/kpk.library/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасы» **инстаграм желісі** | Жагипарова Камал Думатовна | | |
| 5 | Жастар ісі жөніндегі комитеттің **инстаграм желісі** | Тайманова Айнұр Талғатқызы | Kdm.kpk | https://www.instagram.com/kdm.kpk/ |
| 6 | Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің **инстаграм желісі** | Габбасова Аимгуль Болатханвна | VKPK_OFFICIAL | https://www.instagram.com/vkpk_official/ |
| 7 | «Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубының **инстаграм желісі** | Тайманова Айнұр Талғатқызы | _tomiriskyzdary_ | https://www.instagram.com/_tomiriskyzdary_/ |
| 8 | «Кербез» мәдени интелектуалдық ыздар мектебінің **инстаграм желісі** | Сарша Жанар | vkpk_kerbez | https://www.instagram.com/vkpk_kerbez/ |
| 9 | «Ар-Намыс» саяси-интеллектуалдык клубынын **инстаграм желісі** | Тиншаев Шерхан Рахметуллаұлы | arnamyskz | https://www.instagram.com/arnamyskz/ |
| 10 | «Парасат» дебат клубынын **инстаграм желісі** | Қайырбай Айым Маралбекқызы | vkpk_parasat | https://www.instagram.com/vkpk_parasat/ |
| 11 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің **инстаграм желісі** | Серікбай Индира Сағдатқызы | mektepke_deiingi_bolim | https://www.instagram.com/vkpk_parasat/ |
| 12 | Бастауыш білім беру бөлімінің **инстаграм желісі** | Кусаинова Толғанай Нұрбекқызы | bastauysh.mektep | https://www.instagram.com/bastauysh.mektep/ |
| 13 | Музыка бөлімінің **инстаграм желісі** | Абдрахманова Салтанат Таубайқызы | muzyka_bolimi | https://www.instagram.com/muzyka_bolimi/ |
| 14 | Ағылшын бөлімінің **инстаграм желісі** | Сабырова Әсем Бекешқызы | ed_kpk | https://www.instagram.com/ed_kpk/ |
| 15 | Информатика бөлімінің **инстаграм желісі** | Мендыбаева Айжанар Нұрланқызы | _.informatika._ | https://www.instagram.com/_.informatika._/ |
| 16 | Филология бөлімінің **инстаграм желісі** | Әбиева Камила Қойшыбайқызы | filologiabolimi | https://www.instagram.com/filologiabolimi/ |
| 17 | «Мерей» би ансамблының **инстаграм желісі** | Калиева Гүлжан Жанболатқызы | _merei_bi_ansambli | https://www.instagram.com/_merei_bi_ansambli/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | «Баһадүр» би ансамблінің **инстаграм желісі** | Калиева Гүлжан Жанболатқызы | _bahadyr_bi_ansambli_ | https://www.instagram.com/_bahadyr_bi_ansambli_/ |
| | **БАРЛЫҒЫ - 18** | | | |

## Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің ресми сайты





## Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің фейсбук желісі






## «Қайдасыңдар, қасқа құлындар» фейсбук желісі






**Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасының» инстаграм желісі**




**Жастар ісі жөніндегі комитеттің инстаграм желісі**



## Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің инстаграм желісі



## «Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубының инстаграм желісі



## «Кербез» мәдени-интеллектуалдық қыздар мектебінің инстаграм желісі




## «Ар-Намыс» саяси-интеллектуалдық

## клубының инстаграм желісі



## «Парасат» дебат клубының инстаграм желісі



## Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің инстаграм желісі



## Бастауыш білім беру бөлімінің инстаграм желісі




**Музыка бөлімінің инстаграм желісі**




**Ағылшын бөлімінің инстаграм желісі**




**Информатика бөлімінің инстаграм желісі**



**Филология бөлімінің инстаграм желісі**



**«Мерей» би ансамблінің инстаграм желісі**






Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жас талап» телеграм каналы мен чатына барлық студенттер, педагогтер тіркелді. Бұл жастар мен педагогтердің, мемлекеттің арасындағы диалог алаңы, пікір алмасу, озық кейстерді жариялау, пайдалы ақпаратты және жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстарды жариялайтын алаң болғандықтан, колледждің студент-жастары белсенділік танытуда.

Білім беру деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көр¬сеткіші екені белгілі. Ол – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім берудегі артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізеді. Сондықтан білім берудің дамуы – үлкен ұлттық мәні бар міндет.

Осы орайда колледжіміздің студентке бағытталған сапалы кәсіптік білім беруде оқытушылардың өнімді жұмыс жасауына жағдай, интеллектуалдық шығармашылық тұрғыдан даму мақсатында «КОВОРКИНГ» шығармашылық алаңдары бар. Бұл жоба тек оқытушылардың өнімді жұмыс жасауынан ғана емес сонымен қатар студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, шығармашылық тұрғыда даму үшін үлкен септігін тигізеді.

Коворкинг сөзінің түп – тамыры ағылшын елінен келген. Қазақ тілінен аударғанда Co-working, «бірлескен жұмыс» кең мағынада жалпы кеңістікте бірнеше жұмыс түрлерімен еркін түрде айналысу деген мағынаны білдіреді.

Колледждегі коворкинг шығармашылық алаңдары заманауи үлгідегі жұмсақ жиһаз түрлерімен қамтамасыз етіліп, пайдаланушылар өздерін жайлы сезіну үшін барлық жағдай жасалған.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жүзеге асырудағы іс-шаралар жоспары бойынша оқу орнының екінші қабатында «BOOKCROSSING» кітап сөресі ұйымдастырылған

«Буккросингтің» басты мақсаты: оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу, әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту, күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу, әлемді үлкен кітапханаға айналдыру.

Студент латын тілінен аударғанда ынтамен жұмыс істеуші, білімді меңгеруші деген мағына береді. Егер, студент 17-20 жастағы тұлға ретінде қарастырылса, бұл оның өнегелі және эстетикалық сезімдерінің белсенді дамитын, мінез-құлқының қалыптасып тұрақтанатын, есеюдің әлеуметтік рөлдерінің (азаматтық, кәсіптік, еңбек және т.б.) толық кешенін меңгеретін кезеңі. Психологиялық жағынан қарағанда, студенттердің жеке тұлға болып қалыптасып дамуына биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Оқу орнының метатану стратегиясына негізделіп, білім алушылардың сұраныстары мен жеке қабілеттерін қамтамасыз етуі мақсатында студентке бағытталған білім беру парадигмасына көшіп, жастарды мемлекетшілдік рухта тәрбиелеу принципі негізге алынған.

Студентке бағытталған кәсіби білім берудің маңызды факторы ретінде тұлғаны әлеуметтендіруде колледждің тәрбие блогы жан-жақты жұмыс атқаруда.

## 17) біліктілік талаптарын сақтау (біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17, 19, 20-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, сонымен қатар жалпы білім беру ұйымы, оның ішінде мамандықтар бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі).

Колледж балансында 1989 жылы мемлекеттік типтік жоба бойынша салынған 2 ғимарат бар. 552 орындық оқу корпусы және 360 орындық жатақхана. Оқу корпусының жалпы ауданы - 5016,7ш.м.

Сапалы білім беру мақсатында оқу-материалдық және техникалық базаны нығайту үнемі жүзеге асырылуда. Оқу корпусында 24 дәрісхана, 14 жеке әуез дәрісханалары дәрісхана оқытуға арналған қажетті құралдармен музыкалық аспаптармен, соңғы үлгідегі интерактивті панельдермен, бейне-магнитофон, теледидар, компьютер, интерактивтік тақталармен жабдықталған. Сонымен қатар, би және спорт залы, тир, тренажер залы, релаксация және дауыс жазу орталығы, баспахана, ахана, электрондық-ресурстық кітапхана және көпфункциялы конференц зал және 5 компьютер дәрісханасы, оның барлығы интернет желісіне қосылған. Оқу корпусындағы дәрісханалар қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Жыл сайын колледждің қаражатынан бөлініп оқу корпусы мен жатақ-ханада, дәрісханаларда, салтанат залында, асханада тұрмыс бөлмелері, спорт

залында, колледж дәліздерінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Костюмерлік киім бөлмесі бар, онда 500-ден астам костюмдер бар (жабдыққа арналған жүкқұжаттар мен бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері және мамандықтар бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі).

*Қосымша 74. 2017-2021 жылдардың жабдықтарға арналған жүкқұжаттар көшірмелері;*

*Қосымша 75. Негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері;*

*Қосымша 76. Мамандықтар бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар*;

Ғылыми-әдіснамалық және инновациялық жұмыстар колледждің стратегиялық және кешенді білім бағдарламасы бойынша іске асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы №726 қаулысымен бекітілген білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен сабақтастықта құрылған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының мазмұнында білім мен ғылымды дамытуға арналған ең қажетті міндеттерге баса назар аударылған. Аталған жобаны жүзеге асыру мақсатында колледж ұжымы студенттердің сапалы білім алуына және кәсіби-тұлғалық кемелденулеріне кешенді мүмкіндіктер жасады.

Кәсіби білімдегі ғылыми-инновациялық және әдістемелік жұмыс оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу қызметімен өлшенетін процесс. Колледж оқытушылары облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық, ғылыми-теориялық конференцияларға белсене қатысып, жаңартылған білім мазмұны негізінде оқу-әдістемелік ресурстар әзірлейді. Педагогикалық ұжымның білім саласындағы өзекті мәселелер жөнінде өз ойларын ортаға сала білуі – кәсіби потенциалдың жоғары екендігін көрсетеді.

Колледжің ғылыми-әдістемелік қызметі заманауи талаптарға сай кәсіптік қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру барысында педагог кадрларды даярлау үшін ақпараттық-коммуникациялық, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық негіз болып табылады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс ғылым мен білімді интеграциялау, оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізу және жетілдіру, оқу орнының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциялын дамыту, педагогикалық процестің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында педагогикалық іс-әрекеттерді кешенді түрде жүзеге асырады.

Әдістемелік қызмет жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- педагогтерді білім берудің жаңа мазмұнымен, заманауи білім беру технологияларымен, отандық және шетелдік озық тәжірибемен шұғыл ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

- педагогтың шығармашылық потенциалын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін, ғылыми-әдістемелік потенциалын арттыруды жүзеге асыру;
- педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- студенттердің шығармашылық және өзіндік жұмыстарын жүргізу.

Колледждің ғылыми-әдістемелік қызметі:

- ғылыми-әдістемелік кеңестен;
- циклдік (пәндік) әдістемелік комиссиядан (кафедралардан);
- жас педагог мектебі және тәлімгерліктен тұрады.

Ғылыми-әдістемелік кеңес колледждің жылдық жоспары бойынша өткізіледі және колледжде ғылыми-әдістемелік кеңес туралы ереженің негізінде өзінің қызметін жүзеге асырады. Кеңес отырыстарында кафедра жұмыстары туралы есептер, аттестаттаудан өтетін оқытушылар мен магистрант-оқытушылардың ғылыми жұмыстары туралы есептер, курстық және дипломдық жұмыстар бойынша ғылыми жетекшілердің есептері тыңдалып, оқытушылардың шығармашылық жоспарлары талқыланып, бекітіледі.

Колледжде ғылыми атағы бар 2 ғылым кандидаты дәріс береді. Сонымен қатар 4 PhD докторанты және 49 магистр ғылыми-зерттеушілік бағытта кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруде.






Оқытушылардың сапалық ғылыми көрсеткіш үлесі жоғарылады. Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттылық көрсеткіші 2017-2018 оқу жылы бірінші және жоғары санатты оқытушылар саны – 43; 2018-2019 оқу жылы бірінші және жоғары санатты оқытушылар саны – 46; 2019-2020 оқу жылы бірінші және жоғары санатты оқытушылар саны – 42; 2020-2021 оқу жылы бірінші және жоғары санатты оқытушылар саны – 24, 8 – педагог-зерттеуші, 11 – педагог-сарапшы, 11 – педагог-модератор; 2021-2022 оқу жылының І жартыжылдығы бойынша бірінші және жоғары санатты оқытушылар саны – 16 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығымен бекітілген педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары негізінде 5 – педагог-шебер, 2 – педагог-зерттеуші, 5 – педагог-сарапшы, 7 – педагог-модератор жаңа біліктілік санатына ие болған оқытушылармен толықты.




| | 2017-2018 оқу жылы жалпы оқытушылар саны-81 | 2018-2019 оқу жылы жалпы оқытушылар саны-79 | 2019-2020 оқу жылы жалпы оқытушылар саны-70 | 2020-2021 оқу жылы жалпы оқытушылар саны-79 | 2021-2022 оқу жылы жалпы оқытушылар саны-76 |
|---|---|---|---|---|---|
| | саны | саны | саны | саны | саны |
| Жоғары санаттылық | 26 | 29 | 27 | 17 | 11 |
| Бірінші санаттылық | 17 | 17 | 15 | 7 | 5 |
| Педагог-шебер | | | | - | 5 |
| Педагог-сарапшы | | | | 11 | 5 |
| Педагог-зерттеуші | | | | 8 | 2 |
| Педагог-модератор | | | | 11 | 7 |

Соңғы 5 жылда колледж педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Үздік педагог» атаған беру қағидаларының (2020 жылғы 23 сәуірдегі № 157 бұйрығына қосымша) талаптарына сәйкес «Үздік педагог» және кәсіби шеберлік конкурстарына қатысып, жеңімпаз атануда. Педагогикалық ұжым аймақтық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысып, озат тәжірибелі идеяларымен бөліседі. Сонымен қатар, колледж оқытушылары ведомстволық белгілерімен және мемлекеттік наградалармен марапатталған.

## Қалалық, облыстық/өңірлік, республикалық және халықаралық кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары туралы мәліметтер

### 1. Қалалық, облыстық байқаулар

| № | Оқытушының аты-жөні | Кәсіби конкурстың атауы, жүлделі орын | Алған оқу жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Сатиева Марал Төлегенқызы | «Үздік педагог – 2016» байқауының Бас жүлде иегері, № 66 | 2016-2017 |
| 2 | Мукушева Нургуль Сериковна | «Үздік педагог – 2016» байқауы. Бас жүлде | 2016-2017 |
| 3 | Ахат Нұртас Ахатұлы | «Табысты менеджер – 2017» конкурсының облыстық кезеңінің жеңімпазы | 2017-2018 |
| 4 | Мұқатаев Мейірбек Шәріпұлы | ҚР Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналып, Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің және колледждерінің АӘД оқытушылары-ұйымдастырушылары арасында өткізілген «Отанды қорғауға дайындаймыз!» облыстық кәсіби шеберлік конкурсының бағдарламасындағы «АК-74» автоматын толық емес бөлшектеу және жинақтау» жарысында І орынға ие болды. | 2017-2018 |
| 5 | Мұқатаев Мейірбек Шәріпұлы | ҚР Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналып, Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің және колледждерінің АӘД оқытушылары-ұйымдастырушылары арасында өткізілген «Отанды қорғауға дайындаймыз!» облыстық кәсіби шеберлік конкурсының бағдарламасындағы «Жалпы әскери толымын плащ түрінде киюА жарысында ІІІ орын иеленді. | 2017-2018 |
| 6 | Мұқатаев Мейірбек Шәріпұлы | ҚР Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналып, Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің және колледждерінің АӘД оқытушылары-ұйымдастырушылары арасында өткізілген «Отанды қорғауға дайындаймыз!» облыстық кәсіби шеберлік конкурсында І орынды иеленді. | 2017-2018 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Амиржанова Гульмира Қайыржановна | 1.Ақмола облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы «Үздік педагог – 2018» облыстық конкурсының II орын иегері Дипломы, Тіркеу №13370 Көкшетау қ. | 2017-2018 |
| 8 | Мұқатаев Мейірбек Шәріпұлы | Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеу аясында Ақмола облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің қызметкерлері арасында өткізілген XIV облыстық «Ұстаз» спартакиадасының бағдарламасында үшсайыс бойынша I орын алғаны үшін. | 2017-2018 |
| 9 | Сағындық Тұрар Сағатұлы | «Қазақстан жастары» фотографиялар байқауында I орын иеленді. | 2017-2018 |
| 10 | Мұстафина Сәуле Галиханқызы | Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде өткізілген «Үздік педагог – 2018» байқауында I орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| 11 | Қитарова Ғалия Сырымқызы | Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде өткізілген «Үздік педагог – 2018» байқауында II орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| 12 | Қалменбай Арман Нұралыұлы | Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде өткізілген «Үздік педагог – 2018» байқауында III орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| **13** | Заманбекова Әлия Заманбекқызы | «Үздік педагог – 2021» облыстық конкурсының I орын иегері | 2020-2021 |
| **14** | Сарша Жанар | IV облыстық жас педагогтер форумының I орын иегері | 2021-2022 |

## 2. Республикалық байқаулар

| № | Оқытушының аты-жөні | Кәсіби конкурстың атауы, жүлделі орын | Алған оқу жылы |
|---|---|---|---|
| **1** | Мукушева Нургуль Сериковна | «Үздік педагог – 2016» атағының иегері | 2016-2017 |
| **2** | Тасмукамбетов Серік Жамбылұлы | «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының I орын иегері, Д № I-010, Алматы қ. | 2017-2018 |
| **3** | Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы | «Үздік педагог – 2017» байқауына ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін, Алматы, 2017. | 2017-2018 |
| **4** | Чебуранова Диана Тагировна | «Үздік педагог – 2017» байқауына ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін, Алматы, 2017. | 2017-2018 |
| **5** | Сагидолда Орынбек | «Жігер – 2017» республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери- | 2017-2018 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қолданбалы спорт түрлерінен» әскери үшсайыста жеке есепте III орын иеленді. | |
| **6** | Сагидолда Орынбек | «Жігер – 2017» республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери-қолданбалы спорт түрлерінен» әскери спорттық кешенді көпсайысында 100 метрге жүгіру бойынша жеке есепте I орын иеленді. | 2017-2018 |
| **7** | Сагидолда Орынбек | «Жігер – 2017» республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери-қолданбалы спорт түрлерінен» әскери спорттық кешенді көпсайысында граната лақтыру бойынша жеке есепте II орын иеленді. | 2017-2018 |
| **8** | Амирова Сагира Абзаловна | 1.Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№7 хаттама) бойынша VII Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі)<br>2. VII Республикалық тәуелсіз қоғамдық «Үздік ұстаз» байқауының жеңімпазына берілді | 2018-2019 |
| **9** | Ахат Нұртас Ахатұлы | 1.Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№3 хаттама) бойынша VI Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі) | 2018-2019 |
| **10** | Ахат Нұртас Ахатұлы | 2. Білім беру ұйымы басшыларының «Табысты менеждер - 2017» I Республикалық байқауының «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының табысты менеджері» номинациясы бойынша II орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| **11** | Секенова Балкумис Байжанқызы | Қазақстан педагогтарының инновациялық идеяларын дамыту орталығы, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Үздік педагог» төсбелгісімен марапаттау куәлігі | 2018-2019 |
| **12** | Жоламанова Таиндык Молдагалиевна | Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№3 хаттама) бойынша VI Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен | 2018-2019 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі) | |
| **13** | Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы | Диплом және төсбелгі. Қазақстан педагогтар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Үздік педагог-2017» байқауы | 2017-2018 |
| **14** | Серкешбаева Гульжанат Нурмаганбетовна | Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№3 хаттама) бойынша VI Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі) | 2018-2019 |
| **15** | Қажыбай Аян Төлегенұлы | Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№3 хаттама) бойынша VI Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі) | 2018-2019 |
| **16** | Чебуранова Диана Тагировна | Қазақстан педагогтар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «Үздік педагог - 2017» байқауына ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін | 2017-2018 |
| **17** | Сағидолда Орынбек | 1.«Жігер – 2017» Республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери қолданбалы спорт түрлерінен» әскери спорттық кешенді көпсайысында 100 метрге жүгіру бойынша жеке есепте I орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| **18** | Сағидолда Орынбек | «Жігер – 2017» Республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери қолданбалы спорт түрлерінен» Әскери үшсайыста жеке есепте III орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| **19** | Сағидолда Орынбек | «Жігер – 2017» Республикалық әскери-патриоттық лагері аясында «Әскери қолданбалы спорт түрлерінен» әскери-спорттық кешенді көпсайысында граната лақтыру бойынша жеке есепте II орын иеленгені үшін | 2017-2018 |
| **20** | Рахимова Адина Бирликқызы | Республикалық коммуникативтілік сауаттылықты дамыту бойынша конурс I дәрежелі Диплом | 2018-2019 |
| **21** | Құрметқызы Мейрамгүл | I дәрежелі «Мерекенің ең жақсы сценарийі» атты Республикалық байқауының жеңімпазы | 2018-2019 |
| **22** | Мукушева Каракоз Сериковна | Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының шешімі (№3 хаттама) бойынша VI Республикалық тәуелсіз | 2018-2019 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. (сертификат, куәлік, төсбелгі) | |
| **23** | Рахимжанова Асель Кайроллиновна | Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Үздік педагог» төсбелгісімен марапатталды. | 2017-2018 |
| **24** | Төлеген Өмірбек Шаймұратұлы | Білім берудегі педагогикалық инновацияның жаңа белестері. 1-орын | 2018-2019 |
| **25** | Мухатаев Меирбек Шарипович | Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналып, Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің және колледждерінің АӘД оқытушылары-ұйымдастырушылары арасында өткізілген «Отанды қорғауға дайындаймыз» облыстық кәсіби шеберлік конкурсының бағдарламасындағы «Жалпы әскери толымын плащ түрінде кию» жарысында III орын алғаны үшін | 2018-2019 |
| **26** | Хайрат Айсұлу | Мұғалімдерге арналған математикадан өткен республикалық ұлттық интернет Олимпиадасының жеңімпазы | 2018-2019 |
| **27** | Батанасова Бахитгуль Ергалиевна | «Үздік педагог – 2019» атағының иегері | 2019 ж. |
| **28** | Досжан Еркін Досжанұлы | «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық байқауының гран при иегері | 03.11.2019 ж. |

Педагогикалық ұжым аймақтық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысып, озат тәжірибелі идеяларымен бөліседі. Сонымен қатар, колледж оқытушылары ведомстволық белгілерімен және мемлекеттік наградалармен марапатталған (*педагог кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтердің көшірме-дәлелдемелері қоса берілген*).

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығында белгіленген қосымшалар:**

*10-Қосымша: Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер*;

*11-Қосымша: Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және мед.лицензия туралы мәліметтер*;

*12-Қосымша: Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер*;

*13-Қосымша: Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базаның болуы туралы мәліметтер;*

*14-қосымша: Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдары*;

## Ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз ету

Колледжде студенттердің мемлекеттік білім стандартына сәйкес өздігінен білім алуына және білімдерін толықтыруға барынша жағдай жасалған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына сәйкес (29.07.2020 ж. жаңартылған) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидалары негізге ала отырып колледжде ақпараттық және кітапханалық жұмыс ұйымдастырылған.

Оқу орнында қосымша ғимараттың іске қосылуына байланысты, студенттердің бүгінгі заман талаптарына сай білімдерін жетілдіріп, заманауи ақпараттық-технологияны толық меңгеруіне мүмкіндіктер туғызу мақсатында 2010 жылдың 3 қарашасында жаңа кітапхана ашылды. Кітапхананың жалпы көлемі: 242,5 м$^2$. Оқырман залының көлемі: 168,8 м$^2$, кітап қорының көлемі: 67,7 м$^2$. Оқырман залындағы орын саны 80, компьютер саны 20. Кітапханада штаттық кесте бойынша 3 адам жұмыс істейді.

Кітапхананың даму стратегиясы заманауи технологияларды енгізуге негізделген. Осыған орай кітапхананың жұмыс жүйесіне электронды «Кітапхана ісі» бағдарламасы сатып алынып, соның нәтижесінде кітапхана қызметі толық автоматтандырылды. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы негізінде, колледж кітапханасының барлық ақпараттары компьютерге енгізіліп, электронды каталог арқылы толық мәтінді қор жинақталды. Сонымен қатар студент жастардың кітап оқу мүмкіндігін кеңейту мақсатында College SmartNation порталынада оқулықтар тізімі салынды. 2020-2021 оқу жылында колледждің Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасының сайты жасалып, қашықтықтан оқыту форматында ресурстар қолжетімді болды. Сайт қазіргі таңда қарқынды жұмыс жасап жатыр. Студент кез-келген уақытта сайттан кәсіби білімін шыңдау үшін қажетті оқулығын таба алады.

Кітапхана электронды-ресурстық болғандықтан, кеңжолақты (1024 кб/с) интернет іске қосылды. Колледжіміз аймақтық, республикалық, халықаралық университеттермен ынтымақтастық меморандум негізінде, білім алушыларға ғаламтор арқылы Қазақстанның, Ресейдің кітапханаларының сайттарына кіріп өзіне керек ақпаратты алуына мүмкіндік алды.

Кітапханадағы кітаптар қоры бейінге сәйкес топтастырылған және барлық мамандықтар бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер, әлемдік бестселлерлер, электронды оқулықтар жинақталған. Колледж оқытушылары жаңартылған білім бағдарламалары негізінде құрылған оқу-

әдістемелік кешендерді әзірлеп, колледж типографиясынан және облыстық, республикалық баспа үйлерінен басылып шығарылады *(Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер қоса беріледі).*
*17-Қосымша: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер.*

## 2017-2022 жылдары педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 137 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педогогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын басшылыққа ала отырып,
2017-2022 оқу жылдары оқытушылар «Talap» коммерциялық емес АҚ Оқу-тренингтік орталығы, «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, «Оқулық әзірлеу әдіснамасы және авторлардың құзіреттілігін арттыру», М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті» «Дефектология (логопедия)», басқа да ұйымдардан педагог қызметкерлер құрамы арнайы курстардан өтіп, түрлі деңгейдегі сертификаттарға ие болды (*педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтердің көшірме-дәлелдемелері қоса берілген).*

*18-Қосымша: Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер;*

*19-Қосымша: Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы;*

*20-Қосымша: Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер.*

## 18. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

**1) МЖМБС белгіленген білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі.**

2) МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесін сақтау: оқу орнында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары» атты 3-тарауына сәйкес студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды *(әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген).*

**2) ТжКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығын сақтау.**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең *(әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген).*

**3) МЖМБС талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемін сақтау.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Колледжде әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне мен санына байланысты және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады *(әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген).*

**19. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.**

**1) білім беру деңгейіне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, базалық және кәсіптік құзыреттіліктермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сақтау:**

Кәсіптік білім беру мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Педагогикалық мамандықтар бойынша орта буын мамандарының деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;

2) практикалық сабақтарды орындауды;

3) кәсіптік практикадан өтуді;

4) мамандық ерекшеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауды;

5) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және мамандықтар бойынша арнайы пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің (модульдердің) бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын жұмысын орындауды және қорғауды қамтиды. Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберіледі. Оқу орнында білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде қашықтықтан оқыту арқылы қорытынды атттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді. Пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер немесе кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар қорғауға жіберілген дипломдық жұмыстарды рецензиялармен және презентациялық материалдармен ұсынады. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды (*қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі).*

*Қосымша 77. 2017-2021 жылдар аралығындағы қорытынды аттестаттау емтиханының хаттамалар көшірмелері;*

*Қосымша 78. Сырттай оқу бөлімінің қорытынды аттестаттау емтихандарының хаттамалары (201-2021 о.ж);*

*Қосымша 79. 2017-2021 ж. қорытынды аттестаттау емтиханының кестесі.*

*Қосымша 80. Сырттай оқу бөлімінің қорытынды аттестаттау кестелері (2017-2021 о.ж)*

**2) бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың (базалық және кәсіби) оқу нәтижелерін бағалау немесе жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін МЖМБС сәйкестігін бағалау.**

*(білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 21 және 22-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, қоса беріледі).*

*Қосымша: 21-қосымша Күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер, экстернат бойынша оқу жылына арналған оқыту нысандары мен тілдері бойынша оқушылар контингенті туралы мәліметтер;*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тест тапсырмаларын білім беру бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын таңдайды делінген. Сол себепті Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның 2022 жылдың 14 қаңтарындағы №3 ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесінің хаттамасымен бітіруші топтардың оқу нәтижелерін бағалау тестінің өту графигі жасалып, тест сұрақтарының базасы бекітілді. Әр мамандық бойынша жалпы кәсіптік пәндер қатарынан педагогика, психология пәні және арнайы пәндер қатарынан 100-200 сұрақтардан тұратын тест базасы әзірленіп, бекітілді. Мамандықтар бойынша нақтылайтын болсақ:

1. 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту – 1800 сұрақ (педагогика және психология – 600, арнайы пәндер – 1200 сұрақ);
2. 0103000 Дене тәрбиесі және спорт – 1600 сұрақ (педагогика және психология – 400, арнайы пәндер – 1200 сұрақ);
3. 0105000 Бастауыш білім беру – 1800 сұрақ (педагогика және психология – 600, арнайы пәндер – 1200 сұрақ);

4. 0108000 Музыкалық білім беру – 1300 сұрақ (педагогика және психология – 500, арнайы пәндер – 800 сұрақ);

5. 0111000 Негізгі орта білім беру 011101 3 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 1900 сұрақ (педагогика және психология – 600, арнайы пәндер – 1300 сұрақ);

6. 0111000 Негізгі орта білім беру 011108 3 Шетел тілі пәнінің мұғалімі – 1200 сұрақ (педагогика және психология – 400, арнайы пәндер – 800 сұрақ);

7. 0111000 Негізгі орта білім беру 011109 3 Информатика пәнінің мұғалімі – 1200 сұрақ (педагогика және психология – 400, арнайы пәндер – 800 сұрақ).

2022 жылдың 10 ақпанында бітіруші топтардың білім алушылары (барлығы 234 студент) оқу нәтижелерін бағалау тестін тапсырды (*ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесінің хаттамасы, тест сұрақтары, тесттен өту графигі және білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері қоса беріледі)*.

*Қосымша 81. Ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесінің хаттамасы;*

*Қосымша 82. Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау тестінің сұрақтары;*

*Қосымша 83. Білім алушылардың тесттен өту графигі;*

*Қосымша 84. Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері.*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауының 22-қосымшасына сәйкес бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың оқу нәтижелерін бағалау немесе кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігін бағалау үшін бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері шығарылды (*бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері қоса беріледі*).

*Қосымша: 22-Қосымша. Бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері.*

## 20. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерін сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Колледжде әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне мен санына байланысты және

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады *(әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген).*

## 3-Қосымша: 1.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы

Оқу орны 30 жыл ішінде жеті жарым мыңнан астам түлек шығарды. Түлектерді жұмыспен қамтуда колледжде жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі «Түлектер жәрмеңкесі», бос орындар туралы сұраныс жіберу, «Түлек» ақпараттық жүйесін жаңарту, түлектердің жұмысқа орналасу мониторингісін жүргізу, Ақмола облысының білім мекемелерімен тығыз байланыста болу сияқты бағыттағы шаралардың орны айтарлықтай. Түлектермен байланыс орнату мақсатында орталықтың «Табысты түлек» тұғырнамасы жасалды *(«Табысты түлек» тұғырынамасы қоса беріледі)*.

*Қосымша 85. Табысты түлек тұғырнамасы.*

Колледж түлектері біліктілік, кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік, өзін-өзі жетілдіруге дайындық қасиеттерімен танылып жүр. Колледж түлектері тек Ақмола облысы мен Көкшетауда ғана емес, сонымен қатар, ТМД мемлекеттері мен ҚР әр өңірінде табысты қызмет етуде. Түлектердің қызмет жолындағы өрлеуі де ұдайы зерттеліп отырады. Түлектер қатарында мектеп директоры, мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, мектеп директорының орынбасарлары, білім беру бөлімі мен балабақша әдіскерлері, аралас салалар басшылары бар. Мысалы: Н.Мұрат, А.Базар, А.Смагулова, Б,Амиржанов, Н.Шоқаев, А.Жүсіпов, Б.Шалахаев, Ж.Маженова, Г.Урметова, С.Тлеужанова, Д.Сұрағанов т.б. – мектеп, балабақша басшылары, Г.Садвакасова, А.Махамбетова, А.Оспанова, Д.Белгібаева, С.Тұрысбекова, С.Жұмағұлова, Г.Хуан, М.Тохан, Г.Бекжанова, А.Ибраева, Ә.Сүлейменова, Д.Токушева, А.Шарипова, М.Айдарбекова, Б.Абдрахманова, С.Ақылбекова, М.Рахымжанов, т.с.с - мектеп директорларының орынбасарлары қызметін атқаруда.

«Ұстаздан шәкірт озады» - демекші, білікті ұстаздардан тәлім алған түлектеріміз Д.Ілияс, Б.Батанасова, Н.Мұқышева, А.Сабырова, А.Ташенова, А.Садвакасов, С.Садвакасова, М.Құрмет, С.Нұртазина, А.Көке, А.Базарбаева, Т.Сағындық С.Атай, Е.Ғалымжан, Г.Жусупова, З.Рахимова, Г.балдыкова, И.Серікбай, А.Қаппас, А.Меңдібаева, Сағындық А. өздері білім алған мекемеде жемісті еңбек етіп, қызмет атқаруда. Fasebook парақшасынан *«Қайдасыңдар, қасқа құлындар?»* атты парақша ашылды. Facebook парақшасында «Түлектер лебізі», әр бөлім түлектері мақалалары жариялануда.




Түлектердің бейнефильмдері жасалды. Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында

«Табысты түлек» орталығының жоспарына сәйкес «Түлектер жәрмеңкесін» дәстүрлі түрде өткізілді. Онлайн кездесуге Аққөл ауданының Новорыбинка ОМ, Құрлыс негізгі орта мектебі, Кына ОМ, Аршалы ауданының Бұлақсай ОМ, Сандықтау ауданына қарасты Максимовка ОМ, Сандықтау ауданының «Мирас балабақшасы», Көкшетау қаласының білім бөлімі, Жақсы ауданының Новокиенка ОМ, Көкшетау қаласындағы «Мерей» балабақшасы, «Алтын бала» балабақшасы, «Болашақ» бөбекжайы, «Қуаныш» балабақшасы, «Арман» балабақшасы, «Жұмыспен қамту орталығы», Көкшетау қаласы, білім бөлімінің әдіскері, Нұр-Сұлтан қаласының Binom School, Балқаш қаласының Балдаурен РОСО, Біржан сал ауданының Казгородок ОМ, Макинка ОМ, Степногорск қаласының №8 ОМ, Зеренді ауданының Айдабол ОМ, Молодежное ОМ, Жақсы ауданына қарасты Киевка ОМ, Баракөл ОМ, Бұланды ауданының Новоникольская ОМ, Көкшетау қаласының №2 ОМ, №5 МГ, №16 ОМ, Шортанды ауданы білім басқармасы қатысты.

Жұмысқа орналастыру және түлектермен байланыс орталығы оқу жылы барысында түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында және олардың жұмыс істеулерін анықтау үшін төмендегідей жұмыстарды жүргізді:

- аудандық білім бөлімдерімен байланыс жасап, қажетті мамандарға сұранысты анықталды;
- түлектердің түйіндемесі жасалды;
- бітіріп кеткен түлектердің жұмысқа орналасуы, оқуға түсуі туралы ақпарат жинақталып, мониторинг жасалынды.

## Кесте 3. Түлектердің жұмысқа орналасуы.

| Мамандық атаулары | 2017-2018 | | | | 2018-2019 | | | | 2019-2020 | | | | 2020-2021 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Түлектер саны | Мамандық бойынша | Жұмыспен қамтылғаны | % | Түлектер саны | Мамандық бойынша | Жұмыспен қамтылғаны | % | Түлектер саны | Мамандық бойынша | Жұмыспен қамтылғаны | % | Түлектер саны | Мамандық бойынша | Жұмыспен қамтылғаны | % |
| **0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»»** | 38 | 22 | 15 | 97 % | 53 | 27 | 13 | 75 % | 38 | 23 | 15 | 100 % | 52 | 29 | 20 | 94 % |
| **0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»** | 32 | 5 | 22 | 84 % | 49 | 19 | 24 | 88 % | 44 | 9 | 34 | 98 % | 33 | 13 | 20 | 100 % |
| **0105000 «Бастауыш білім беру»** | 46 | 22 | 20 | 95 % | 28 | 16 | 10 | 93 % | 55 | 30 | 25 | 100 % | 51 | 28 | 17 | 88 % |
| **0108000 «Музыкалық білім беру»** | 16 | 8 | 7 | 94 % | 13 | 11 | 2 | 100 % | 21 | 11 | 8 | 90 % | 13 | 2 | 10 | 92 % |
| **0111000 «Негізгі орта білім беру», «Қазақ тілі** | 51 | 25 | 21 | 90 % | 53 | 16 | 33 | 92 % | 60 | 26 | 32 | 97 % | 72 | 28 | 31 | 82 % |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **мен әдебиеті мұғалімі»** | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **0111000 «Негізгі орта білім беру», «Шетел тілі мұғалімі»** | 49 | 20 | 27 | 96 % | 56 | 27 | 18 | 80 % | 77 | 41 | 33 | 96 % | 83 | 38 | 41 | 95 % |
| **0111000 «Негізгі орта білім беру», «Информатика мұғалімі»** | 26 | 10 | 12 | 85 % | 19 | 7 | 11 | 95 % | 25 | 10 | 15 | 100 % | 29 | 11 | 17 | 96,5 % |
| БАРЛЫҒЫ | **258** | **112** | **124** | **91,4 %** | **270** | **123** | **111** | **87 %** | **320** | **150** | **162** | **97,5 %** | **333** | **149** | **156** | **92 %** |




Түлектердің жұмысқа орналасуы және қамтылуы төмендегідей нәтиже көрсетті: 2017-2018 оқу жылында - 91,4%, 2018-2019 оқу жылы - 87%, 2019-2020 оқу жылында - 97,5%, 2020-2021 оқу жылы - 92%. (Түлектрдің жұмысқа орналасу анықтамалары үлгілері, «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ, «Азаматтарға арналған үкімет» мекемесінен алынған (ГЦВП – 2020, 2021) ақпараттар қоса беріледі).

*Қосымша 86. Түлектрдің жұмысқа орналасу анықтамалары;*
*Қосымша 87. ГЦВП 2020, 2021 жыл ақпараты.*

Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде білім алушы орта звенодағы маман біліктілігіне сәйкес базалық және кәсіптік құзіреттіліктерді меңгеруі қажет. 2021 жылдың 10 желтоқсан күні «WorldSkills Kazakhstan – 2021» республикалық чемпионаты жабық деп жарияланды. «WorldSkills Kazakhstan – 2021» республикалық чемпионатында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің жүлде қоры молайды. Республикалық чемпионаттың қорытындысына сәйкес «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзіреттілігі бойынша колледж түлегі Дондых Құндыз II орынды иеленсе, «Дене тәрбиесі және спорт» құзіреттілігі бойынша Наурузова Милана III орынды еншіледі. Сондай-ақ «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзіреттілігі бойынша Иват Үмітгүл мен «Музыканы оқыту» құзіреттілігі бойынша Бабаева Алина үздік медальонға ие болды. Сонымен қатар түлектеріміз WorldSkills чемпионатына қатысып, жүлделі орындарға иеленуде. Атап айтсақ:

- **Алмажанова Саида Амангельдиновна – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»** құзыреттілігі бойынша WorldSkills Aqmola-2016 аймақтық чемпионаты, I дәрежелі жүлдегері

- **Темірғали Нәзік - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»** құзыреттілігі бойынша WorldSkills Aqmola-2018 аймақтық чемпионаты, II дәрежелі жүлдегері
- **Жұмкенова Ханша – «Бастауыш сыныптарды оқыту»** құзыреттілігі бойынша WorldSkills Aqmola-2018 аймақтық чемпионаты, II дәрежелі жүлдегері
- **Шарипова Айгерим Тельжановна– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2019 V Республикалық чемпионаты, II дәрежелі жүлдегері
- **Маджитова Лаура Ерикбаевна – «Бастауыш сыныптарда оқыту»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2019 V Республикалық чемпионаты, I дәрежелі жүлдегері
- **Дондых Құндыз – «Бастауыш сыныптарда оқыту»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2021 Республикалық чемпионаты, II дәрежелі жүлдегері
- **Наурызова Милана – «Дене тәрбиесі және спорт»»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2021 Республикалық чемпионаты, III дәрежелі жүлдегері
- **Иват Үмітгүл – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2021 V Республикалық чемпионаты, «Үздік маман» номинациясы
- **Бабаева Алина Беспайевна – «Музыкалық білім беру»** құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» -2021 V Республикалық чемпионаты, «Үздік маман» номинациясы

## Колледждің өзін-өзі бағалауын қорытындылау

Ақмола облысы білім басқармасы басшысы орынбасарының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 05-03/7964 хатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті Ақмола облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысы бекіткен 2022 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Ақмола облысының білім беру ұйымдарының тізіміне орай Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК 2022 жылдың наурыз айында мемлекеттік аттестаттаудан өту жоспарланды. Өзін-өзін бағалау жұмысын жүргізу үшін оқу орнында 2022 жылдың 4 қаңтарындағы №1 бұйрықпен мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылды.

Қосымша 88. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық көшірмесі.

Кәсіби білім беру қызметтерін көрсету бойынша оқу орнының қызметінің кешенді талдауы, негізгі тұтынушылардың (студенттер мен олардың ата-аналары), колледж түлектерінің, әлеуметтік серіктестіктер мен Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шет елдер білім беру ұйымдары өкілдерінің пікірлері колледждің Қазақстан Республикасының білім кеңістігінде көшбасшылық орнын растайды. Оқытудың жаңа технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, білім беру қызметін көрсету бойынша жоғары сапаны қамтамасыз етіп жүрген оқу орны Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының алдыңғы қатарына кіреді. Колледж түлектері еңбек нарығында еркін бәсекеге түсіп, Қазақстанның білім беру ұйымдарында жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңда колледж ТжКБ бәсекеге қабілетті оқу орындарының бірі болып табылады, ол төмендегі жетістіктерімен ерекшеленеді:

- МЖМБС және санитарлық ережелер мен талаптарға сай мықты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген;
- оқытудың заманауи технологияларын қолданатын білікті педагогикалық құрамы бар;
- колледж түлектері еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие;
- жақын және алыс шет елдердегі ірі оқу және ғылыми орталықтармен шығармашылық байланысты кеңейткен және нығайтқан;
- әлеуметтік әлсіз топтағы білім алушыларға жеңілдіктер қарастырылған;
- заманауи компьютерлік және интерактивтік құралдары бар және ұдайы толықтырылып отырады;
- заманауи электрондық кітапханасы бар;
- колледждің басқару процесін одан әрі жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие.

Колледж жергілікті бюджет, республикалық бюджет және колледждің жеке қаражаты сияқты қаржыландырудың негізгі түрлерін ұтымды пайдаланады. Қаражаттың көп бөлігі студентке орталықтандырылған білім мен тәрбие беруге, дәрісханалық қорды жөндеуге, оқу корпусында ортаның

жалпы эстетикалық жақсаруына және аумақтың абаттандырылуына жұмсалады. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлардың жақсаруы компьютерлік құрал-жабдықтардың одан әрі дамуымен байланысты.

Колледж білім нарығында 30 жыл еңбек етіп келеді. Қазақстан Республикасындағы осы уақыт аралығында білім саласындағы барлық реформалар мен өзгерістерге тікелей араласып отырды. Әсіресе, 2016-2019 жылдарға арналған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бкітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өз үлесін қосты.

Ғылыми зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында 2020-2021 оқу жылында колледжден 20 оқытушы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының ұйымдастыруымен өткен «Оқулықты әзірлеу әдіснамасы және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру» тақырыбындағы курсынан өтті.

Ғылыми зерттеу және білім берудің теориялық және стратегиялық дамуын жоғары деңгейге көтеру мақсатында 2020 жылдың 20 қыркүйегі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандумы аясында институт қызметкерлерімен бірлесе отырып, отандық білім беру жүйесіндегі жаңалықтармен бөлісіп, ынтымақтас қарым-қатынас жасауда.

Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша эксперименттік жүйеде даярланған жоғары колледж түлектерінің жоғары оқу орнында білімін жалғастыруын кіріктірілген білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асыру мақсатында «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетімен» 2021 жылдың 21 сәуірінде ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында университет қызметкерлерімен бірлесе отырып «Логопедия» білім беру бағдарламасы әзірленіп, оқытушылар оқу-әдістемелік кешендер (силлабус) әзірлеу жұмыстарына қатысты.

2021 жылдың 9 қараша күні «Алматы кітап» баспасының «TopIQ» электрондық оқулықтар платформасының тұсаукесері колледж базасында өткізіліп, ынтымақтастық мемарандумына қол қойылды. Білім беру саласының дауына, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік кешен жазуды қарастыру, авторлар құрамын құруда болашақта ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жасау жоспарлануда.

**Колледждің оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті:**

Ғылым кандидаты – 2 оқытушы

PhD докторант – 4 оқытушы

Магистр және магистранттар – 60%

Жоғары және І санатты оқытушылар – 70%

Педагог-шебер: 5 оқытушы

Педагог-зерттеуші: 9 оқытушы
Педагог-сарапшы: 12 оқытушы
Педагог-модератор: 19 оқытушы.

**Ғылыми-әдістемелік бағыт көрсеткіштері:**

1. «Үздік педагог» жеңімпаздары – 8 (ҚР Педагогикалық Ғылымдар Академиясының «Үздік Ұстаз» төсбелгісінің иегерлері – 6, Республикалық «Үздік педагог» Гран-при иегерлер – 2)
2. Ынтымақтастық келісімдер мен меморандумдар – 14
3. Студенттердің ғылыми жобалары - 42 %
4. Студенттердің конференцияларға қатысуы - 80 %
5. Оқытушылардың ғылыми конференцияларға қатысуы - 100 %
6. Авторлық оқулықтар мен бағдарламалар – 35 %
7. Оқытушылардың оқу-әдістемелік құралдары - 88 %

**Колледж оқытушыларының наградалары:**

1) «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы - **1 оқытушы** (Н.Ахат)
2) «Құрмет» орденінің иегері – **1 оқытушы** (Н.Ахат)
3) ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері – **4 оқытушы** (Н.Ахат, Т.Ахметов, А.Рахымова, Ө.Төлеген)
4) «ҚР Білім беру ісінің үздігі» - **4 оқытушы** (Н.Ахат, Қ.Мұқышева, С., Ө.Төлеген, Т.Ахметов)
5) ҚР Армия генералы С.Нурмағамбетов атындағы медалі – **2 оқытушы** ( Н.Ахат, Е.Хамзин)
6) ҚР Президентінің Алғыс хаты – **2 оқытушы** (Н.Ахат, Д.Ілияс)
7) Ыбырай Алтынсарин төсбелгісі – **6 оқытушы** (Н.Ахат, Ө.Төлеген, Г.Серкешбаева, Қ.Мұқышева, С.Амирова, А.Смаилова)
8) ҚР Білім министрлігінің құрмет грамотасы - **8 оқытушы** (Т.Ахметов, Қ.Мұқышева, Т.Жоламанова, Б.Бегалин, Б.Садвакасов, Б.Батанасова, С.Таткенова, Д.Ілияс, Ә.Рақымжан)
9) ҚР Білім министрлігінің алғыс хаты - **4 оқытушы** (М.Жабагинова, А.Рахимова, Б.Садвакасов, Ә.Қажақпар)
10) «Үздік педагог» төсбелгісі – 2 оқытушы (Н.Мұқышева, Б.Батанасова)
11) ҚР Білім және ғылым вице-министрінің алғыс хаты - **4 оқытушы** **(**М.Жабагинова, Б.Садвакасов, Д.Әшірбекова, Т.Жоламанова)
12) Қазақстан ПҒА мүшелері мен корреспондент-мүшелері – 8 оқытушы (Ә.Рақымжан, Ө.Төлеген, Г.Серкешбаева, Қ.Мұқышева, С.Амирова, А.Смаилова, Т.Жоламанова)

**Мақсаттық индикаторлар нәтижесі:**

1. «Talap» КЕАҚ-ның гуманитарлық-педагогикалық бағытта мамандар даярлайтын колледждер арасында өткізілген рейтингісі нәтижесінде колледж I орын иеленді (2020 ж).
2. Ақмола облысы бойынша алдыңғы қатарлы озық колледждер қатарында **«Үздік кәсіпорын»** облыстық конкурсында I орын алды (2020 ж).
3.«Talap» КЕАҚ Қазақстан колледждерінің қызметін бағалау және ТжКБ ұсынатын қызметкерлердің сапасын арттыру мақсатында өткізілген саралау қорытындысы бойынша **10 үздік колледждерінің** қатарына кірді (2021 ж.).
4. **«ҚР колледждерінің ТОП-100 студенттері»** жобасында үздіктер қатарында көрінді (2019 ж. – 1 студент, 2020 ж. – 1 студент, 2021 ж. – 2 студент).
5. «Talap» КЕАҚ-ның Қазақстан колледждерінің қызметін бағалау және ТжКБ ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында өткізілген рейтинг қорытындысында «Білім» бейіні бойынша колледждің оқу-әдістемелік бірлестігі 78.33 ұпаймен **1 орынға** ие болды.
6.**«WorldSkills Kazakhstan - 2021»** ҮI Республикалық кәсіби шеберлік Чемпионатында «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша Дондых Құндыз күміс медаль, «Дене тәрбиесі және спорт» құзыреттілігі бойынша Наурузова Милана қола медаль иеленді (2021 ж).
7.«**WorldSkills Kazakhstan - 2019»** Ү Республикалық кәсіби шеберлік Чемпионатында «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша Алтын медаль, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша күміс медаль иеленді (2019 ж).
8. Колледж директоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры Аахат Нұртас Ахатұлы **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ»** құрметті атағы берілді (2021 ж.)
9. **«Қазіргі білім мен тәрбие жүйесіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың өзекті мәселелері»** тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді (2021 ж.).
10. 2021-2022 оқу жылында **5АВ01130101 «Логопед қолданбалы бакалавры»** біліктілігі бойынша эксперименталды білім бағдарламасы жасалып, 15 талапкер қабылданды.
11. ТжКББ ұйымдарының педагог қызметкерлері арасында **«Үздік педагог – 2021»** сырттай облыстық конкурсының қорытындысы бойынша колледждің арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Заманбекова Әлия Заманбекқызы Гран-при иегері атанды.
12. Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Рақымжан Әсел Қайроллақызы философия ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін алды (2021 ж.).
13.Оқу орнында «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты **«АБАЙ АЛАҢЫ»** архитектуралық-композициясы ашылды (2021 ж.)
14. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек

сіңірген ұстазы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры Ахат Нұртас Ахатұлының **«ЕЛ» кітабы** жарық көрді.
15. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов және Ақмола облысының әкімі Ермек Боранбайұлы Маржықпаев ресми іс сапармен білім ордасында болды.
16. Педагогикалық Ғылымдар Академиясының кезекті XXII Сессиясында Академия Президиумының ұсынысы бойынша педагогика ғылымы мен білімді дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Ахат Нұртас Ахатұлы **Педагогикалық Ғылымдар Академиясының толық мүшесі** болып сайланды (2021 ж.).
17. Колледж оқытушысы Сабырова Асем Бекешқызы Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің докторанты атанды (2021 ж.).
18. Қазақстан Республикасының ғылым қызметкерлерінің күніне орай Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде **«Филология ғылымы: инновация, философия және саяси-әлеуметтік мәселелер»** атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді (2021 ж.)
19. **«Лингвистика, педагогика және шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері»** атты I республикалық студенттік ғылыми-практикалық онлайн конференциясы өткізілді (2021 ж.)
20. «Колледж – Университет» сабақтастығын жалғастыру және республикада техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру құрылымы бойынша алғаш «Логопед қолданбалы бакалавры» мамандығын ашу мақсатында «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті» КЕАҚ-мен меморандум жасалды  (2021 ж.)
21.**«WORLDSKILLS KAZAKHSTAN – 2021»** аймақтық біліктілік чемпионатында «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзіреттілігі бойынша Иват Үмітгүл, «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзіреттілігі бойынша Дондық Құндыз, «Дене тәрбиесі және спорт» құзіреттілігі бойынша Наурузова Милана, «Мектепте музыканы оқыту» құзіреттіліктері бойынша құзіреттілігі бойынша Бабаева Алина I орын иеленді (2021 ж.).
22. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 қаңтар №25 бұйрығына сәйкес Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі 2021 жылдан 2023 жылдар аралығындағы «Өзін-өзі тану» бағдарламасын біріктіру бойынша пилоттық жобаны іске асырушы білім беру ұйымдарының қатарына енді.
23. **«Алматы кітап»** баспасымен екі жақты ынтымақтастық меморандумына қол қойылды (2021 ж.).
24. Ел Тәуелсіздігінің 30 және Ұлттық Республикалық киокушинкай-кан каратэ федерациясының 10 жылдығына орай ұйымдастырылған киокушинкай-кан каратэден республикалық чемпионатта IV курс студенті Тіржан Әділжан **I орынға** ие болды (2021 ж.).
25. 2020 жылы «Абай» атындағы электрондық-ресурстық кітапханасының электронды сайты жасалды

26. Отан қорғаушылар күніне арналған Ақмола облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткізілген сап және әндер байқауында «Айбын» әскери-патриоттық клубы **жүлделі І орынға** ие болды (2021 ж.)
27. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Көкшетау қаласының колледждері студенттерінің арасында өткізілген "Қазақстан: жетістік тарихы" атты интеллект-show байқауында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің **«Жас ұрпақ» командасы І орын иеленді** (2021 ж.)
28. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени білім беру жобасының тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген облыстық дебаттық турнирде колледждің "Парасат" дебат клубы **жүлделі ІІ орын** иеленді (2021 ж.)
29.Қазақстан Республикасының V Жастар спорт ойындарында әйелдер күресінен 62 келі салмақ дәрежесінде дене мәдениеті бөлімінің студенті Болд Жангүл жүлделі **І орынға** ие болып, Қазақстан Республикасының **спорт шебері** атағын алды (2021 ж.)
30. Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын педагогтер мен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Білімді ұрпақ – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты республикалық эссе байқауында филология бөлімінің студенті Хонарбай Альбина **І орын** иеленді (2021 ж.).
31. Түркия елінің Стамбұл қаласында өткен «CHAMPIONS – 2021» халықаралық турнирінде колледж студенті Қазақстан Республикасының спорт шебері Болд Жангүл күрестен 62 кг салмақ дәрежесінде **жүлделі ІІІ орын** иегері атанды (2021 ж.).

Колледждің педагогикалық ұжымының ғылыми әлеуеті мен біліктілігінің артуына осы бағдарламаның әсері жақсы болды.

Бүгінде республикадағы бес университет, екі Академия (Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы, Қазақстан Республикасы Педагогикалық Ғылымдар Академиясы), шет елден Кембридж аймақтық колледжі, Ресей білім мекемелерімен, Башқұртстан педагогикалық колледжімен және Ж.Баласағұн атындағы Қырғызстан ұлттық университеті жанындағы кәсіптік колледжімен тығыз байланысымыз бар. Әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс жыл сайын жаңа форматқа көшіріліп, бүгінде 42 серіктестікпен келісімшарт жасалған. Шағын комплектілі мектептерге ғылыми - әдістемелік, педагогикалық шеберлік көмектер беруде әр жылда бір мектеп, бір балабақшамен жұмыс атқарылады.

Қазіргі уақытта 42 клубтар мен бірлестіктер, үйірмелер жұмыс істейді. «Айбын» әскери-патриоттық клубы облыс намысын республикада үш рет қорғап, 2 рет жүлделі орынды иеленді.

Сонымен қатар, колледждің алдына қойған мақсаттарға жетуде іске асыра алмаған жобалары да бар. Студенттер үшін қысқы спорт түрін дамытуға

бағытталған жалпы құны 47 миллион теңге тұратын көп функционалды хоккей кортын салу орындалмады. Жатақханаға «Таза су» бағдарламасына сай ауыз су үшін арнайы қондырғы орнату, асхананы ыстық сумен қамтамасыз ету үшін күн батареясын орнату іске асырылмады.

Қорыта айтқанда, 2017-2021 жылға арналған стратегиялық даму бағдарламасының мақсаттық индикаторларындағы 18 нәтижеге жету индексінің 14 пункті орындалды. Колледж миссиясындағы негізгі 17 бағыттың 14-і іске асырылды. Бағдарлама 2021 жылға дейін жоспарланғандықтан индикаторлар мен миссиядағы кейбір іс-шаралар аяқталмады.

**Колледждегі білім мен тәрбие жүйесіне SWOT-анализ.**

## Күшті жақтары:

1)Студенттерге сапалы кәсіби білім беруде педагогикалық ұжымның, педагогикалық - психологиялық, шығармашылық инновация-лық, ғылыми-әдістемелік потенциялы жоғары.

2)Жаңа аттестаттау ережесі бойынша оқыту-шылардың сапалық құрамының өсуі

3) Жүйелілік менеджменті стандарттарына сай **«Талапкер - студент - табысты түлек»** принципі іске асырылған.

4) Барлық мамандықтар мен біліктіліктер бойынша студенттердің еркін әрі жоғары деңгейде білім мен өзінің рухани – интеллектуалдық, дене тәрбиесін жетілдіруге материалдық - техникалық база толық сәйкес келеді.

5) Колледж оқытушылары үшін ғылыммен айналысуға, шығармашылық лабораториялар, педагогикалық ізденіс жұмыстарына үнемі материалдық-моральдық қолдау көрсетіледі.

6) Ұжымда корпоративтік мәдениет пен заманауи жоғары психологиялық комуникативтік қарым-қатынас этикасы үнемі жетілдіріліп отырады.

7) Жас мамандарға, жаңа келген персонал мүшелеріне әкімшілік тарапынан үнемі қамқоршылық жасалады.

8) Ұжымның өсу нүктесінің үнемі жоғары болуы - республикадағы арнайы тәуелсіз мекемелердің жоғары рейтінгісі, республикалық оқу – әдістемелік бір-лестік жұмысының жоғары деңгейі, колледж менеджерлерінің (орынбасарлар, қаржыгерлер, т.б.) ТжКББ жүйесіндегі зор беделі, дәрежесі биік білім мекемелерімен байланысы.

9) Оқытушылар мен студенттердің қала, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі түрлі сайыстарда, олимпиадалар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болуы.

10) Студентке бағытталған білім мен тәрбие процесінің нәтижеге бейімделген сапалы деңгейі.

11)Ақмола облысында педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын оқу орындары ішінде түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы.

12) Әлеуметтік серіктестіктермен өзара тығыз жұмыс істеудегі заманауи жаңа формаларының іске асырылуы.

13) Педагогикалық ұжым мен персоналды жаңа жетістіктерге жеткізу жолдарын жасауда әкімшіліктің басқару менеджментінің кемелдігі.
14) Қолданбалы бакалавриат жүйесі және PhD докторантурасы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен тығыз түсіністік ынтымақтастықта жұмыс істеуі.
15) Оқытушылар мен студенттер арасындағы білім мен тәрбие процесіндегі жаңа заманауи демократиялық ашық коммуникациялық қарым-қатынастың қалыптаса бастауы.
16) Педагогикалық құрамға заманауи оқытушыға қажетті барлық мүмкіншіліктер жасалған.
17) Инфрақұрылым персоналының оқытушылар мен студенттерге сапалы еңбек ету мен білім алуға жасаған қамқоршылық назары жоғары деңгейде.
18) Қаланың барлық мәдени орындарымен (Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры, М.Ғабдуллин атындағы мұражай, Көкшетау мәдениет сарайы) колледж арасында байланыс орнығуы.
19) Қаржылық сектордың білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыруға бағытталған саясатының ашықтығы және нәтижелілігі.
20) Ата-аналар мен колледж арасында тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында конференция, диалогтік алаңдардың өткізілуі.
21) Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, әдістемелік көмек көрсетіліп, біліктілікті арттыру курстарына қатысуы.
22) Колледж оқытушыларының оқулық, оқу-құралдарын жазуы.
23) Педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметінің белсенділігінің (мақалалар мен басылымдар санының) және біліктілікті арттыру курстарына қатысу санының артуы.

## Әлсіз жақтары:

1)Білім бейіні бойынша педагогикалық мамандар даярлайтын колледждің **«Жас маман»** мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасына енбеуі.
2)Сапалы кадр даярлау принципі мемлекеттік тапсырысты анықтауда тиісті мекемелер тарапынан есепке алынбауы.
3) Кәсіби білімде оқытушыларды оқулық, оқу құралдарын,
оқу-әдістемелік кешенді жазуға байланысты ғылыми жұмыстардың сапалы деңгейде жолға қойылмауы.
4)Мамандарға сұраныс қажеттілігі мониторингісінің перспективалық жоспарының болмауы.
5) ТжКББ жүйесінде магистр академиялық дәрежесіне жалақы төлеу жүйесінің «**Педагог мәртебесі**» заңына енбеуі.
6)ТжКББ жүйесіне магистратура, PhD докторантурасы бойынша мемлекеттік гранттардың бөлінбеуі, әрі осы жүйеде оқу механизмінің колледждер үшін қолайсыздығы.
)Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кемшіліктердің сапаға әсер етуі.
8) Студенттердің толықтай жатақханамен қамтамасыз етілмеуі.

9)Білім беруге және колледждің өз ішкі мақсаттарына мүлдем қажетсіз іс-шараларға қатысуға жиі міндеттелуі.
10)Оқуға жаңа қабылданған білім алушылардың білім сапасы мен рухани интеллектуалдық, мәдени - эстетикалық деңгейлерінің төмендігі.
11)Балалар үйінен келген балалардың қоғамдық еңбекке бейімделмеуі.
12)Кәсіптік бағдар беру жұмыстарындағы әлеуметтік серіктестіктердің жеткіліксіз қызығушылық танытуы.

## Мүмкіндіктері:

1) Мемлекет тарапынан ТжКББ жүйесіне оң көзбен қарап, жаңа бағытта дамуына жағдай жасалуы.
2)Ақмола облысы әкімдігінің, білім басқармасының тарапынан колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға зор көңіл бөлуі. 3)Студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсарту мақсатында колледжде 300 орындық жатақхана салынуы.
4) Ғылымды дамытудағы бөлінетін қаржының көтерілуі (мемлекетте ЖІӨ-нің 1% қарастырылған) .
5)Педагог мәртебесін көтеруге байланысты атқарылатын жоба-жоспарлардың прагматикалывқ перспективасы.
6)Барлық мамандықтардың орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауға көшуі.
7) Педагогтердің өздігінен білімін жетілдіру бағытында белсенділік танытып, ғылыми және педагогикалық қызметі бойынша кешенді эксперименттің жүзеге асырылуы.

## Қауіптері:

1) Мұғалім мамандығына оқуға түсетін жастардың білім сауаттылығының төмендігі.
2) «Музыка мұғалімі», «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» мамандығының қоғамдағы әлеуетінің төмендеуіне байланысты оқуға түсушілер санының азаюы.
3) Түлектердің мемлекеттік әлеуметтік пакетінің болмауы себепті аудандардағы, ауылдық-селолық жерлердегі білім мекемелеріне жұмыс істеуге бару ынтасының төмендігі.
4) Оқытушылар тарапынан медиабілім және АКТ-ның барлық мүмкіндіктерін пайдаланбауы.

Колледж әкімшілігі сапа саласының саясаты мен мақсаттарына сәйкес 2022-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасында өз міндеттерін іс-әрекет нәтижелілігінің ұдайы жақсаруы жағдайында көреді және ұжымды алға қойылған перспективаларға жетелейді.

Өзіндік аттестаттау комиссиясы Ақмола облысы білім басқармасы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

МКҚК жұмысын жан-жақты сараптамадан өткізіп, 2022-2027 жылдарға арналған **перспективалықииндикаторлар** ұсынады:

1. Қорытынды аттестаттауды WorldSkills стандарттарына сай демоемтихан түрінде өткізу;
2. Оқу процесіне «Білім сапасын қадағалаудан оны қамтамасыз ету» қағидасына көшу тұжырымдамасын жасау;
3. Қолданбалы бакалавриат бойынша VUCA принципіне сай жұмсақ және кәсіби дағдыларға (Soft Skills, Hard Skills) негізделген оқу бағдар-ламаларын жасауға араласу;
4. Педагогтар бір-бірімен тәжірибе алмасу мақсатында Action Reserch және Lessen Study арқылы оқытудың дербес практикасын оқу процесіне енгізу;
5. Кәсіптік білім беруде «Табысты түлек» моделін жасап, түлектердің жұмысқа орналасуы және қамтылуы 93% -ға жеткізу;
6. Worldskills құзіреттіліктері бойынша аймақтық, республикалық чемпионаттарында үздіктер қатарында болу;
7. «Талапкер - студент - табысты түлек» принципі негізінде кәсіптік бағдар жұмысының платформасын жүзеге асыру;
8. Педагогикалық практика жұмысының сапалы өту мақсатында әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп, жаңа форматта ұйымдастыру;
9. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру ұйымдарында пилоттық жобасының 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасын жалғастыру;
10. Колледждің оқытушылар құрамының ғылыми потенциалын арттыру еджднің оқытушылар құрамының ғылыми потенциалын арттыру;
11. «Талап» (Кәсіпқор) КЕАҚ-ның, Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы, «Оқулық» орталығының оқулықтар, оқу құралдарын жазу, эксперименттер өткізу жұмыстарына қатынасу «Талап» (Кәсіпқор) КЕАҚ-ның, Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы, «Оқулық» орталығының оқулықтар, оқу құралдарын жазу, эксперименттер өткізу жұмыстарына қатынасу;
12. Педагог кадрларды аттестаттаудың жаңа ережесіне сай оқытушылардың біліктілік деңгейін көтеруді іске асыру;
13. Халықаралық байланысты одан әрі жетілдіру. Алыс және жақын шетелдің білім мекемелерімен байланысты ұлғайту. Финляндия, Түркия, Жапония, Қытай мемлекеттерінің білім мекемелерімен меморандум жасау;
14. Колледжде «Интеллектуал студент» тұжырымдамасын жасау және оны іске асыру;
15. «Ашық жүрек» жобасына сай волонтерлік клуб ашу тұжырымдамасын бекіту;

16. Ата-аналармен байланысты нығайтуда «Колледждің бір күндік өмірі» атты жобаны іске асыру;
17. «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» клубтарын ашу;
18. Адамгершілік мұраты биік патриот, намысты, қайсар, жігерлі азамат тәрбиелеу мақсатында жалпыколледждік «Тұлғатану» жаңа тұжырымдамасын жасап, оны жүзеге асыру;
19. Тәрбие блогы жоспарына кибермәдениет және кибергигиена бағытындағы жұмысты енгізу.

Комиссия құрамы МҚҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының 4-параграфына, бағалау өлшемшарттарына 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19-қосымшаларына сәйкес өзін-өзін бағалау жұмысын жүргізді.

Тест тапсырмалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізу мақсатында 2022 жылдың 30 қаңтарындағы №1024 шығыс хатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті Ақмола облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдаухат, бітіруші топтардың тізімі, тест тапсыру графигі жолданды (*шығыс хаттары қоса беріледі*).

*Қосымша 89. Қолдаухат, тест тапсыру кестесі, бітіруші топтар тізімі көрсетілген шығыс хаты*

Қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштерді бағалаудың нәтижесі комисссиямен Бағалау өлшемшарттардың 5-қосымшасына сәйкес бағалау парағы түрінде ресімделді (*бағалау парағы қоса беріледі*).

*5-қосымша. Бағалау парағы*

Оқу орнының өзін-өзі бағалау қорытындысы комиссия отырысында тақыланып, дауыс беру нәтижелері комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалды.

*Қосымша 90. Комиссия отырысының хаттамасы*

Өзін-өзі бағалау қорытындысы кезектен тыс №5 педагогикалық кеңесте қарастырылды және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

*Қосымша 91. П*едагогикалық кеңес хаттамасы

Аттестаттау комиссиясының материалдарын негізге ала отырып, төмендегі **қорытынды** жасалды:

«Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МҚҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3

тамыздағы № 634 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес коледждің кәсіби білім беру жүйесін «uzdik» деп бағалап, колледждің өзін-өзі бағалау қорытындысы «Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-не ұсынылды.

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы, Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК директоры | Н.Ахат |
| Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары | Ә.Рақымжан |
| Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары | Д.Ілияс |
| Директордың практика жұмысы бойынша орынбасары | Қ.Мұқышева |
| Директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары | Б. Батанасова |
| Директордың республикалық оқу-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары | А. Смаилова |
| Директордың шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары | Н.Усин |
| Бас есепші | Д.Әшірбекова |
| Кадр инспекторы, кәсіподақ комитетінің төрайымы | С.Салыкова |
| Оқу бөлімінің меңгерушісі | А.Әйтен |
| Мемлекеттік сатып алу менеджері | А.Саду |
| Заңгер | К.Жанахметов |
| Офис-тіркеуші | Л.Искакова |
| Техник-програмист | К.Шәкіржанов |
| Кітапхана меңгерушісі | З.Рахимова |